


Р 2009
1834 к

Жанам
Елшібек

зепек



Г 2009 / 1834 к

Жанат
Елшібеков


зерек

ТАНЫМДЫҚ
ОЙЫНДАР
ӘЛЕМІНДЕ

Алматы
«Энер»
1991

993,7

ББК 92 я2
Е 41



Елшібеков Жанат.

Е 41 Зерек. Танымдық ойындар әлемінде — Алматы:
Өнер, 1991.— 512 бет.

Есімі республика оқырмандарына жақсы таныс Жанат Елшібеков бірнеше кітаптың авторы. Көп жылғы еңбегінің жемісі саналатын «Зерек» атты бұл кітабына танымдық туындылардың түр-түрі топтастырылған. Кроссвордтан бастап шытырман ой-жұмбактардың, психологиялық, логикалық есептер мен жаттығулардың құпия сырларына үкіліп, олардың шығу тарихымен, өзіндік ерекшеліктерімен танысу, өркайсысина тән жасалу жолдарын үйрену көз келген жанның ой-өрсіл кеңейтумен бірге қабілеттің шындал, білім аясының артуына кемектеседі. Осынау танымдық ойындар бос уақытын көңілді де мазмұнды өткізууді мақсат еткен үлкен-кішінің жан серігіне айналады деп ойлаймыз.

Е — 500200000—49
409(05)—91 Без объяв.

ББК 92 я2

ISBN 5—89840—121—0

© «Өнер» баспасы, 1991

СӨЗЖҰМБАҚ СЫРЫ

Сөзжұмбақ деген не? Оның қандай түрлері бар? Жалпы сөзжұмбақтар қалай жасалады? Осынау сауалдар сөзжұмбақ сырына терең үнілгісі келген әркімнің-ақ назарын аударапы анық.

Қазіргі ғарыш ғасырының жетістіктері мен жемістері өте мол. Ал оның болашағы тіптен ұшан-теніз. Электрониканың өрісі аса ауқымды. Бұл күнде ЭВМ мен компьютерлер күнбекүнгі өмірімізге, тұрмыс-тіршілігімізге жедел де батыл енуде. Міне, қарышты қадам жасап отырған ғылыми-техникалық прогресс әкелген орасан жаңалықтар! Ғажабы сол — бүгінгі таңдай қақтырған соны ізденістер ертең-ақ әдеттегі жетістіктер қатарында саналмақ. Уақыт талабы, өмір заңы — бұл.

Адамдар бойындағы қабілетті шыңдаудағы танымдық ойындардың алар орны да, атқарар ролі де ерекше. «Адамның танымы неғұрлым биқтей берген сайын, дүниенің көюжиегі де соғұрлым кеңейе бермек». Орыстың белгілі революционер жазушысы А. Н. Радищевтің бұл сөзі ешқашан өз мәнін жоймақ емес. Көрнекті неміс драматургі әрі ақыны Бертольд Брехт «Ең бастысы — адамды ой сараптауға үйрету» десе, Шығыстың Аристотелі атанған ғұлама ғалым әл-Фараби көрікті ойын былайша бейнелеген ғой: «Білімді болу деген сез — белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген сез. Ал белгісіз нәрсені аша білу деген сез — ол теориялық енердің барлығына-тән, ғұртақ, жайт». Бірін-бірі толық-

тырған жоғарыдағы орамдардың мағынасы аса кең.

Бүгінгі таңда түрлі тәнымдық туындылар, сан алуан ой-жұмбақтар жасаумен, я болмаса оларды шешумен тұрақты айналысушылар легі де көбейе түскен.

Күнделікті баспасөз беттерінде — газет-журналдарда, апталықтар мен календарьларда сөзжұмбақ жиі жарияланады. «Сөзжұмбақ» жалпы тәнымдық ойындардың ортақ атауын білдіреді. Сөзжұмбақтың түрлері де көп. Олар — кроссворд, чайнвورد, криптограмма, анаграмма, вордингвордс, ребус, пиктограмма, цифrogramма, шрифтограмма, шарада, метаграмма, лабиринт, викторина, стрелкограмма, кроснамбер, чайннамбер. Сонымен бірге тәнымдық ой-жұмбақтарға психологиялық жаттығулар мен логикалық есептер де жатады. Аталған тәнымдық жұмбақ-ойындардың екі не үшеуінің бірігіп келетін түрлері де кездеседі.

Сөзжұмбақтардың қай-қайсысының болсын өзіндік жасалу жолдары мен тәсілдері, бір-біріне ұқсай бермейтін ережелері мен шарттары, құрастыру кезінде естен шығармас талаптары бар. Сондықтан да сөзжұмбақтың кез келген түрі әншайін құрастырылып, тек ойын ретінде немесе уақыт өткізу үшін ғана жасалмайды. Сөзжұмбақ — үздіксіз ізденуді, көп ойлануды, жан-жақты білімділікті қажет етеді. Әсіресе, мектеп оқушылары мен жастардың ой-өрісін кеңейтуге, білім аясының мейлінше артуына үлкен ықпал жасайтыны аян. Сан-салалы ғылымдардың алуан сырлары мен қырларынан хабардар болуға, жаратылыстағы құпия құбылыстарға сергек үңіле білуғе, әлемдегі түрлі жаңалықтар мен күнбе-күнгі тіршілікте зер сала бермейтін қарапайым жайларды тереңірек ұғуға септігін тигізетін де — осы сөзжұмбақ.

Бос уақытын қызықты да мазмұнды өткізуді ойлайтындардың арасынан әр жастағыларды кездестіреміз. Кіші де, үлкен де сөзжұмбақ құрастырып, я болмаса сол шытырман жұмбақтарды толық шешкенше тағатсызданады.

Енді бір мезет сөзжұмбақтың түрлері туралы, олардың шығу тарихына, жасалу жолдары мен сырларына үніліп көрелік. Сөзжұмбақтың ең күрделі түрі — кроссворд.

Кроссворд — тоқылған сөздерден құралған жұмбақ. Ол халықаралық термин, ағылшынша cross — қызылышқан және word — сөз деген ұғымдарды білдіреді. Демек, кроссворд өзара қызылышқан тор көздерді белгілі бір сөздермен толтыру арқылы құрастырылатын жұмбақ-ойын. Кроссвордты көп ретте сөзжұмбақ деп те атап жүр. Бұл, әрине, қате емес. Сөйтсе де, жоғарыда аталған сөзжұмбақтарды бір-бірімен шатастырмас үшін кроссворд деген нақты өз атауымен таныстырғанды жөн санадық.

Кроссворд негізінен тақырыпты және тақырыпсыз болып екіге бөлінеді. Мысалы, жұмбаққа алынып отырған балама сөздер тек бір ғана тақырыптың төңірегінде болуы мүмкін. («Қазақ әндері», «Суретші», «География», «Зоология», «Домбыра», «Әдебиет», т. б.), сондай-ақ әр саланы қамтитын сөздерден (аралас, тақырыпсыз) құрастырылады. Кейбір тақырыптық кроссвордтар әйгілі адамдардың (ғалымдардың, жазушылардың, өнер жүлдіздарының, т. б.) тікелей творчествосы мен өміріне арналып жасалынады. Кроссвордтың да түр-түрі көп. Ол негізінен жасалу тәсіліне қарай ерекшеленеді (фрагментті және пиктограммалық сөзжұмбақтар/. Мұндағы ең басты талап — ойынға алынған балама сөздер, түрлі фрагменттер, фотолар, суреттер, штрихтар, формуалалар, схемалар, үзік текстер, сан алуан символдар мен таңбалар арқылы бейнеленеді. Берілген сұрақтардың жауаптарын осы бейнелердің көмегімен шешу керек. Фрагментті кроссвордтарды орталық «Наука и жизнь», «Журналист» журналдары тұрақты жариялауды дәстүрге айналдырған. Сонымен қатар кроссворд басқа жұмбақтармен араласып (мысалы, Кросс-чайнвورد немесе Сөзтізбекті-сөзжұмбақ, Кроссвордты-анаграмма, Крос-

свордты-криптограмма, Пиктограмма-кроссворд, Ребусты-кроссворд, т. б.) жасалынатыны да бар.

Кроссвордтың суреті симметриялы — төрт қабырғасы немесе екі қабырғасы тең біркелкі көрнекті етіп сыйылуы керек. Жасалған сол суретті таза ақ қағазға қара тушьпен түсіргендеге барып, ол әдемі өрі тартымды көрінеді. Ал жалпы сөзжұмбақтарды құрастырмасстан бұрын дыбыстар санына қарай (үш дыбысты, төрт дыбысты, бес дыбысты...) бірнеше сөздер тобын алдын ала жасап қою өте тиімдірек болады. Тура осындай мақсатпен түрлі тақырыптар бойынша да жеке-жеке сөздік жасаған жөн. Ол үшін мүмкіндігіне орай күнделікті газет-журналдардан бастап, ғылыми кітаптарды, тақырыптық календарьларды, энциклопедияларды, географиялық атластарды, сан саланы қамтитын әдебиеттерді т. б. пайдаланған дұрыс. Мұның өзі танымдық туындыларға алынатын атаулардың, терминдер мен баламалардың қатесіз нақты да дәл болуына септігін тигізеді. Әйтпесе, қайсыбіреулер сөзжұмбақты құрастырудың жөні осы екен деп тор көздерді мән-мағынасы жоқ сөздермен, сондай-ақ дыбыс саны қилюласқан қажетсіз ауызекі айтылатын тіркестермен толтыра салады. Бұл дұрыс емес.


Кроссвордқа алынатын сөздер атау септігінде тұруы шарт. Қос сөздерді, қысқартылған сөздерді, дефис арқылы жазылатын кісі аттары мен жер-су атауларын пайдаланбаған жөн. Кейбір жағдайларда ғана дефис арқылы жазылатын атақты адамдардың есімдерін алуға болады. Әрине, мұндай сәттер өте сирек ұшырасады.

Кроссвордтың сөздері тігінен және көлденеңінен сыйылған тор көздердің бойымен оқылады. Сөз басталар тор көз цифрен белгіленеді. Осы цифrlардың өзін кроссвордқа алынған атаулардың санына байланысты жүйелі түрде таңбалау керек. Ал тор көздер бірін-бірі кемінде бір рет, әйтпесе екі, үш, төрт, тіпті беске дейін қыып өтуі тиіс. Ерекше құрастырылған кроссвордтың кейбір сөздері алынған атаулардың дыбыстарымен

түйісуіне байланысты әлденеше мәрте қиынласуы мүмкін. Мәселен, осы бөлімдегі «Жұмыр жер» деп аталатын алғып кроссвордтағы көлдененеңін оқылатын № 195 РЕП-РОДУКТОР сөзі тоғыз мәрте қылышқан. Тор көздердің осылайша өзара қыып өтуіне байланысты оны шешу де неғұрлым күрделене түспек.

Жұмбақ пен есептің қыны қашанда көп ойлауды, тынымсыз ізденуді, сонымен бірге аса тиянақтылықты, ұқыптылық пен жауапкершілікті талап етеді. Даны халқымыз «Бастаған істі тастама» деген ғой. Қарапайымғана естілер осы бір сөздің астарында қаншалықты мән бар десенізші. Сондықтан да бұл қағиданы танымдық ойындардың түр-түрін жасап, оларды шешумен айналысушы әркім естерінде сақтаған жөн. Өз бетінше іздену, қабілет шындау жас таңдамайды. Сөзжұмбақтың кез келгенімен шұғылдану білімінді байытқип қана қоймайды, қалжырап шаршағаныңда бойыңды сергітіп, ойыңды серпілтеді.

Мына бір жайларды да естен шығармау қажет. Кроссвордты жасаған кезде, оған алынған әр сөздің арасын қара клеткамен бөліп отыруды ұмытпау керек. Бұлай етпесе сөздер бір-бірімен қосылып, араласып ке-



теді де оларды ажырату қынға түседі. Екі сөздің өзара қылышқан, түйіскен тұстарындағы әріп (дыбыс) тігінен де, көлденеңінен де оқылатын сөздерге ортақ саналады. Қайталап ескертеміз, дыбыстардың жалпы саны дәл келеді еken деп кез келген сөздермен тор көздерді толтыруға болмайды. Сондықтан да 7-беттегі суретке назар аударыңыз.

Соңғы кездегі игі ізденістер кроссвордтардың әдеттегіден өзгеше түрлерін де дүниеге әкелді. Бұларда симметриялық жүйе сақталмайды. Ғажабы сол, арнайы алынған атаулардың (терминдердің) өне бойындағы барлық дыбыстар (әріптер) бір-бірімен қылышып небір сөздердің шоғырын құрайды. Тізбек-тізбек, шоғыршоғыр сөздердің жиынтығын орайына қарай қара клетка (сондай-ақ, жұлдызша-таңбалар) арқылы бөлінеді. Ал оқшауланған сөздер тобын шатастырып алмау үшін көлденеңінен, тігінен таңбаланған цифрдың және алфавиттік әріптің көмегімен оқуға тұра келеді. (Мысалы: А—1, А—2, А—3... немесе Б—1, Б—6, Б—12...)

Кроссвордтың осынау қызықты да аса күрделі түрін кейінгі жылдары орталық басылымдар өте жиі басып жүр. Оның ішінде «Собеседник» апталығын айрықша атаған орынды. Жастардың ой-өрісін кеңейтуді нысаналы мақсат етіп қойған бұл апталықта арнайы ұйымдастырылған танымдық ойындар бөлімі жұмыс істейді. Алғырлар мен ойшылдарға арналған клуб бетінде кроссвордтың тек осы түрі тұрақты жарияланады. Игі бағыттағы ізденісті республикалық «Ленинская смена» газетінен байқауға болады. Газет өз оқырмандарын кроссвордтың соны түрлерімен үзбей таныстыруда. Қазақ басылымдарында бұл түрі әлі жарық көрген емес. Соны ескеріп әрі оқырманымызды таныстыру ниетімен осы кітаптың «Кроссвордтар» бөліміне танымдық ойындардың жаңа түрін кіргізіп отырмыз (№ 4, № 16, № 27 кроссвордтар). Енді бір мезет осы кроссвордтың жасалу деталіне назар бөліңіз.

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

A	X	O	R		T	E	R	E	K
B	A	R	A	L	S	U	R	E	T
V	T	A	B	A	K		R	E	B
G		L	A	Ш	Y	N		N	E
D	B		T	Y	R	A	N	K	I
E	Ө	T		K	A	U	Y	N	C
J	G	У	K		N	A	S	O	S
Z	E	R	I	N		T	A	F	A
I	T	A	T	A	N		N	A	M
K		H	A	U	A	I		Й	O

Әрине, әр жаңалықтың, әр оқиғаның өз тарихы болады емес пе?! Осы орайда кроссвордтың ең алғаш қай елде, қашан пайда болғаны жайында да деректер барын еске сала кетелік. Соның бірі төменде баяндалар әңгіме.

... Устіміздегі ғасырдың бас кезінде Капстадта (қазір Кейптаун деп аталатын бұл қала Оңтүстік Африка Республикасының Атлант мұхитымен шектесер жағасында орналасқан) шығып тұратын үлкен газеттің редакторы бейтаныс біреуден хат алады. Хат иесі өзінің қызықты бір ойын ойлап тапқанын хабарлап жазған екен. Конверттің ішіндегі жалғыз парақ қағаздың бетіне көптеген шаршылар сыйылып, цифрлармен толтырылған. Қағаздың екінші бетінде жұмбақ-саулдар талданып көрсетілген де, олардың жауаптары белек жазылыпты. Ре-

дактор жаңа жұмбақ ойынмен жан-жақты танысып, оның авторына риза болған күйі хатты қалтасына сала салады.

Бір күні көпшілік достарының арасында отырған редактор оларға әлгі хатты көрсетеді. Сол сэтте жиналғандар жабылып сөзжұмбақты шешуге кіріседі. Қызыққа түскен олар жұмбақты бірер сағатта зорға шешеді. Осы жерде редактордың достары бұл сөзжұмбақты газетке жариялауға кеңес береді. Сөйтіп, әлемдегі тұңғыш сөзжұмбақ келесі күні жарық көреді. Редакция алдағы уақытта осындай жұмбақ ойындарды үзбей жарияладап тұратынын ескертеді. Мінеки, бұл күнде екінің бірі айналысатын кроссворд тарихы ҳақында шертілер әңгіме үзігі осындай...

Сондай-ақ танымдық ойындардың түр-түрін жасаумен айналысып, күнделікті өмірлеріне байланыстырған әйгілі адамдардың есімдері де тарихтан белгілі. Ертедегі грек ойшылдары Геродот, Плутарх, Ликофон, атақты итальян суретшісі және ғалымы Леонардо да Винчи, француз ғалымдары Э. Табуро, Р. Декарт, көрнекті американ өнертапқышы С. Морзе, белгілі орыс архитекторлары А. Монферан, В. Растрелли, әйгілі орыс жазушысы Л. Толстой, композитор С. Прокофьев қолы қалт еткенде жұмбақ есептерді шешумен шұғылданған. Атақ-даңқы жер жарған қолбасшылар мен корольдердің өздері бос мезгілдерін көбіне ой еңбегіне арнаған ғой. Ал М. Горький мен Н. К. Крупская танымдық ойындарға ерекше мән беріп қана қоймай, олардың адам баласына тигізгер пайдасын жан-жақты саралап жазды.

Жоғарыдағы деректерден пайымдайтынымыз — танымдық ойындардың ежелден-ақ белгілі болғандығы. Қарапайым ойыннан, тасқа қашап түсірілген таңбадан басталған жұмбақтардың қайсысы болсын, адамдарды ең алдымен ой сараптауға үйреткені айдан анық. Бұғын ол тікелей техникаға, электроникаға ұласып отыр. Бұл пікірімізді қазіргі таңда есімін дүние жүзі білетін

вінгер профессоры Рубик жасаған сан алуан кубок-ойндар айғақтай түседі.

Сонымен кроссвордты құрастыруышы оның суретін ең алдымен сызып ала ма, жоқ әлде терілген сөздер бойынша жасай ма өз еркі. Бірінші мынаны орындаудың қажет дейтін ерекше талап қойылмайды. Жалпы алғанда, кроссвордтың тақырыбына суреті сай болуы тиіс. Кейбір сөзжұмбақтың суретіне көз жүгірткен бойда оның қай тақырыпқа арналғанын білу қыын емес.

Ең басты шарт — алынған сөздер мағыналы, нақты, мейлінше түсінікті, ықшам болуы керек. Берілген осы сөздердің балама-саулдарының да өте жинақы, оралымды жазылғаны жөн. Сөзжұмбаққа алынатын сөздердің жалпы санына шек қойылмайды. Бірақ, сөздер санының жиырмадан кем болмауын қадағалаған дұрыс. Қазіргі кезде баспасөз беттерінде жарияланып жүрген кроссвордтар негізінен 30, 40, 50 сөзді қамтиды. Ішінара одан да көп сөздерден құрастырылған кроссвордтар ұшырасады. Қай-қайсысы да ойынды жасаушының мүмкіндігіне байланысты. Сондай-ақ ең үлкен, тіпті алып кроссвордтардың дүниеге келгені де баршаға мәлім.

Бельгиялық Генри Блейз — әлемде ең үлкен кроссворд жасаған тұңғыш автор. Оның 1978 жылы құрастырылған кроссворды 25 мың тор көзден тұрады. Бұл тор көздерді толтыру үшін 7748 сұрақтың жауабын табу керек. Осынау қызықты ойынды құрастыруға Блейз өзінің сегіз жылын арнапты. Бағасы 980 франк тұратын Генри Блейздің туындысы тез-ақ өтіп кетті. Осы сөзжұмбақты бірінші болып шешкен адамға кезінде арнаулы жүлде тағайындалған. Автордың ойынша, берілген барлық сұрақтарды дұрыс тауып, қатесіз шешіп шығуға екі жылға жуық уақыт кетеді екен. Ал мұндай танымдық ойындармен тұрақты айналысып жүрген хас шеберлердің өздері табан аудармaston кемінде үш ай отыруы керек...

Өз отандасының рекордын екі рет жаңартқан Роже Бокар 25. 000 сөзден тұратын алғашқы кроссвордың

ені 1,5 метр, ұзындығы 12,5 метр қағазға жасаған. Сөйтсе де сүйікті ісіне жан-тәнімен берілген Роже Бокар алпыс бес жасында, 1988 жылы дүние жүзіндегі ең алпыс кроссвордың құрастырып бітірді. Бұл жолы оның шытырман жұмбағының суреті салынған қағаздың көлемі таңғаларлықтай еді. Өйткені ені — 53 сантиметр, ал ұзындығы 31 метр. Оnda 50.400 сез «жасырылған». Үлкен білімділікпен қоса, айрықша шыдамдылықты қалайтынын жақсы білетін Роже Бокар екінші кроссвордың құрастыруға тура төрт жылдың жіберіпті. Ғылымның сан-саласын қамтитын он мыңдаған сөздермен бірге, 12 мың киноактердің, 2 мың спортшының фамилиясын табуға болады. Алып кроссвордтың балама-сұрақтары жазылған арнаулы қосымшаның өзі 2734 беттен тұрады. Бәрінен де қызығы, Роженің осы бір «энциклопедиялық жұмбағын» толық шешіп шығуға қанша уақыт кетеді еken?!

Ал біздің елімізде бірінші кроссворд 1929 жылды 12 майда «Огонек» журналында жарық көрді. Содан бері аталмыш журнал өз бетінен осынау ой ұштар жұмбаққа үзбей орын беріп келеді.

Орайлы тұста кроссворд туралы ең соңғы жаңа деректердің кейбірін айта кеткенді жөн көрдік. Тұңғыш сөзжұмбақ Нью-Йоркте шыққан «Св. Николас» журналының 1875 жылғы қыркүйектегі нөмірінде жарияланған. Ал Англияда К. У. Шефферд құрастырған ең алғашқы сөзжұмбақ «Санди Экспресс» газетінде 1924 жылдың 2 қарашасында шықты. Әлемдегі ең үлкен сөзжұмбақтардың бірін Канададағы Квебек қаласының тұрғыны Роберт Тюрко 1982 жылды жасаған. Оның кроссворды 82951 тор көзден тұрады. Оnda көлдененінен 12489 сез, тігінен 13125 сез қамтылған. Ал, өзінің сексен жылдық тарихында «Правда» газеті 1990 жылдың 14 қазан күнгі санында тұңғыш рет кроссворд жариялады.

Қазақстанда шығатын газет-журналдар да танымдық

Ойындарға айрықша мән беріп отырады. Әр басылым өз ерекшеліктеріне, оқырмандарының талғам-талаптарына байланысты тақырыптық клубтар, арнаулы беттер мен бұрыштар ашқан. Бұл орайда, «Зерде» журналының «Атом», «Зерек», «Оқып туған» секілді білмекке құштарлар клубтары, «Пионер» журналының «Айгөлек» ой-жұмбақтар бөлімі, «Қазақстан пионері» газетінің ТОМ (тәнімдүк ойындар мектебі) беттерімен қоса, «Ленинская смена» газетінің ондаған жылдар бойы үзбей шығып келе жатқан «Бос уақытта» дейтін алғырлар бұрышын ерекше атаған дұрыс. Өзге де газеттер мен журналдардан сөзжұмбақтарды жиі көреміз. Сонымен қатар республика баспаларынан да тәнімдүк түйніларға арналған кітаптар жарық көреді. Енді сөзжұмбаққа тікелей қатысты қажетті де қызықты деректерге қысқаша тоқталалық.

«Жұмыр жер» (№ 9) — қазақ тілінде құрастырылған ең үлкен тұңғыш кроссворд саналады. Жалпы біздің еліміздің газет-журналдарында басылып жүрген кроссвордтардың ұзын саны жүз сөзден аспайды. Ал мына «калыпқа» берілген 335 балама-саулардың жауабын дұрыс табу үшін 1400-ге жуық тор көзді толтыру керек. Мұнда физика, химия, техника, математика, геометрия, археология, тарих, медицина, әдебиет, космос, музыка, география, зоология, биология, лингвистика, этнография, спорт тақырыбына арналған терминдер мен атаулар тоғысқан. Кроссвордты құрастыруға екі айдай уақыттың кеткенін айтсақ артық болmas...


Бұгінде сөзжұмбақ жасаудың шұғылданушылар көптеп саналады. Алайда, олар құрастырған тәнімдүк ойындар (кез келген түрі) көбіне дұрыс болып шықпайды. Қателері мен кемшіліктері көзге бірден шалынады. Шытырман жұмбақ-ойынмен өуестенушілер сөзжұмбақ сиралын жете түсінбейді. Қалай болса солай сүреңсіз сыйылған суреттерді талғамсыз да орынсыз сөздермен толтыра салу анық байқалып жүр. Қайсыбіреулері сөзжұм-

бақтың баламасын өте түсінікті, нақты жеткізе алмайды. Сұрақтардың қалайда дәл болғанына мән берген жөн. Долбармен, дерексіз сауалдарды шұбалаңқы күйінде тізудің қажеті шамалы. Міне, мұның бәрі сөзжұмбаққа, оның ішінде кроссвордқа қойылар талапты білмегендіктен, ойын түрлерін бір-бірінен еркін ажыратады да алмағандықтан болса керек. Сондықтан да сөзжұмбақ үйренушілерге көмек ретінде танымдық жұмбақ-оындардың барлық түрінің жасалу жолдарын, әрқайсысына тән құпиялары мен өзіндік ерекшеліктерін жеке-жеке белімдер бойынша әңгімелегенді жөн көрдік.

Ойы алғыр, қиялы ұшқыр үлкен-кіші баршаңызды танымдық ойындар әлеміне саяхатқа шақырып, «Зеректі» параптауды ұсынамыз.

Енді мына кроссвордтармен танысып, оларды шешіп көріңіздер.

БІРІНШІ БӨЛІМ
КРОССВОРДТАР



Қалай дегенмен де күмәнсіз нәрсе: бізге
ең алдымен оқи білу, жаза білу және оқы-
ғанымызды түсіне білу қажет.

В. И. Ленин

* * *

Цивилизацияның басты міндеті — адам-
ды ойлай білуге үйрету.

Эдисон

* * *

Ештеңе оқымаған адам ештеңе ойланбай-
ды да.

Д. Дидро

* * *

Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой —
Бес асыл іс көнсеніз.

Абай

* * *

Көп білген кісі кеменгер емес, білгені елге
пайда келтірген кісі кеменгер.

Эсхил

* * *

Жұмыс — менің өмірлік қажетім. Жұмыс
істемеген кезде мен өзімнен тіршілік ныша-
нын сезінбеймін.


Жюль Верн

* * *

Халық пен халықты, адам мен адамды те-
ңестіретін нәрсе — білім.

М. Эуезов

1. КРОССВОРД



Тігінен: 1. Уфа қаласында 1916 жылды шығып тұрған қазақ жастарының қолжазба журналы. 2. Ай аты. 3. Өсімдіктер өлемі. 5. Музыкалық дауыс. 6. Гүл. 7. Үш немесе одан да көп дыбыстардың бір мезгілде үндесуі. 8. Көгілдір отын. 13. Әскери атақ. 14. Ежелгі грек дәрігері. 15. Шахмат термині. 16. Сатирадың журнал. 19. Ағаш. 21. Қазақ совет ақыны, әнші-композитор. 22. СССР-дегі өзен. 24. Әдебиет жанры. 25. Аяматы облысындағы атақты жайлау. 29. Саха халқының эпостық жыры. 30. Тропикті өсімдік. 31. Витебск облысындағы темір жол станциясы. 32. Әйгілі ағылшын жазушысы. 34. Фольклорлық-этнографиялық ансамбль. 36. Қатынас құралы. 37. Химиялық элемент.


Көлденеңінен: 4. Е. Брусиловскийдің операсы. 7. Африкадағы мемлекет. 9. Ирандағы өзен. 10. Азиядағы республика. 11. Бірінші топта ойнайтын футбол командасы. 12. Грекиядағы өзен. 17. Кенші құралы. 18. АҚШ-тағы штат. 20. Алма сорты. 23. Мамандық. 26. Жыл құсы. 27. Тұн құсы. 28. Заң қызметкері. 33. Маймыл. 35. Автономиялық республика. 37. Планета. 38. ФРГ-дағы қала. 39. В. Шекспирдің трагедиясы. 40. Семей облысындағы аудан.

2. КРОССВОРД «ДОМБЫРА»

Тігінен: 1. Халық күйі. 3. Құрманғазының күйі. 4. Түркештің күйі. 5. Азербайжан халқының ішекті музыкалық аспабы. 7. Ахмет Жұбановтың күйі. 9. Дәuletкерейдің күйі. 11. С. Бақбергеновтің романы. 15. Динаның күйі. 17. Халық, көпшілік.


Көлденеңінен: 2. М. Хамзиннің күйі. 6. Құрманғазының күйі. 8. Қазақтың атақты домбырашысы, күйші, композиторы. 9. Қазақ халқының көне ұлт аспаптарының бірі. 10. Музыкалық дыбыс. 12. Илияс Жансүгіровтің поэмасы. 13. Дәuletкерейдің күйі. 14. Ұқыластың күйі. 16. Халық күйі.

Көлбеуінен: а) Әйгілі қазақ күйшісі. ә) Жантөренің күйі. б) Сейтектің күйі. в) Тәттімбеттің күйі. г) Халық күйі.



3. КРОСС-ЧАЙНВОРД

Тігінен: 1. Қазақ эпосы. 3. «Түріксіб» бойындағы темір жол станциясы. 4. Жылқы жасы. 6. «Сұлу» сөзінің синонимі. 7. Мінез, қылтық. 11. Жамбыл облысының территориясындағы өзен. 12. Ертедегі ұзындық өлшемі. 15. Қан тамыры. 16. Ұлттық музикалық аспап. 19. Қазба-байлық. 20. Түйе. 21. Төтті тағам. 22. Ағаш. 27. Жеміс-жидек. 28. Құс. 31. Аңызақ дала. 32. Қазактың тұрмыс-салт ертегілерінің кейіпкері. 33. Қияқ тұқымдасына жататын өсімдік. 37. Су жолдарына арналған тасымал түрі. 38. Географиялық атау.




Көлденеңінен: 2. Қазақша жыл аты. 5. Қазақстандағы тау. 8. Литвадағы езен. 9. Халық поэзиясының байырғы жанры. 10. Ай аты. 13. Қазақтың суырыпсалма ақыны. 14. Дуадақ отрядына жататын құс. 17. Еңбек құралы. 18. Төрт маусым. 23. «Қыз Жібек» жырының кейіпкері. 24. «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырынан кейіпкер. 25. Ежелгі грек аңыз-әңгімелері. 26. Туыс, бауыр. 29. Европадағы мемлекет астанасы. 30. Сан. 34. Матаның түрі. 35. Алғашқы дәуір. 36. Көне қару. 39. Орта Азиядағы ертедегі феодалдық мемлекет. 40. Құс.

ЧАЙНВОРД

1. Қарақалпақ халқының эпостық жырындағы басты кейіпкер.
2. Қырғыз эпосы.
3. Көне қарудың түрі.
4. Ұлт.
5. «Қобыланды батыр» жырынан кейіпкер.
6. Жыр сайсы.
7. Ертегілерде айтылатын алып құс.
8. «Қозы Қөрпеш — Баян сұлу» жырынан кейіпкер.
9. Фердаусидің «Шаһнама» дастанындағы батыр.
10. Откен ғасырдағы қазақ халқының жауынгер ақыны.
11. Батырлар жырындағы тұлпар.
12. Азербайжан ақыны әрі ойшылы Низами дастанының кейіпкері.
13. Тәулік мезгілі.
14. А. С. Пушкин поэмасындағы батыр бейнесі.
15. «Қамбар батыр» жырынан кейіпкер.
16. Қазақтың белгілі халық композиторы, әнші, домбырашы.

4. КРОССВОРД

Тігінен: А—1. Эпистолярлық жанр. А—2. Қазақстандағы қала.
А—3. Марокконың астанасы. А—6. Ақыл қоймасы. А—7. ФРГ-дағы кен орны. А—8. Кісі есімі. А—9. М. Эуезов трагедиясынан кейіпкер. А—12. Тағам. А—13. «Үй» сөзінің синонимі. А—14. Азиядағы мемлекет. А—15. Би түрі. А—18. А. Барбюстың романы. Б—4. Құрке. Б—10. Африкадағы мемлекет. Б—16. Қазақстандағы баспа. В—5. Бүркіт тұқымдасына жататын құс. В—11. Днестр өзенінің саласы. Г—6. Тәттінің түрі. Г—12. Латыш ССР-індегі қала. Г—18. Днепр алабы. Д—1. Чех жазушысы М. Майерованың романы. Д—7. Кісі есімі. Д—13. Белгілі совет футболшысы, қақпашы. Е—2. Қыр Шығыстағы жота. Е—8. Ұлт. Е—14. Антропоморфты машина. Ж—3. Білім бұлағы. Ж—9. Кіші Азиядағы арал. Ж—15. «Ұқыпсыз» сөзінің синонимі. З—4. «Еңлік — Кебек» трагедиясынан кейіпкер. З—10. Белгілі рок-группа. З—16. Қөрнекті қазақ совет ақыны. И—5. Намибиядағы кен орны. И—11. Огасавара аралының бұрынғы аты. И—17. Қекөністен жасалған тағамның атауы. К—6. Кісі есімі. К—12. Түркі тектес халықтардағы поэзия жанрының түрі. К—18. Ливиядағы қала. Л—1. Үндістанның




тұңғыш ұшқыш-космонавы. Л—7. Белгілі португал актрисасы. Л—13. Шартарап. М—8. Гурьев облысындағы село. М—14. Қөне театрда актерлар пайдаланған аяқ киім. Н—3. Орыс суретшісі. Н—9. Месопотамиядағы тарихи аймақ. Н—15. Шымкент облысындағы тәмір жол станциясы. О—4. Индонезиядағы арал. О—10. Кір жуатын зат. О—16. Сырдың жабайы түрі. П—5. Ирландиядағы қала. П—17. Керік. Р—6. «Биік» сөзінің антонимі, Р—13. Римнің алғашқы патшасы. Р—18. Түрік сұл-

таны. С—1. Жоғары оқу орнындағы факультет жетекшісі. 8—7. Чечен-Ингуш аңыз-өуені. С—13. Темір жол арбасы. Т—2. Автомобиль маркасы. Т—8. Португалия корольдарының әулеті. Т—14. Көрнекті совет татар ақыны. У—3. Географиялық атау. У—9. Эстрадалық музика жанры. У—15. Терінің ең үстіңгі қабаты. Ф—4. Тур Хейердалдың теңіз экспедициясын жүргізген кемесі.

Көлденеңінен: А—1. Музыкалық шығарманы орындаушы коллектив. А—5. Талдың түрі. А—11. Баспахана қарпінің түрі. А—17. Белгілі американ жазушысы әрі әдеби сыншысы. Б—1. Қазақстандағы теңіз. Б—6. Бейнелеу өнерінің саласы. Б—12. Қостанайда Совет өкіметін орнатуға қатысушы, большевик. В—1. Ұйдыс. В—7. Таңымдық ойынның түрі. В—13. Қырғыз эпосы. Г—2. Бүркіт тұқымдасына жататын құс. Г—8. Ұлт. Г—14. Вьетнам халқының ең қадірлі есімі. Д—3. Балық. Д—9. Түркиядағы темір жол станциясы. Д—15. Жапониядағы қала. Е—1. Бауыр клеткалары түзетін физиологиялық зат. Е—4 Бақша дақылды. Е—10. Колумбиядағы өзен. Е—16. Оңтүстік Сахарадағы үстірт. Ж—1. Атақты ағылшын табиғат зерттеушісі. Ж—5. Аспанның Оңтүстік шарындағы шағын шоқжұлдыз. Ж—11. Эгей теңізіндегі арал. Ж—17. Музыкалық дыбыс. З—1. Бас мүшесі. З—6. «Тамақ» сезінің синонимі. З—12. Судандағы өзен. И—1. Қарағанды облысындағы село. И—7. Африкадағы шөл. И—13. Грекиядағы қала. К—2. Эйгілі өзбек ақыны. К—8. Шығыс Қытай теңізіндегі арал. Л—3. Металлургия және электрлік пісіру саласындағы аса ірі совет ғалымы, екі мэрте Социалистік Еңбек Ері. Л—9. Кісі есімі. Л—15. Географиялық атау. М—4. Египеттің көрнекті мемлекет қайраткері. М—10. Өзбекстандағы облыс. М—16. XVIII ғасырда өмір сүрген қазақ халық ақыны. Н—1. Рейн өзенінің саласы. Н—5. Азов теңізіндегі шығанақ. Н—11. Пермь облысындағы село. Н—17. Жалау. О—1. Орталық радионың программасы. О—12. Нұра өзенінің алабы. П—1. Москвадағы тарихи орындардың бірі. П—7. Белгілі неміс пианисткасы. П—13. Карель АССР-індегі село. Р—2. Улы жылан. Р—8. Ісмер. Р—14. Қағазсыз газет. С—3. Фин-

ляндиядағы темір жол станциясы. С—9. Белгілі орыс археологі. С—15. Советтік планетааралық автоматты станция. Т—1. Мал құлағына салатын белгі. Т—4. Жүннен тоқылған төсөніш. Т—10. Балтық теңізіне құятын өзен. Т—16. Каспий маңындағы ойыс. У—1. Ең үлкен балық. У—5. Византия императоры. Ф—1. Тау халқы. Ф—6. Белгілі грек ақыны. Ф—12. Атақты итальян киноактрисасы. Х—1. Өзбекстандағы қала. Х—7. Тұңғыш маркстік газет. Х—13. Африкадағы өзара текстес халықтар тобының тілі.

5. КРОССВОРД




Тігінен: 1. Футбол термині. 2. Шығармалар жинағы. 5. Эйгілі итальян композиторы Д. Вердидің операсы. 6. Татар әдебиетінің классигі. 7. Сан есім. 8. Ә. Тәжібаевтың пьесасы. 9. Химиялық элемент. 13. РСФСР-дегі облыс орталығы. 14. Заттарды бір қалыпты температурада ұстайтын аспап. 17. Сахалин облысындағы өзен. 18. СССР-дегі өзен. 21. Жабайы жануар. 22. Бауырымен жорғалаушы. 23. Откен ғасырда өмір сүрген ақын-жырау. 24. С. Мұқановтың «Өмір мектебі» кітабындағы аңшы. 25. Жеміс. 29. СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ақын Жұбан Молдағалиевтің поэмасы. 30. Ең үлкен балық.

Көлденеңінен: 3. Қазақтың ұлы ақыны. 4. Әскери құрама. 10. Одақтас республика астанасы. 11. Қазақстандағы кеніш. 12. Төл. 15. Совет Одағындағы тау. 16. Сүт тағамы. 19. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығына ие болған театр және кино актері. 20. F. Мұсіреповтің әңгімесі. 23. Ұйғырдың музикалық аспабы. 26. Африкадағы мемлекет. 27. Балқаш көліне құятын өзен. 28. Геометриялық фигура. 31. «Жас гвардия» романындағы кейіпкер. 32. Балтық жағалауындағы қала.

6. КРОССВОРД


Тігінен: 1. И. Жақановтың әні. 2. Химиялық элемент. 3. Башқұрт халқының музикалық аспабы. 4. Қазақстандағы облыс. 7. Того мемлекетінің астанасы. 8. Жеміс ағашы. 12. Геометриялық фигура. 13. Вокалдық музика орындаушылар колективі. 14. Өнім өзегі. 15. Сан есім. 18. Аша тұяқтылар отрядына жататын сүт қоректі жануар. 19. Карель АССР-індегі сарқырама. 20. М. Әуезовтің отызыншы жылдары жазған әңгімесі. 22. Көрнекті қазақ совет энергетигі, Қазақ ССР ғылым академиясының академигі. 25. Европадағы теңіз. 26. Алманың сорты.

Көлденеңінен: 5. Эйгілі орыс совет архитекторы, В. И. Ленин мавзолейінің авторы. 6. Тұрақты формасы бар өлең. 9. Астрономиялық атау. 10. Өнердің бір түрі. 11. Қазақстан географиясын зерттеген белгілі орыс географ-этнографы. 16. Филология ғылымының тұңғыш докторы атанған әйгілі қазақ жазу-



шысы. 17. Қазақстандағы комсомолдық екпінді құрылыш, кен орны. 21. Бокстан әлем чемпионы, қазақстандық спортшы. 23. Қазақтың лиро-эпостық жырынан кейіпкер. 24. Балапан. 27. Тікенекті есімдік. 28. Әлемдік кинокомедияның дамуына үлес қосқан әйгілі кинорежиссер, актер.

7. КРОССВОРД «ЖЕНІС»




Тігінен: 1. Ұшқыр әуе кемесі. 2. Қаһарман қала. 3. Балтық жағалауындағы облыс. 5. Әскери тарихы бар өзен. 6. Москва түбіндегі шайқаста ерлік көрсеткен генерал-майор, Совет Одағының Батыры. 7. Әйгілі совет авиаконструкторы. 8. Қарулы күш. 10. Әскери қызметші. 11. Жауынгер қазақ жазушысы. 14. Дүние жүзіндегі ең тұңғыш орбиталық станция. 15. Екі мәрте Совет Одағының Батыры қазақстандық ұшқыш-штурмовик. 17. Қаһарман қамал. 18. «Қазақ солдаты» романынан кейіпкер. 21. Әскери бөлім. 22. Ленинград майданындағы байланыс бастығы. 23. Совет Одағының Батыры, СССР космонавт-ұшқышы. 24. Әскери құрама. 25. Берлинді алуға қатысқан Совет Одағының Батыры. 26. Рейхстагқа ту тіккен ер жүрек жауынгер. 27. Солтүстік Мұзды мұхитты зерттеуші совет ұшқышы. 33. Берлинді алуға қатысқан совет ұшқышы. 35. Совет авиаконструкторы. 38. Совет Одағының Батыры туралы кітап жазған қазақ жазушысы. 39. Молдаван ССР-індегі қала. 40. Қарулы Құштердің басқару орталығы. 42. Теңіз қарулы күші.

Көлденеңінен: 4. Революция бесігі. 9. Қаһарман қала. 11. Қазақтың батыр қызы. 12. Әскери құрама. 13. Композитор С. Бәйтерековтің белгілі әні. 16. Кісі есімі. 19. Жауынгерлік ұран. 20. Әскердің ертедегі аталуы. 21. Қазақстандық панфиловшылардың ерлігі жайында кітаг жазған белгілі жазушы. 28. Стратегиялық мақсаттағы бекіністі қорған. 29. Әуе шабуылында тұңғыш рет таран жасаған ұшқыш. 30. Жауынгер ақын. 31. Мергендікті сынайтын орын. 32. Реактивті самолеттер сериясы. 34. Дәрі. 36. Женіс айы. 37. Батыс шекара дағы өзен. 41. Екі мәрте Совет Одағының Батыры, ұшқыш. 43. Авиаконструктор. 44. Краснодондағы астыртын комсомол ұйымының жетекшісі.

8. КРОССВОРД

Тігінен: Қазақтың әйгілі күйші-композиторы, домбырашы. 2. Дәнді дақыл. 3. Кавказ халқы. 4. Біржанның әні. 5. Ескек аяқтылар отрядының бір түрі. 6. Белгілі неміс ақыны, публи-




цист, сынши. 8. Етістің түрі. 14. Африкадағы өзен. 15. Қарапайым еңбек құралы. 18. Өзбектің музыка аспабы. 19. «Амангелді батыр» дастанының авторы, халық ақыны. 20. Совет цирк шебері, СССР халық артисі. 21. Азербайжан совет ақыны, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. 24. Өсімдік.

Көлденеңінен: 7. Көрнекті қазақ совет жазушысы F. Мұстафиннің романы. 9. Жер асты жолы. 10. Өдеби жанр. 11. Құрт, ірімшік, жеміс-жидек кептіруге арналған жайма. 12. Жеміс. 13. Сүгірдің күйі. 16. Құр тұқымдасына жататын құс. 17. Югославиядағы қала. 22. Адамзат қоғамы туралы ғылым. 23. Электромагниттік телеграф аппаратын ойладп тапқан американ өнертапқышы. 25. Ежелгі грек ойшылы, ғұлама математик.

9. АЛЫП КРОССВОРД «ЖҰМЫР ЖЕР»

Тігінен: 1. Қазақтың əнші композиторы, ақын. 3. Қызылорда облысындағы аудан. 4. Республиканың батысындағы өзен. 6. Сан есім. 7. Тұрақты формасы бар өлең. 8. Қырғызстандағы облыс. 9. Еңбек құралы. 11. Вокалды-инструменталды қыздар ансамблі. 13. № 1 қақпаши атанған совет спортшысы. 14. Тау-кен маманы. 16. Есімі бүкіл әлемге белгілі генуялық теңізші. 17. Корей бұғазындағы аралдар тобы. 18. Халық әні. 22. Жамбыл облысындағы аудан. 25. Тропикті өсімдік. 27. Қазақтың музыкалық әспабы. 29. Космодром. 30. Орман «дәрігері». 32. Медициналық мамандық. 36. СССР-дің ұшқыш-космонавы. 38. СССР халық артисі, қазақ совет композиторы. 41. Бұрышты өлшеттін аспап. 42. Белгілі қазақ совет ақыны. 44. Батыр пионер. 45. Су жәндігі. 49. «Жарық» сөзінің синонимі. 51. Қазақ ССР ғылым академиясының академигі, қазақ ғайелдерінің арасынан шыққан тұңғыш биология ғылымдарының докторы. 52. Организмдердің тұқым қууы және оның өзгергіштігі туралы ғылым. 55. Белорус совет жазушысы, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. 56. Қазақстанның географиясы мен топографиясын зерттеген орыс географы. 59. Темір жол арбасы. 60. Кристалл тас. 63. Бояу түсі. 65. Якут халқының эпостық жыры. 69. Орталық Қазақстандағы тау. 71. Музыкалық дыбыс. 72. Қене аңызға негізделіп жазылған қазақ жерінде дүниеге келген эпикалық түйінды. 73. Төулік мезгілі. 74. Аспан шырақтарын бақылайтын аспап. 76. Европадағы кен орны. 77. Қырғыз ССР-індегі көл. 83. Қазақ ССР ғылым академиясының академигі, ғұлама ғалым. 84. Нобель сыйлығына ие болған ағылшын химигі. 88. Қорнекті орыс композиторы. 90. Белгілі қазақ совет математигі. 91. РСФСР-дегі қала. 93. Ұстаз. 94. Үнді космонавы. 95. F. Мұсіреповтің романы. 96. Дүние жүзіндегі ете еңіс ойпат. 98. Американың федерациялық бөлінісі. 102. Энергия көзі. 103. Химиялық элемент. 105. Әлемдегі ардақты жан. 106. Сатиралық журнал. 113. Сахнаға арналған көң тынысты шығарма. 116. Азербайжан ақыны әрі ойшылы Низами дастанының кейіпкері. 119. АҚШ



жол станциясы. 138. Спорт түрі. 139. Атақты совет конькиші. 141. Қазақстандағы өзен. 143. Белгілі орыс совет жазушысы. 144. Бирма ақшасы. 146. Қазақтың тұнғыш биші қызы. 149. Қырғауыл тұқымдасына жататын құс. 153. Етістіктің рай түрі. 158. Республикадағы көл. 159. Халықаралық жасанды тіл. 160. Көне қару. 161. Норвег саяхатшысы Тур Хейердал экспедициясының кемесі. 162. Аңшы серігі. 163. Ә. Тәжібаевтың пъесасы. 165. Спорт түрі. 166. Азиядағы ұлт. 169. Белгілі француз табиғат зерттеушісі. 170. Өзбекстанда шығатын әйелдер журналы. 173. Қостанайда Совет өкіметін орнатуға қатысушы большевик. 174. Гүл. 176. Қаһарман қала. 177. Польшадағы өзен. 186. Гүлді өсімдіктің бірі. 187. Кавказдағы өзен. 188. Өткен ғасырдағы көрнекті орыс суретшісі. 189. Ат әбзелі. 190. Самолет түрі. 191. Ағылшын графигі. 192. Қостанай облысындағы қала. 194. Әйгілі совет физигі, үш мэрте Социалистік Еңбек Ері. 195. Тоқтың күшін және ағысын реттейтін аспап. 196. Балет термині. 197. Жалау. 198. Ғылыми-зерттеу шолу баяндама. 200. Улы көк түсті кристалл. 201. «Қазақ ССР-інің халық артисі» деген құрметті атаққа тұнғыш ие болған өнер зерттеушісі. 204. Сан есім. 205. Жаңа Зеландиядағы тау. 206. Европадағы мемлекет астанасы. 207. Италияның көрнекті киноактрисасы. 208. «Біржан — Сара» операсының авторы. 209. Орбиталық станция. 211. Математикалық белгісіз шама. 212. Т. Ахтановтың драмасы. 214. Россияда революцияға дейін болған әдеби ағым. 216. Адам мен жануарлар дүниесінің сыртқы жабыны. 219. Қыш құмыра. 225. Заттың жалпы қасиеттерін және олардың қозғалыс заңдарын зерттейтін ғылым. 226. Венгер ақыны, революционер-демократ. 230. «Аленушка», «Батырлар» картинасының авторы. 232. Аристотельдің шешендік өнері туралы трактаты. 234. Аяқ

киім. 236. Жарықтың халықаралық бірліктер жүйесі. 238. Географиялық атау. 240. Математикалық таңбаларды бір-бірінен ажырату үшін қолданылатын сандық немесе әріптік көрсеткіш. 241. Қаһарман қамал. 242. Жапониядағы қала. 243. Космонавтар киімі. 245. Көрнекті совет дипломаты. 246. Косметикалық бұйымдар алуға пайдаланылатын спирт. 247. Совет Одағының көрнекті мемлекет қайраткері. 248. Франциядағы өзен. 249. Әдеби жанр. 254. Канададағы көл. 257. Сервантес романының кейіпкері. 259. Музейлер «атасы». 260. Эйгілі академик-архитектор. 261. Халық күйі. 266. РСФСР-дегі қала. 270. Ара кәсіпшілігі. 275. Ағылшынның ұлы физигі әрі математигі. 276. Қазақ жеріндегі ежелгі қала. 277. Даңқты совет ұшқышы. 279. Космос кемесі, ұшу аппараты. 286. Сахналық туынды. 287. Республикадағы баспа. 288. Жамбыл қаласының бұрынғы аты. 291. Атақты күйші-композитор. 292. Ы. Алтынсарин әңгімесінің кейіпкері. 294. Сан. 295. Белгілі испан суретшісі. 300. Өрнек. 301. Самолет түрі.


Көлденеңінен: 1. Семья басы. 2. Ағаш. 5. Эйгілі орыс жазушысы. 10. Қазақтың тұңғыш комсомол жетекшілерінің бірі. 12. Совет Одағының Батыры, партизан қызы. 15. Септік. 17. Өнер түрі. 19. Орыстың ұлы химигі. 20. Тігінші құралы. 21. Социалистік мемлекет. 23. СССР халық артисі атағын ең бірінші алған қазақтың бұлбұл әншісі. 24. Әскер, қалың қол. 26. Драматург, жазушы С. Жұнісов романының бас геройы. 28. Нота. 31. Ла-Манш бұғазындағы мүйіс. 33. Қытай ақшасы. 34. Батыс Африкадағы мемлекет. 35. Атмосфералық қысымды өлшейтін прибор. 37. Өткен ғасырдағы қазақ халқының жауынгер ақыны. 39. Құрылыштар мен ғимараттарда қолданылатын деталь. 40. Белгілі орыс химигі. 43. А. Жұбанов пен Л. Хамидидің операсы. 45. Жезқазған облысындағы ірі барит-полиметалл кен орны. 46. Творчество адамы. 47. Батыс Қазақстандағы өзен. 48. Қазақ эпосы. 50. Жапалактар отрядына жататын құс. 51. Жер астында көлбеу қазылатын көн қазбасы. 53. Арифметикалық амал. 54. Ағылшын актрисасы. 55. Дәнді дақыл. 57. «Солы» сезінің антонимі. 58. Мадак жыры. 59. 1807 жылы табылған планета. 61. Балықшы құралы. 62. Кенші құралы.

64. Ежелгі грек ойшылы; математик. 66. Дәрілік есімдік.
67. Атақты француз композиторы. 68. Қазақтың белгілі биі.
70. Париж саҳнасында ән салған тұңғыш әйгілі қазақ өншісі.
73. Тіршілік көзі. 75. Футбол қақпасының бөлігі. 78. Уақыт ком-
пасы. 79. Волга өзенінің оң саласы. 80. Әскери автоинспек-
ция. 81. Су, сүйиқ зат тартатын аспап. 82. Орта Азиядағы
өзен. 85. С. Шаймерденовтің романы. 86. Қазақша жыл аты.
87. Әскери бөлімшесе. 89. Үлкен шеше. 92. Шахмат термині.
93. Жігерлі, салтанатты музикалық шығарма. 95. Жыл құсы.
97. Сан есім. 99. Ән жанры. 100. Қ. Мырзалиевтің жыр кітабы.
101. Химиялық элемент. 103. Аша мүйізді жануар. 104. Музы-
калық аспап. 106. Өзен өзегі. 107. Астық тұқымдасының бір
туысы. 108. Электр кедергісінің бірлігі. 109. Планета. 110. Ке-
мірушілер отрядына жататын сүт қоректі. 111. Құрмангазы-
ның күйі. 112. Шахмат фигурасы. 114. Қазақша ай аты. 115. «Қан
мен тер» романының бас кейіпкері. 117. Қазақстандағы теңіз.
118. Әскери атақ. 121. Радионың атасы. 122. Ежелгі грек мате-
матигі әрі механигі. 124. Дүниені философиялық тұрғыдан
түсіндіретін ілім. 126. Мұз тауы. 128. Геометриялық дене.
132. Эпостық жырларда суреттелетін әйел бейнесі. 133. Ғасыр
күретамыры. 135. Тіл білімінің саласы. 140. Барыс. 142. Дыбыс-
тардың фонетикалық бөлінуі. 145. Ақын Ж. Әмірбековтің өле-
ні. 147. Белгілі эстрада өншісі. 148. Українның халық биі.
150. Футбол «королі». 151. Бұрынғы Ораниенбаум қаласының
қазіргі аты. 152. Қазақстанның оңтүстігіндегі өзен. 154. Теңіз
қарулы күші. 155. Вертолет түрі. 156. Заттың газ тәрізді күйі.
157. Қазақ әйелдерінің арасынан шыққан тұңғыш суретші.
159. Батырлар жыры. 164. Қазақша күн аты. 167. Көгілдір
отын. 168. Тау спортымен шұғылданушы. 171. Маусым, мезгіл.
172. Дөңгелек конустың басқа бір жазықтықпен қыяльысу сы-
зығы. 174. Табиғи байлық. 175. Музыкалық дыбыс. 178. Антрак-
тидағы советтік ғылыми станция. 179. Екінші Аристотель атан-
ған Шығыстың ғұлама ғалымы. 180. Қазақ совет актері,
үлттық профессионалды театр өнерінің негізін салушылардың
бірі. 181. Белгілі ағылшын табиғат зерттеушісі. 182. Теңіз ба-
лығы. 183. Одақтас республика. 184. Бурят АССР-індегі қала.

185. Телетолқындар өрісін қабылдайтын құрал. 187. Ауыл шаруашылығы машинасы. 193. Музикалық шығарманы. Орындаитын колектив. 195. Дауыс зорайтқыш. 199. Проблемалық келелі мәселені түбөгейлі зерттеп баяндайтын ғылыми еңбек. 202. Газет қызметкери. 203. Қазақтың тұңғыш саяхатшы ғалымы. 204. Белгілі совет плакат суретшісі. 205. Шахматтан өлемнің үш дүркін чемпионы. 207. Су бетінде қалқып жүретін көп жылдық өсімдік. 210. Құрлық. 213. Қазба байлық жынысы. 215. Құлып тиегі. 217. Франциядағы өзен. 218. Көлік. 219. Суын. 220. Әскери машина. 221. Ұзындық өлшемі. 222. Ұлт. 223. «Жақын» сезінің синонимі. 224. Ай аты. 227. Қазақтың ұлы жазушысы. 228. Терендікті өлшеуге арналған прибор. 229. Белгілі американ жазушысы. 231. Мерекелік тағам. 233. Игерілмеген жер. 234. Семей облысындағы аудан. 235. Географиялық атау. 237. Немістің әйгілі композиторы. 238. Сұлу құстардың бірі. 239. Қыргызстандағы қала. 241. Совет балалар әдебиетінің көрнекті өкілі. 244. Оңтүстік Африка Республикасындағы өзен. 246. Орыс ақыны. 248. Откір сәуле. 250. Қысқы кім. 251. Жапониядағы қала. 252. М. Эуэзов пьесасының кейіпкері. 253. Қазақтың тұрмыс-салт ертегілерінің геройы. 255. Швецияның портты қаласы. 256. Шырынды жеміс. 257. Қан қысымына қарсы қолданылатын дәрі. 258. Қара теңіздегі мұйіс. 262. Құс. 263. Украинадағы темір жол бойындағы қала. 264. Түйекұстың түрі. 265. Құнделікті тұрмыста қолданылатын зат. 267. Карапайым өлшем бірлігі. 268. Оңтүстік Америкадағы мемлекет. 269. Пакистанның белгілі киношебері. 271. Атақты орыс совет мүсіншісі. 272. Қазақтың батыр қызы. 273. Партизан ақын. 274. Аша тұяқты сүт қоректілер отрядына жаттын жануар. 275. Қарағанды облысындағы аудан. 278. Тау халқы. 280. Белгілі совет гроссмейстері. 281. Жарық мәлшерінің бірлігі. 282. Телевизор маркасы. 283. Йемен Халық Демократиялық Республикасының астанасы. 284. Жәндік. 285. Микрофонды ойлап тапқан американ ғалымы. 289. Құрылышқа пайдаланылатын зат. 290. Сицилия аралындағы вулкан. 292. Ұйытылған сүт. 293. Берік металл. 296. Ежелгі грек дерігері. 297. Қазақстандағы өзен. 298. Құстардың тіршілігін зерттейтін ғалым.

теуші. 299. Азиядағы мемлекет астанасы. 302. Эйгілі француз фантаст-жазушысы. 303. Іс қағазы. 304. Химиялық элемент. 305. Глинка операсынан кейіпкер. 306. Ежелгі грек мысалшысы. 307. Бұршақ түқымдасына жататын дақыл.

10. КРОССВОРД




Тігінен: 1. Әдеби жанр. 2. Жұннен, кендірден тоқылған үй қажеті. 3. Жапониядағы қала. 5. Мектеп мүлкі. 6. Француз революциясының қайраткері, ғалым-публицист. 9. СССР-дің Қызыр Шығысындағы облыс. 10. Тобыл өзенінің саласы.

15. А. Гайдар повесінің бас кейіпкері. 16. Африкадағы су пло-
тинасы. 19. Қазақтың ішекті музикалық аспабы. 20. Шәкірт.
23. Матаның түрі.

Көлденеңінен: 4. 1960 жылғы Рим олимпиадасының қазақ-
стандық күміс жүлдегері. 7. Мерекелік шеру. 8. Зодиакты шоқ-
жұлдызының бірі. 11. Техникалық дақыл. 12. Әскери атақ.
13. Шахмат термині. 14. Атақты неміс композиторы. 17. Қазақ
совет ақыны. 18. Қазақтың атақты әнші-композиторы. 21. Спорт-
тық жүлде. 22. Құрманғазының күйі. 24. Оташы.

11. КРОССВОРД




Тігінен: 1. Геометриялық термин. 2. Краснояр өлкесіндегі өзен. 3. Белгілі эстрада әншісі. 5. Ливиядағы қала. 6. Данниядығы қала. 8. Құс жемі. 9. «Зандар» сөзінің синонимі. 10. Жабайы тау ешкі. 11. Жапониядағы қала. 13. Гурьев облысындағы аудан. 15. Өзбек совет әдебиетінің классигі. 19. Белгілі бір масштабпен ұзындық өлшеуге арналған геодезиялық прибор. 20. «Ботагөз» романының кейіпкері. 21. Краснодар өлкесіндегі қала. 22. Совет Одағындағы ең үлкен өзен. 24. Жер аты. 26. Жезқазған облысындағы темір жол станциясы. 27. Малдың көз ауруы. 28. Индонезиядағы арал. 31. С. Алдабергеновтің романы.

Көлденеңінен: 4. СССР-де шығатын журнал. 7. Кампучия мемлекетінің бұрынғы аты. 10. Қоғамдық ескерткіштерді зерттеуші. 12. Ғылымның түрі. 14. Америкадағы өзен. 16. Германия Федерациялық Республикасындағы кен орны. 17. Сұрау есімдігі. 18. Әдеби термин. 20. Қыз есімі. 23. Планетааралық кеңістіктен Жерге келіп түсетін зат. 25. Орыстың көрнекті ақыны. 29. Құс. 30. Қоғамдық семсер. 32. Тіл білімінің саласы.

12. КРОССВОРД

Тігінен: 2. СССР-дегі өзен. 3. Бақша. 4. Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, белгілі қазақ ақыны. 5. Ежелгі грек ойшылы, әйгілі математик. 7. «Ақылды» машина. 8. Атақты ағылшын драматургі әрі публицистің авторы. 10. Энергия көзі. 12. Киевтік суретші, 1985 жылғы Москва фестивалі эмблемасының авторы. 15. Мамандық. 17. Химиялық элемент. 18. Мұз айданы. 20. Белгілі совет график-суретшісі. 22. Инертті газ. 28. Сұр жыланның бір түрі. 29. Орталық журнал. 30. «Құрту» сөзінің синонимі. 31. Қазақстандағы облыс. 32. Белгілі эстрада әншісі, СССР халық артисі. 33. Жамбыл облысындағы темір жол станциясы. 34. Белгілі француз жазушысы. 37. Математикалық термин. 38. Музыкалық шығарма. 39. Қазақша жыл аты.


Көлденеңінен: 1. Химиялық прибор-ыдыс. 6. Эпостық жырлардағы қыз. 8. Шахмат термині. 9. Көрнекті орыс ақыны.



11. Балық. 13. Су айдыны тереңдігін өлшейтін географиялық аспап. 14. Заң қызметкері. 16. Планета. 19. Спорт түрі. 21. Қазақ совет халық ақыны. 23. Әскери атақ. 24. Әйгілі орыс жазушысы. 25. Халық күйі. 26. Химиялық элемент. 27. Үндістан-ның саяси және мемлекет қайраткері. 32. Жылдамдықты те-

жеуге арналған авиациялық құрылғы. 35. Көрнекті совет әскери және партия қайраткері, Совет Одағының Маршалы. 36. Жаңушы Б. Қыдырбекұлының романы. 40. Жарық жүлдүздардың бірі.


13. КРОССВОРД «ШАХМАТ»



Тігінен: 1. Шахмат термині. 3. Шахмат ойынын ете жақсы көрген орыс жазушысы. 4. Спорттың түрі. 5. Шахмат фигурасы. 6. Советтік шахматтың негізін қалаушылардың бірі, СССР гроссмейстері, ғалым-шахматшы. 9. Шахматтың ең алғашқы түрі. 10. Спорттық жарыстың шешуші кезеңі. 11. Шахматтың отаны. 12. Жиырма жеті жыл бойы (1894—1921 жж.) бүкіл әлемдік чемпион атағын сақтаған шахматшы. 16. Совет гроссмейстері. 18. Әйгілі Куба шахматшысы. 19. Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы болған шахматшы.

Көлденеңінен: 2. Шахмат, дойбы ойындарындағы жүріс тәсілі. 7. Шахматты өте сүйіп ойнаған атақты қолбасшы. 8. Элем чемпионы. 13. Қазақстандағы тұңғыш әйел шахматшы. 14. Шахмат жарысының әрбір кезеңі. 15. Элемдік чемпион атағына ие болған орыс шахматшысы. 17. Шахматтан дүние жүзінің экс-чемпионы. 20. Шахмат фигурасы. 21. Эйелдер арасында әлем чемпиондығының алтын тәжін киген шахматшы.

14. КРОССВОРД



Тігінен: 1. Австриядың өзен., 3. Шыны кесетін металл.
5. Қ. Үйдірысова тың өлеңі. 7. Музыкалық дыбыс. 8. Сериялы
советтік самолеттердің маркасы. 10. Белгілі қазақ совет гео-
логі, Ақбастау — Құсмұрын кен ошағын ашқан ғалым. 11. Қа-
зақтың лиро-эпос жырынан бас кейіпкер. 12. Шымкент облы-
сындағы қала. 13. Ай аты. 14. «Ақылды» машина. 18. Лира
шоқжұлдызындағы ең жарық жүлдүз. 19. Әйгілі Москва театры.
21. Өнер түрі. 23. Планета.


Көлденеңінен: 2. Спорттық қайық. 3. Діңі бар көп жылдық
өсімдіктердің жалпы атауы. 4. Тынық мұхитта кездесетін балық.
6. Қырғауыл тұқымдасына жататын құс. 8. Сән-салтанат бұй-
ымы. 9. Жусанның түрі. 11. Совет Одағындағы ең ірі каскад,
су электр станцияларының тізбегі. 13. Құрылышқа пайдаланы-
латын бағалы тас. 15. Спорттық түрі. 16. Тува АССР-інің
көрнекті мемлекет қайраткері. 17. Орыс адмиралы. 19. Әскери
артиллерия қаруы. 20. Латвия халық ертегісіндегі өйел есімі,
жыландар патшасы. 21. М. Лермонтовтың «Біздің заманы-
мыздың қаһарманы» повесінен кейіпкер. 22. Үйдис. 24. Совет
кино өнерінің ардагері.

15. КРОССВОРД

Тігінен: 1. Дүние жүзіндегі ең биік қырат. 2. Жыл мезгілі.
3. Ұлт. 5. «Ер Тарғын» жырынан кейіпкер. 6. Европадағы қала.
13. Тігінші құралы. 14. Табиғат құбылысы. 15. Сатиралық жур-
нал. 19. Қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымы, саяхатшы-этнограф.
20. Халық әні. 21. Атақты үнді актері, кинорежиссер.
24. СССР-дің космонавт-ұшқышы, Совет Одағының Батыры.
28. М. Горькийдің романы.

Көлденеңінен: 4. Домбыра тетігі. 7. Құрманғазының күйі.
8. Орыстың ұлы жазушысы. 9. Оңтүстік Америкадағы
мемлекет. 10. Қазақстандағы облыс. 11. Қазба байлық. 12. Бел-
гілі американ әншісі. 16. Сан.есім. 17. І. Жансүгіровтің пьесасы.
18. Норвег саяхатшысы Тур Хейердал экспедициясы сапар шек-
кен папирус қайығы. 22. Көп жылдық шөптесін өсімдік. 23. Жа-


уынгерлік ұран. 25. Советтік Шығыс жастар үйымының қайраткері. 26. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, композитор М. Сағатовтың балеті. 27. Халық әні. 29. Социалистік мемлекет. 30. Совет Одағындағы теңіз.



16. КРОССВОРД

Тігінен: А—3. Чехословакияның футбол командасы. А—5. Ауыл шаруашылық маманы. А—6. Белгілі үнді режиссері. А—10. Бразилия жазушысы Ж. Амадудың романы. А—11. Органиzmнің дыбыс толқынын қабылдауы. А—12. Музикалық дыбыс. А—14. А. Жұбанов пен Л. Хамидидің операсы.

- А—15. Химиялық элемент. А—17. Аса қауіпті жүқпалы ауру.
 А—19. Алуан түске бояп жұннен тоқыған төсөніш. Б—1.
 Солтүстік Атлантика шарты үйымы. В—2. Қылқалам шебері
 О. Таңсықбаевтың картинасы. В—16. Бұршақ тұқымдасына
 жататын көп жылдық өсімдік. В—20. Балалар журналы. Г—18.




 51. Пән. 52. Жазушы А. Жақсыбаевтың романы.

7. СТРЕЛКОГРАММА «ЖЫЛДАР»

Мына стрелкограмманды, даңқты даталарға арналғандықтан, «Жылдар» дедік. Берілген баламалардың жауаптары сағат тілінің бағыты бойынша орналастырылады.




1. Григориан календары жасалған жыл. 2. Қазақстанның Россияға қосылған жылы. 3. «Союз»—«Аполлон» космос корабльдерінің ұшырылған жылы. 4. Португалдық әйгілі саяхатши Ф. Магелланның Жер шарын айналып шығу сапарын бастаған жылы. 5. Москва қаласының іргесі қаланған жыл. 6. Электронды Дж. Томсон қай жылы ашты? 7. Куликово шайқасы болған жыл. 8. Россиядағы шаруалар көтерілісінің көсемі Степан Разиннің туған жылы. 9. Әйгілі поляк ғалымы Н. Коперник Жердің планета екендігін және оның Күнді айналатындығын ашқан жылы. 10. Ең алғашқы советтік Жер серігінің ұшырылған жылы. 11. Бірінші совет ордені — Қызыл Ту орденінің тағайындалған жылы. 12. Республикалық балалар мен жас өспірімдер театрының құрылған жылы 13. Дүние жүзі елдерінің уақытты атомдық сағатпен есептеуге көшкен жылы. 14. Совет азаматы Юрий Гагариннің ғарышқа жол салған жылы 15. Олимпиадалық бірінші Ойындардың өткен жылы. 16. А. С. Пушкиннің туған жылы. 17. Әйгілі ғалым М. Ломоносовтың туған жылы. 18. К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік партияның манифесін» жазған жылы. 19. Ұлы Могол мемлекетінің негізін

қалаушы, ақын әрі жазушы Бабырдың туған жылы. 20. Атақты композитор П. И. Чайковскийдің қайтыс болған жылы. 21. Шығыс Армения мен бүкіл Солтүстік Азербайжанның Россияға қосылған жылы. 22. Белгілі суретші И. Шишкіннің «Қарағайлы ормандасы таң» атты картинасын жазған жылы. 23. Парсы-тәжік ақыны, математик, философ Омар һайямның қайтыс болған жылы. 24. Азербайжанның ежелгі көне астанасы — Маргуде Кавказдағы ең ірі обсерватория құрылған жыл. 25. Эйгілі итальян суретшісі, инженер-ғалымы Леонардо да Винчидің туған жылы. 26. Грюнвальд шайқасы болған жыл. 27. «Әлемдегі жеті кереметтің бірі»— Тәж-Махал ескерткіш-ғимаратының салына бастаған жылы. 28. М. Қашғаридің «Диуана лұғат-ат-түрік» деп аталатын түркіше-арабша сөздігін жазған жылы. 29. Рафаэльдің өзіне өшпес даңқ әперген «Бақ күтуші сұлу» картинасын жазған жылы. 30. Ұлы орыс географы Семенов-Тян-Шанскийдің қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановпен алғаш кездескен жылы. 31. Москва Олимпиадасы өткен жыл. 32. Декабристер көтерілісі болған жыл. 33. Қазақтың тұңғыш педагогі Ы. Алтынсариннің туған жылы. 34. Голландық теңізші В. Баренцтің Жаңа Жерге саяхат жасаған жылы. 35. Испан жазушысы Сервантестің әлемге мәшіүр «Дон-Кихот» романының ең алғаш жарық көрген жылы. 36. Ирландық өнертапқыш Р. Л. Эджуорттың поезды алғаш рет құрастырған жылы. 37. Америка Құрама Штаттарының құрылған жылы. 38. Испан саяхатшысы Л. Торрестің Жаңа Гвинеяны зерттеген жылы. 39. Д. И. Менделеевтің химиялық элементтердің периодтық системасын ашқан жылы 40 Орыс әдебиетінің тамаша ескерт кіші «Игорь жорығы туралы жырдың» жазылған жылы. 41. Галилейдің Сатурн сақинасын ең алғаш байқаған жылы. 42. Россияда қуыршақ театрының ашылған жылы. 43. Орыс шаруасы Феодор Блиновтың шынжыр табанды тракторды ойлап тапқан жылы. 44. Қызыл жалаудың Петербург жұмысшылары мен студенттерінің митингісінде ең алғаш көтерілген жылы. 45. Гринвич астрономиялық обсерваториясының құрылған жылы. 46. СССР География қоғамының ең алғашқы Қазақ филиалының құрылған жылы. 47. Португалияда аса ірі жер

сілкінісі болған жыл. 48. Орыс өнертапқышы И. П. Кулибиннің тұңғыш кемені жасаған жылы. 49. Ленинградтағы Қазан соборына атақты орыс қолбасшысы М. И. Кутузовты жерлеген жыл. 50. Швед химигі Сефстремнің Ванадий элементін ашқан жылы. 51. Ағылшынның ежелгі оқу ордасы — Кембридж университетінің құрылған жылы. 52. Республика комсомолының тұңғыш съезі ашылған жыл. 53. «Жазушы» (бұрынғы «Көркем әдебиет» баспасы) баспасының құрылған жылы. 54. «Журналист» журналы шыға бастаған жыл. 55. Орыс өнертапқышы М. И. Алисовтың ең алғашқы жазу машинкасын жасаған жылы.

8. СТРЕЛКОГРАММА



1. «Кармен» операсының авторы. 2. С. Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасынан кейіпкер. 3. Бельгиядағы қала. 4. Атақты француз жазушысы. 5. Химиялық элемент. 6. Демалыс, тынығы орны. 7. Өнер түрі. 8. Ағаш. 9. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты С. Шаймерденовтің романы. 10. Азиядағы көл. 11. Спорт түрі. 12. Қазақ совет ақыны. 13. Европадағы астана. 14. Газ. 15. Ежелгі грек мысалшысы. 16. Африкадағы үстірт. 17. Ағылшындар арасында көп тараған есім. 18. «Жолбaryс терісін жамылған батыр» эпосының авторы. 19. Семей облысындағы аудан. 20. Балық. 21. Оңтүстік Америкадағы мемлекет. 22. Несіл, халық. 23. Африкадағы мемлекет. 24. Вердидің операсы. 25. Француздың патриот қызы, бейбітшілік жолындағы күрескер. 26. РСФСР-дағы облыс. 27. Көрнекті тәжік совет жазушысы, қоғам қайраткери. 28. Жазушы М. Қаназовтың повестер жинағы. 29. Белгілі орыс совет жазушысы. 30. Испан және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткери. 31. Жеміс өсімдігі. 32. Этір. 33. Жюль Верн романынан кейіпкер. 34. Ат арба өбзелі. 35. Орта Азия мен Қазақстан комсомол ұйымын ұйымдастырушы, ВЛКСМ қайраткері. 36. Европадағы өзен. 37. Элементтің ұсақ бөлшегі. 38. Құрылыштың ең негізгі материалы. 39. Қазақтың партизан ақыны. 40. Мексика мен Белиздеңі үндіс халқы. 41. Сицилия аралындағы вулкан. 42. Атақты американ жазушысы. 43. Тәжікстандағы өзен. 44. Қазақстандағы қала. 45. Ең қатты ағаш. 46. Ыдыс-аяқ.

СТРЕЛКОГРАММАЛАРДЫҢ ЖАУАПТАРЫ

1. СТРЕЛКОГРАММА «ГҮЛ»

1. Яуза.
2. Лазо.
3. Алоэ.
4. Эпос.
5. Лувр.
6. Нева.
7. Анар.
8. Рота.
9. Серт.
10. Шеге.
11. Бөлу.
12. Өрік.
13. Ембі.
14. Реле.
15. Яшен.
16. Әлия.
17. Бұғы.
18. Блок.
19. Кино.
20. Беда.
21. «Монд».
22. Дина.
23. Ганг.
24. Бұлт.
25. Клуб.
26. Нона.
27. «Адай».
28. Гана.
29. Тула.
30. Нота.
31. Кілт.
32. Указ.
33. Тушь.
34. Юань.
35. Айна.
36. Горн.
37. Роза.
38. Якут.
39. «Отан»
40. Ілік.
41. «Дала».
42. Июль.
43. Алма.
44. «Арай».
45. «Аякс»
46. Тект.
47. «Одақ».
48. Қима.
49. Баум.
50. Пеле.
51. Есіл.
52. «Вега».
53. «Нива».
54. Қоға.
55. Гойя.
56. Песо.
57. Миль.
58. Ромб.
59. Айва.
60. Есен.
61. Бэла.
62. Іңір.
63. Хлор.
64. Торф.
65. Флот.
66. Соқа.
67. Авар.
68. Жеті.
69. Ожай.

2. СТРЕЛКОГРАММА «САҒАТ ТІЛІ БАҒЫТЫМЕН»

1. Герб.
2. Того.
3. Саты.
4. Маса.
5. Крем.
6. Морж.
7. Шора.
8. Ушак.
9. Қоян.
10. Катя.
11. Жаза.
12. Орта.
13. «Труд».
14. Дели.
15. Кент.
16. Торт.
17. «Өзен».
18. Метр.
19. Торт.
20. Тиін.
21. Орақ.
22. Танк.
23. «Маяк».
24. Орша.
25. Қосу.
26. Отар.
27. Қаяз.
28. Шлюз.

3. СТРЕЛКОГРАММА «ОНҒА ЖӘНЕ СОЛҒА...»

Оңға қарай оқығанда: 1. Шах. 2. Балет. 3. Біз. 4. Попов.
5. Мес. 7. Хор. 9. Рой. 11. Рим. 13. Тас. 15. Конев. 17 Рельс.
19. Нар. 21. Дәү. 23. Дем. 25. Лақ.

Солға қарай оқығанда: 2. Бах. 3. «Бахор». 4. Піл. 5. Мозер.
6. Леп. 8. Сот. 10. Рок. 12. Тир. 14. Ван. 16. Йод. 18. Медеу.
20. Сальм. 22. Нәл. 24. Лев. 26. «Рас».

4. СТРЕЛКОГРАММА «16 СӨЗ»

1. Араб. 2. Иран. 3. Нұра. 4. Ринг. 5. Орал. 6. Лима. 7. Маяк
8. Гойя. 9. Соло. 10. Арыс. 11. Каир. 12. Айла. 13. Қола. 14. Сұлы.
15. Осип. 16. Парк.

5. СТРЕЛКОГРАММА «СЕГІЗ ӘРІП»

1. Камчатка. 2. Елизаров. 3. Базанова. 4. Шортанды. 5. «Бек-
болат». 6. Павлодар. 7. «Горизонт». 8. Кевендиш. 9. «Травиата».
10. Сырдария. 11. Генетика. 12. «Гимараеш». 13. «Анатомия».
14. Тышкевич. 15. Триллион. 16. Жаманова. 17. «Қаламқас».
18. «Реланиум». 19. Ахметова. 20. Лигатура. 21. Марғұлан.
22. Игнатово. 23. Регистан. 24. Махамбет. 25. Бұлқышев.
26. «Электрон». 27. Танзания. 28. Теккерей. 29. Баршатас.

6. СТРЕЛКОГРАММА

1. Шеге. 2. Нант. 3. Баға. 4. Әсет. 5. Цент. 6. Винт. 7. Кипр. 8. Роза.
9. Әтеш. 10. Цирк. 11. Ринг. 12. Азот. 13. Кекс. 14. Мода. 15. Ядро.
16. Орақ. 17. Ария. 18. Сена. 19. Елек. 20. Тиек. 21. Тана. 22. Баян.
23. Қала. 24. Арыс. 25 Қына. 26. Бану. 27. Сұлы. 28. Сыр.
29. Саны. 30. Берн. 31. Келі. 32. Есік. 33. «Өнер». 34. Бөлу.
35. Марс. 36. Атау. 37. Уран. 38. Указ. 39. Куба. 40. Алма.
41. Шолу. 42. Неру. 43. Зере. 44. Форд. 45. «Аида». 46. Қозы.
47 Горн. 48. Рига. 49. Саха. 50. Ембі. 51. Сызу. 52. «Егес».

7. СТРЕЛКОГРАММА «ЖЫЛДАР»

1. 1582. 2. 1731. 3. 1975. 4. 1519. 5. 1147. 6. 1897. 7. 1380.
8. 1630 9. 1543 10. 1957 11. 1918. 12. 1944 13. 1972 14. 1961
15. 1899. 16. 1799. 17. 1711. 18. 1848. 19. 1483. 20. 1893. 21. 1828.


**22. 1889. 23. 1122. 24. 1252. 25. 1452. 26. 1410. 27. 1630. 28. 1074.
29. 1505. 30. 1856. 31. 1980. 32. 1825. 33. 1841. 34. 1594. 35. 1605.
36. 1786. 37. 1776. 38. 1606. 39. 1869. 40. 1185. 41. 1610. 42. 1911.
43. 1879. 44. 1876. 45. 1675. 46. 1952. 47. 1755. 48. 1782. 49. 1813.
50. 1830. 51. 1209. 52. 1937. 53. 1933. 54. 1920. 55. 1870.**

8. СТРЕЛКОГРАММА

1. Бизе. 2. Адақ. 3. Гент. 4. Золя. 5. Азот. 6. Парк. 7. Цирк.
8. Жиде. 9. «Инеш». 10. Гоби. 11. Бокс. 12. Есет. 13. Осло.
14. Озон. 15. Эзол. 16. Эрди. 17. Джон. 18. Шота. 19. Абай.
20. Карп. 21. Перу. 22. Негр. 23. Заир. 24. «Аида». 25. Дъен.
26. Туя. 27. Айни. 28. «Арна» 29. Грин. 30. Диас. 31. Алша.
32. Шиндр. 33. Немо. 34. Дога. 35. Фани. 36. Рейн. 37. Атом.
38. Ағаш. 39. Сайн. 40. Майя. 41. Этна. 42. Йен. 43. Вахш. 44. Естик.
45. Емен. 46. Кесе.

ТОҒЫЗЫНШЫ БӨЛІМ

ЛАБИРИНТТЕР



Дән көтерген құмырсқаға тимендерші,
алысқаны өмір ғой, өмір сондай абзal ғой.
Фердауси

* * *

Танымның барысында өзінің жарамды-
лығын дәлелдейтін парасат қана шын мәніндегі
парасат болып табылады...

Ф. Энгельс

* * *

Талантты да еңбек сүйгіш адам үшін тос-
қауыл жоқ.

Л. Бетховен

* * *

Киыншылықтар адамның бойында оларды
женуге қажет қабілеттерді тудырады.

У. Филлипс.

* * *

Кітап — ақылға қуат беретін құрал.

Ян. Коменский

* * *

Адамзаттың игілігі үшін еңбек ету —
қандай тамаша іс десеңізші.

А. Сен-Симон

* * *

Ой жетпейтін жер болмайды.

Б. Момышұлы


Лабиринт — тұп-төркіні грек сөзі, «шытырман», «күрделі» деген мағынаны білдіреді. Ол өте ежелден келе жатқан термин. Қоңе заман ойшылдары, ғалымдары Геродот, Диодор, Страбон, т. б. шығармаларында кездеседі. Негізінен шытырман жоспар мен салынған ғажайып құрылыштарды атаған. Мәселен, біздің дәуірімізден бұрын Критте, Египетте үш мың бөлмелі ғимараттар бой көтергені мәлім. Мұндай аса күрделі зор лабиринттер қоңе заманда Самоста, Италияда да салынған.

Келе-келе лабиринт сөзі ауыспалы екінші мағынада жиі қолданыла бастаған. Сөйтіп ол шешуі өте қын шытырман шырғалаң жұмбақтардың, құпиясы мол күрделі ойындардың атауына айналған. Бұған айғақ болар деректер көп.

Лабиринттің қазіргі үлгілері де ең ежелгі түріне ұқсайды. Шым-шытырық «бөлмелер», тарам-тарам жолдар, қисапсыз «есіктердің» нобайлары ой-жұмбақтардың басты арқауы саналады. Қай-қайсысының да құпия кілтін бірден табу оңай емес.

Бүгінгі лабиринт-жұмбақтар мұлдем түрлене түскен. Жасалу жолы мен құрастыру тәсілі де сан қилы. Оларды әріптер арқылы, түрлі геометриялық фигуralар бойынша жасауға болады. Сонымен қатар толып жатқан шартты таңбалар мен белгілі суреттердің бейнелерін кескіндеу тәсілімен де құрастырылады. Мұның өзі шырғалаң ойындарға тән дара сипатты білдірсе керек. Бұған осы бөлімдегі біріне-бірі ұқсамайтын лабиринттермен танысқанда көз жеткізгеріңіз анық.

1. ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ЛАБИРИНТ



Жаңа жыл қарсаңында алаңдарға, орталық мәдени ошақтарының маңына, мектептер мен клубтардың төңірегіне мұз айдындары қатырылып, шырша орнату — тамаша дәстүр. Осындай шыршалар мына суретте көрсетілгендей қаланың бірнеше жеріне орнатылды.

Қысқы демалысқа шыққан бір топ бала өздерінің бос мезгілдерін қаланың ең үлкен елкасында өткізгісі келген еді. Бірақ, олар орталық сол шыршаға тез жетіп баға алмаған.

Кәне, көмектесіп көрелік. Осы шырғалаңдан дұрыс жол тауып, қалай, қай жолмен жүруге болады?


2—3. ЛОГИКАЛЫҚ ЛАБИРИНТ «ҚАНША ФИГУРА ЖӘНЕ ҚАНША АЯҚ!»


Шым-шытырық суретке байыппен жанар жүгірткен әркім-ақ шахмат фигуralарын көрер еді. Жіті үңілген сайын барлық тастандарды да табуға болады. Бірақ, әр фигураны жеке-жеке ажырату оңай емес. Дегенмен де ойы үшқыр, ерінбеген жан олардың қанша екенін таба алады.

Сонымен, қанша түрлі фигура көріп тұрсыз? Олардың әрқайсысының саны қаншадан?


Ал екінші суретте бейнеленген пілдің аяғы қанша?!

Ойланып көріңіз, қанша уақытыңыз жетеді екен?!





4. ЛАБИРИНТ «ҚҰПИЯ ЖОЛ»




Енді бір сәт жоғарыдағы суретке назар аударып көріңіші Көгілдір таулардың қойнау-қойнауын шарлап, мәлдір бұлақ бойын қуалай жарысқан миүалы тоғай ішіндегі жалғыз соқпақты ап-анық байқайсыз. Ол — ойланған қарасаңыз, құпиясы бар жұмбақ жол.

Міне, сол жұмбақ соқпаққа түсіп, қателеспей шартты белгілерді тиісті әріптермен ауыстырып оның аяғынан бір-ақ шыққанда, бір шумақ өлең оқисыз. Ол жолдар халқымыздың көрнекті ақыны, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Эбділда Тәжібаевтың «Костер әні» атты өлеңінен алғынып отыр. Өлең жолдарын табыңыздар.

5. ЛАБИРИНТ «ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРАЛАР»

Мына шырғалаңға асық-пай көңіл аударыңыз. Психологиялық жаттығу ретінде осы суретті қарамай-ақ қаз қалпында қағазға көшіріп салыңыз. Қателесер ме екенсіз Зерделегіш қабілетіңізді сынап, байқау үшін осындағы геометриялық фигуralардың әрқайсысын тізіп шығыңыз.



Иә, бұл лабиринттен қандай фигуralарды көріп түрсyz? Әрқайсысы қаншадан?



6. ЛАБИРИНТ «АҒАШТАҒЫ СӨЗ»

Назарларыңызға
ұсынылған ерекше
лабиринтке асықпай
көз жүгіртіп көріңіз.
Сонда әрбір сзықтың
сейлейтінін байқау
қын емес. Тек ол үшін
берілген кілтті орынды
пайдалана білу керек.


Сонымен бұл ағаш-
та нендей сөз жазыл-
ған! Оны айтқан кім?



7. ЛАБИРИНТ «СӨЙЛЕЙТІН СЫЗЫҚТАР»

Егер суретте көрсетілген цифрлар бойынша әр сызықтың бір-бірімен шатастыrmай қуалап шықсаңыз, қажетті әріптерді тауып аласыз. Ал, осы әріптердің барлығы бірігіп тұтас бір сейлем құрайды. Ол сейлем — есімі әлемге әйгілі совет жазушысының белгілі повесінің беташар жолы.

Ол қай повесть, авторы кім?




8. ЛАБИРИНТ «АДАСҚАН БАЛАПАН»

Әуелде бір топ балапан жұптары жазылмай қатар жүрген
Жем теріп зыр қаққан шөжелердің бірі әлден үақытта серік-
терінен бөлектеніп қалған еді.

Өз тобынан ажырап қалған жалғыз балапан ерсілі-қарсылы
жүгіріп, шығып кеткен жолын таба алмады.

Адасқан балапан қай жолға түсүі керек?




9. ЛАБИРИНТ «ТАҢБАЛАР МЕН ӘРІПТЕР»

Жыр арқауы — Октябрь, ән арқауы — Октябрь! Иә, әрбір өнер адамының творчествосына өзек болған бұл тақырып тәмендегі лабиринтке де алынып отыр.

Шытырман шырғаландағы жылпырлаған таңбалар мен әріптерді берілген кілт бойынша дұрыс сөйлете білу керек Сонда бір шумақты оқитын боламыз.


Бұл ән-өлең қалай аталады? Авторы кім? Ал әнін жазған кім еді, білесіз бе?



10. ЛАБИРИНТ «ОЛ КІМ?»

«Жұмбак — жақсы жылдасқан метафора». Бұл сөзді айтқан кім? Егер есінізге түспесе, төмендегі әріптердің нобайы көрсетілген сұретті дұрыстап он бөлікке бөліңіз. Сонда, жоғарыдағы фразаның авторы шығады.

Кәне, ойланып көрелік
Ол кім екен?




11. ЛАБИРИНТ «КІЛТІН ТАРЫ»

Төменде берілген шығаданға асықтай назар салып қараңыз Жыптылаған шартты белгілердің тілін тауып сейлету кере Ол үшін бөліктеге бөлінген әріптер көмекке келеді.

Жұмбак кілті дұрыс табылған жағдайда белгілі Сібірді зерттеуші ғалым, публицист Н. М. Ядринцевтің қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов туралы айтқан сөзі оқылмақ.


| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А | Б | В | Г | Д | Е | Ж | З |
| И | Й | Қ | Л | М | Н | Ң | О |
| Ә | П | Р | С | Т | Ү | Ұ | Ұ |
| Х | Ш | Ы | І | Ю | Я | | |



12. ЛАБИРИНТ «ЕГІЗ ТАҢБАЛАР»

Кезекті лабиринт таза шартты таңбалардан құрастырылды. Қисапсыз бүл таңбалардың арасында үқсастарды да бар. Соларды іздеп көріңіз.


Бірінен-бірі аумайтын егіз таңбалар қанша? Олардың жалпы саны неше? Әрқайсысының орналасқан қатарларын дұрыс табыңыз.



13. ЛАБИРИНТ «ҚАЛАЙ СЫЗАР ЕДІҢІЗ!»

Алдыңызда төрт квадрат салылған. Бәрінің де қабырғалары бірін-бірі әлденеше рет қып жатыр. Оны суреттен ап-анық көруге болады. Демек, олардың әрқайсысы жеке-жеке төрт мәрте салылған.

Осы төрт квадратты басынан аяғына дейін қайтадан салып шығу керек. Бұл жолы да квадраттардың қабырғалары өзара қылышады, оған көңіл аударманыз. Ең бастысы — бір жүрген



ІЗІҢІЗДІ ЕКІНШІ РЕТ ҚАЙТАЛАМАСТАН ТӨРТ КВАДРАТТЫ ТҮТАСТАЙ СЫЗУ

Сонымен қалай сызар едіңіз?

ЛАБИРИНТТЕРДІҢ ЖАУАПТАРЫ

1. ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ЛАБИРИНТ

Дұрыс жолы — оң жақтағы төменнен екінші есік.

2—3. ЛОГИКАЛЫҚ ЛАБИРИНТ

«ҚАНША ФИГУРА ЖӘНЕ ҚАНША АЯҚІ»

Барлығы 21 шахмат фигурасы: 8 пешкі, 3 піл, 3 ферзі, 2 король, 2 ат, 3 ладья.

* * *

Пілдің аяғы — төртеу.

4. ЛАБИРИНТ «ҚҰПИЯ ЖОЛ»

Келіңдер, кел, балалар, от жағуға,
Ақ шатыр тау қойнында орнатуға.
Жүзейік қаздай қалқып, түзеп қатар,
Кәусардай жанға жайлы мәлдір суға.

Эбділда Төжібаев,
«Костер әні»

5. ЛАБИРИНТ «ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРАЛАР»

Ең негізгілері: үшбұрыш — 32, тік төртбұрыш — 1, бесбұрыш — 4, алтыбұрыш — 1, трапеция — 8, ромб — 1, параллелограмм — 8... т. б.

6. ЛАБИРИНТ «АҒАШТАҒЫ СӨЗ»

Жалғыз табиғат қана ұлы істерді тегін атқарады.

А. И. Г е р ц е н

7. ЛАБИРИНТ «СӘЙЛЕЙТІН СЫЗЫҚТАР»

«Ол екі ертегі білетін»

Шыңғыс Айтматов.
«Ақ кеме»

8. ЛАБИРИНТ «АДАСҚАН БАЛАПАН»

Адасқан балапан 6-шы жолға түсугү керек

9. ЛАБИРИНТ «ТАҢБАЛАР МЕН ӘРІПТЕР»

Октябрьде құрыш қайрап,
Оқса мінген құрыш қайрат.
Ақ дәуірдің қырандары,
Батыр елдің ұландары,
Алға, комсомол — қызыл сұңқарлар.

Өлеңін жазған Оспанхан Әубекіров,
Әнін жазған Әсет Бейсеуов

10. ЛАБИРИНТ «ОЛ КІМ?»

Берілген әріптердің нобайын онға дұрыс бөлгендे
жұмбақ туралы сөздің авторы шығады.

Аристотель

11. ЛАБИРИНТ «КІЛТІН ТАП»


Шоқан өзінің халқын, жұртын сүюмен болды.
Европалық білім мен халқының дербестігін бірлес-
тіруді қиялдайды.

Н. М. Ядринцев

12. ЛАБИРИНТ «ЕГІЗ ТАҢБАЛАР»

Бір-бірінен аумайтын егіз таңбалар бесеу. Олардың жалпы саны — 10. Ал орналасқан қатарлары мынадай: 1. Б — 5 және И—5. 2. Г—11 және Ж—3. 3. В—6 және М—10. 4. В—11 және Л—3. 5. Г—5 және Е—10.

13. ЛАБИРИНТ «ҚАЛАЙ СЫЗАР ЕДІҢІЗ!»



ОНЫНШЫ БӨЛІМ
ШАРАДАЛАР МЕН
МЕТАГРАММАЛАР



Бойында білімің бар екен, одан басқалар да өз шырақтарын жағып алардай жағдай туғызыңыз.

Т. Фуллер

* * *

Оқу — қазына, еңбек — оның кілті.

П. Буаст

* * *

Жұмыс бізді үш үлкен жамандықтан: зерігуден, ауру-сырқаудан және жоқшылықтан құтқарады.

Ф. Вольтер

* * *

Өзінің еркін дамытқысы келген адам кедергілерді женіп үйренуге тиіс.

И. П. Павлов

* * *

Еңбексіз отырудан басқаның бәріне көнуге болады.

Ч. Дарвин

* * *

Уақыт — ақыл-парасатымызды жан-жақты жетілдіріп, кемелдендіруге, білімдар болуға берілген баға жетпес сыйлық.

Т. Ман

* * *

Сөз — халықтың қымбаттан қымбат кені.

С. Мұқанов

Кезекті бөлімге шарадалар мен метаграммаларды топтастырудық. Жұмбақ-ойындардың қызықты түрінен саналатын бұл танымдық туындылар бір-біріне өте ұқсас. Екеуі де негізінен сөздердің әр әрпін, әр буынын түрлендіру арқылы жасалады. Сондай-ақ, сол пайда болған мағыналы да, заттық ұғымды білдіретін сөздерге үстеме дыбыстар қосып, жаңа атаулар туғызу болып табылады.

Шарада мен метаграмманы белгілі бір тақырыптар бойынша жүйелеуге де болады. Мысалы, жер-су аттарына орай («География»), әдеби кейіпкерлер мен кітаптардың аттарына байланысты («Әдебиет»), сол секілді «Космос», «Биология», «Зоология», т. б. түрлі салаларға арнап жасалынады. Жеке-жеке әріптерге, яғни дыбыстарға әдейі құрастырылатындары да бар. Бұл кезде жалғыз сөздің құрамындағы бір әріп, я болмаса екі, үш т. б. әріп жұмбақталады. Мұндай «Алфавиттік метаграммалардың» біразын осы бөлімнен де табасыз.

Жасалу ерекшелігіне байланысты шарадаға алынған кейбір сөздердің белгілі буынын ғана «ойнатаң» қоймай, сол сөздің өзін бүтіндей шарадаға айналдырып жібереді. Мәселен, екі жағынан оқығанда да мағынасы өзгермейтін атаулар, я болмаса керісінше оңынан да, солынан да бірдей жазылып оқылатын, бірақ түрліше атауды білдіретін сөздер. Сөйтіп, іріктелген сөздер ұтқырлықпен құпияланып жұмбақталмақ. Орайлы тұста осындай сөз-

дердің бір тобын тізелік: Қазақ, Қалак, Қырық, Қебек, Науан, Наган, Ротор, Шалаш...

Тіпті жалғыз ауыз сөзді қойып, тұтас бір сөйлемді теріс оқысаң да, сол сөйлем қаз қалпында шығатындей етіп сөздерді іріктеуге болады. Ондай сөйлемдерді шарада-жаңылтпаш деген жөн. Эрине, бұл тәсіл өте қыын. Ерінбей, жалықпай ізденген жан шараданың мұндай түрін жасай алады. Соны ескеріп орысша, қазақша бірер үлгіні назарларыңызға ұсындық.

ҚЫР ҮІК ҚАЛАҚ ҚЫРЫҚ
ҚАЗ АҚ, АЛА ЛАҚ АЗ АҚ
ОКОЛО МИШИ МОЛОКО
ИСКАТЬ ТАКСИ
ОЛЕСЕ ВЕСЕЛО

Ал метаграммаға алынған сөздің жалғыз дыбысын өзге дыбыстармен алмастыру арқылы бірнеше жаңа атаулар жасалынады. Мысалы:

1. Ар — Шар, Жар, Нар, Қар, Зар, Тар, Пар, Ара, Ару, Ары.
2. Он — Тон, Бон, Дон, Жон.
3. Қаз — Баз, Саз, Жаз, Наз, Газ, Маз
4. Анар — Жанар, Қанар, Манар.

Осындай тәсілмен атаулар (сөздер) тобын іріктеп, жан-жақты дайындаپ алғаннан кейін олардың баламаларын жұмбақтауға, яки құпиялауға кірісеміз.

Шарада мен метаграмманың баламалары көбіне өлең түрінде, әйтпесе тұжырымды тіркестер мен орамдар арқылы беріледі.

ХИМИЯЛЫҚ ШАРАДАЛАР

1.

Алғашқы бұынным тасқын су, екіншісі мал құлағындағы белгі. Екеуі бірігіп химиялық элемент құрайды.

2.

Антониміне «көп» сөзінің,
«Тілсіз жауды» тіркесең
Көз алдыңда өзгерермін,—
Қажетті тыңайтқышқа айналып.

3.

Өзім темір, өзім шалбар,
Егер теріс қарай оқысаң,
Болармын бірі — қазба байлықтың.
Айтшы, мен сонда кіммін?

4.

Бірінші бұынным — сұрау есімдігі, екіншісі — сан есім. Қос бұынды біріктірсең — газға айналып шыға келем.

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ШАРАДАЛАР

5.

Мен өзім Қазақстандағы қаламын. Бірінші дыбысымды «А»-мен алмастырсаң, буырқанып, толқып теңіз болып жатамын. Ал егер осы теңіздің басына тағы бір әріпті қоса салсаң, сұрылып, Алтайдан бір-ақ шығамын. Сонда осы мен кіммін?

6.

Алғашқы буынның ат әбзелі,
Екіншісі түр аузында тізіле.
Ал егер қосып оқысаң,
Өзенмін мұхитқа барып құятын.

7.

Өзім қаламын, өзім кемін,
Айтшы сонда мен кіммін?

8.

Өзім қала, өзім станция темір жолдың бойындағы,
Алдыма әкелсең соңғы әріпті әскери бөлімшемін
ойлан тағы.

9.

Мен өзім ағашпын —
Көресің ауылдан да қаладан.
Ал өзен болсам долданған.
Табасың тек Кавказдан.

ТАБИГАТ ШАРАДАЛАРЫ

10.

Алғашқы буынның жыл мезгілі,
Екіншісі мал құлағындағы белгі.
Қос буынды қосып оқығанда —
Аңдардың бірімін терісі бағалы.

11.

Сан есіммін өзгермейтін он-теріс оқысаң,
Екінші дыбысым «О» болса — мекенімін
жануарлар.
Ал. жылқышыдан қалмаймын «О» орнына «Ұ»
қойсан.

АРАЛАС ШАРАДАЛАР

12.

Қос буынның да тағам түрі,
Біріктірсең болармын өнердің бірі.

13.

Өзім жәндік, өзім журнал,
Әрі еңбек құралымын.
«Қ» әрпін қойсаң алдыма,
Лезде бояу бол шығамын.

14.

Тұнде бармын, күндіз жоқпын,
Егер «Б»-дан бастап оқысаң,
Мыңғырып шыға келемін.

Ал осыған бояу түсін жалғасаң
Ғарышқа самғар батырлар менен күш алып.

15.

«Тілсіз жау»— менің атым,
Сан есіммін егер «Т»-дан бастасаң.

16.

Өзім шырын жеміспін.
Егер «Б»-дан бастасаң,
Киімдердің бірімін.
«Б» орнына «Қ» қойсаң,
Ежелгі ұста құралымын.
Айтшы сонда мен кіммін?

17.

Бірінші буынның құс аты.
Ал екіншісі — бояу түсі.
Екеуін біріктіріп оқысаң
Оңынан да солынан
Ұлт болып шығамын.

18.

Екі жағым «Н» болса,
Қасиетті тағаммын.
Екі жағым «А» болса,
Ел қадірлер адаммын.

19.

Ұзындық өлшеміне «О» жалға,
Жүресің жер астында болат жолда.

20.

Кемін, оған тіркे құсың менен панаңды,
Сонда мен жүлдyz болып жарқыраймын алдыңда.

АЛФАВИТТІК МЕТАГРАММАЛАР

21.

Токта бар,
Шоқта жоқ —

22.

Тракторда бар,
Машинада жоқ.

23.

Газда бар,
Сазда жоқ —

24.

Шөлде бар,
Көлде жоқ —

25.

Темірде бар,
Көмірде жоқ —

26.

Жалбызды бар,
Қарбызды жоқ —

27.

Фосфорда бар,
Күкіртте жоқ —

28.

Самолетте бар,
Ракетада жоқ —

29.

Алтында бар,
Күмісте жоқ —

30.

Бояуда бар,
Суретте жоқ.
Қоянда бар,
Көжекте жоқ —

31.

Жұлдызда бар,
Жерде жоқ.
Өзенде бар,
Көлде жоқ —

32. МЕТАГРАММА ЖАСАҢЫЗ

Назарларыңызға ұсынылған мына сөздерден метаграммалар жасаңыздар.

Бас. Бор. Шай. Қара. Лима.

ШАРАДАЛАР МЕН МЕТАГРАММАЛАРДЫҢ ЖАУАПТАРЫ

ХИМИЯЛЫҚ ШАРАДАЛАР

1.

Сел + ен. Селен.

2.

Аз + от. Азот.

3.

Сым. Мыс.

4.

Не? Он. Не + он. Неон.

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ШАРАДАЛАР

5.

Орал. Арал. Марал.

6.

Ер + тіс. Ертіс.

7.

Темір

8.

Отар. Рота.

9.

Терек

ТАБИГАТ ШАРАДАЛАРЫ

10.

Күз + ен. Күзен

11.

Қырық. Қорық. Құрық.

АРАЛАС ШАРАДАЛАР

12.

Бал + ёт Балет

13.

Ара. «Ара». Қара.

14.

Ай. Б + ай. Бай + қоңыр. Байқоңыр.

15.

Өрт Т + өрт Төрт

16.

Әрік. Б+әрік. К+әрік Көрік

17.

Қаз+ақ. Қазақ.

18.

Нан. Ана.

19.

Метр. Метр+о. Метро.

20.

Темір Темір+Қаз+ық Темірқазық

АЛФАВИТТІК МЕТАГРАММАЛАР

21. «Т», «Ш» дыбыстары.

22. Екі сөздегі бірнеше дыбыстар.

23. «С» дыбысы.

24. «Ш» дыбысы.

25. «Т», «Е» дыбыстары

26. «Ж», «Л» дыбыстары.

27—29. Бұл сөздердегі бірнеше дыбыстар.

30—31. Мұнда негізінен «Я» және «З» дыбыстарына ерекше мән берілгеніне назар аударған жөн.

МЕТАГРАММА ЖАСАНЫЗ

32.

Бас — Тас. Жас. Қас. Пас. Рас. Асы. Асу. Бау. Бақ. Бал.

Бор — Хор. Шор. Зор. Тор. Бар. Бер.


Май — Бай. Тай. Жай. Сай. Лай. Шай. Рай. Мак. Мат. Мал.

Қара — Шара. Жара. Дара. Сара. Араб. Арша. Арфа.
Арба. Арқа. Арпа. Арна.

Лима — Қима. Дима. Рима. Пима, т 6....

ОН БІРІНШІ БӨЛІМ

РЕБУСТАР



**Адам тумысынан ерекше болып тумайды,
ол өзін-өзі ісімен ерекше етеді.**

Ф. Петрарка

* * *

**Мен қам-қаракетсіздікті бейне бір адамның
өзін-өзі өлтіруі сияқты көремін.**

Ф. Честерфилд

* * *

**Үйренгісі келмеген адамнан ешқашан да
нағыз адам шықпайды.**

Хосе Марти

* * *

**Мен өзімнің барлық білімім мен еңбегімді
және тапқан табысымды тек өз Отанымға
арнауға тиіспін.**

А. С. Попов

* * *

**Шын мәнінде жарқын, бақытты өмір сұру
үшін көп білу қажет. Ұрыста мылтық қандай
керек болса, өмірде білім сондай керек.**

Н. К. Крупская

* * *

**Нағыз білім атаулыға өздігінен білім алу
арқылы ғана қол жетеді.**

Н. А. Рубакин

* * *

Білім — арзан, білу — қымбат.

Тұрмамбет Ізтілеуов

Ребус деген не? Ол ең алғаш қашан шыққан, жасалу жолы қандай? Міне, енді ребустың осындағы сырларын әңгімелемекпіз. Ребус сөз мағынасын, алынған сөйлемдерді суреттермен бейнелеп беретін жұмбақ-ойын түрі.

Латынша — *non verbus, sed rebus* — сөзбен емес, белгілі бір заттың (суреттің) көмегімен бейнелеу. Демек, «бейнелі сөз» деген ұғымды білдіреді. Бұл бір жағы әзіл ойын саналғанда, ондағы сөздерді суреттермен (түрлі заттардың бейнесі), әріптермен, цифр-таңбалар, алуан белгілер арқылы көрсеткен. Ребус ең алғаш рет Францияда XV ғасырда пайда болған. Ол жылма-жыл Жаңа жыл қарсаңында жергілікті өмір тіршілігінен алынған тапқырлық сөздер түрінде айтылған. Кейін келе 1582 жылы Францияда Э. Табуро дегеннің құрастыруымен тұңғыш ребустар жинағы жарық көреді. Ал Россияда ең бірінші ребус 1845 жылы «Иллюстрация» журналының бетінде пайда болды.

Ребусты құрастырмасстан бұрын алдын ала мағыналы да, тәрбиелік мәні зор мақал-мәтелдер, нақылдар, сөз тіркестері таңдап алынады. Сондай-ақ, ребусты құрастыруға әйгілі адамдардың лұғатты сөздерінен, жыр шумақтарынан үзінділерді пайдалануға болады.

Ребустың жасалу жолдары өзге жұмбақтарға мұлдем ұқсамайды. Енді туған жер, туған ел туралы айтылған «ТУҒАН ЖЕР — АЛТЫН БЕСІК» деп аталатын халық

мақалын алайық та, осы сөздерді суреттермен бейнелеп, ребус жасап көрелік.

Ең алдымен «туған» деген сөзді қандай суретпен немесе қандай затпен бейнелеуге болар екен. Осыны ойлайық. «ТУҒАН» жеке тұрып бір затты білдіре алмайды. Сондықтан осы сөздің алғашқы буыны «ТУ» деген заттың мағынасын береді. Ендеше, тудың (жалау) суретін саламыз. Сонымен «ТУҒАН» сөзінің алғашқы екі дыбысын сурет арқылы бейнеледік. Оған «ға» әріптерін қосу үшін сағаттың суретін саламыз да, осындағы басқы екі және соңғы бір әрпін алып тастаймыз. Ал сөздің басынан, я соңынан алынған әріп-дыбыстарды олардың санына орай үтірлермен белгілейміз. Суреттері салынған ту мен сағаттың соңынан «Н» әрпін бейнелейтін зат жоқ болғандықтан осы әріптің өзін тіркеп жазамыз. (Әріптердің өзін түрліше құбылтып сыйзуға болады.) Сонымен «ТУҒАН» деген сөзді суретпен бейнелеп шықтық. Осыдан кейін ЕРДІҢ суретін салып, басына «Ж» әрпін жазып қоямыз. Ал «АЛТЫҢ» сөзін «б»—цифрына «Н» дыбысын қосып бейнелей салса болғаны. ЕСІКТІҢ суретін салып, басына «Б» әрпін қосса «Бесік» сөзі де шығады. Сөйтіп, алынған сейлеміміз түгелдей суреттерге айналып шыға келді. (№ 7. Ребусқа назар аударыңыз).

Жоғарыда түрлі штрихтармен бейнеленген халқымыздың мақалына алынған кейбір суреттердің басқа ребуста (№ 12 ребусты қараңыз) кездесетінін арнайы айтқанды жөн көрдік. Бірақ, бұл жолы ол суреттер өзгеше бейнеленген. Қайталанатын сурет-бейнелерді құбылтып салу ребусты түрлендіре түседі.

Ал осы ребусты тілге тиек етуіміздің мәні бар. Немістің белгілі жазушысы, драматургі Бертолльт Брехттің «ЕН БАСТЫСЫ — АДАМДАРДЫ ОЙ САРАПТАУҒА ҮЙРЕТУ» деген тамаша сөзіндегі құпияланған кей суреттерді жыға ажырату қын-ақ. Мәселен, «ЕН БАСТЫСЫ» сөзін көптеген адамдар «бас» және «мысық» бейнелері арқылы тез шешүге үмтүлады. Сөйтіп, сейлемді

«Бастысы» деп оқитыны анық. Ал «бастың» сыртындағы дөңгелек суретке көніл аудармайды. Негізінен ол — «шебер» деген сөздің басынан бір, соңынан үш әріпті алып таставандағы «ЕҢ» сөзінің жұмбақталуы. Сол секілді «САРАПТАУ» сөзіндегі «С» және «П» дыбыстары «араның» ұстайтын тұтқасы мен үшіна орналастырылғанын кейбіреулер елей бермейді. Ребустарды күрделендіріп, шешуін қыынданат тұсу үшін осылайша суреттерді ұрымтал әрі ұтқыр пайдалана білу керек.


Ребустың тағы да мынадай сырлары мен құпиялары бар. Жоғарыда айтылғандай, кейбір ребустарда алғыншып тасталған үтірлер орнына әріpter қосылышып таңбаланады. Сөз арасындағы кей дыбыстар бейнеленген суреттерде қажетсіз болса, онда сол әріп үстінен сзызылып немесе кішкене шенбермен қоршалады. Бұл ондай әріpter оқылмайды дегенді білдіреді.

Сонымен қатар суреттер аударылып салынса, табылған сөз де теріс оқылады. Ал кейде бір сөзді белгілі заттың атауын білдіретін әріpterді теріп орналастыру арқылы бейнелейді. Ол үшін көрсетілген заттың (суреттің) аты дыбыс санына байланысты шифрланады да, керекті сөзімізді сол цифrlардың орналасу ретіне қарап тауып аламыз. Мұнда да артық цифrlар сзызылып тасталып, орнына басқа әріpter жазылуы мүмкін.

Мінеки, мұндағы ребустарды осы бөлімнен кездестіре-сіздер. Ребустың сөзжұмбақтың кез келген түрімен аралас құрастыруға болады. (Мысалы, Ребустың сөзтізбек. Ребустың криптограмма, Ребустың анаграмма, т. б.) Ребустың суретін ақ қағазға қара тушьпен салу керек. Ондағы сурет-бейнелер анық та тартымды болғаны жөн.

Енді мына ребустармен танысып, оларды шешіп, жауаптарын тауып көріңіздер.

1. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РЕБУС




Назарларыңызға ұсынылған ребусты дұрыс шешкенде, табиғат туралы нақыл сөз шығады.

Кәне, ойланып көрелік. Ол қандай сөз екен?


2. РЕБУС.

Адам баласы қашанда адал еңбегімен көріктеніп, көп құрметіне бөленіп келеді емес пе. Ал еңбекті жоғары дәріптеген халқымыздың аузында талай-талай дана сөздер бар. Солардың бірі алдыңыздағы ребусқа алынды.




3. РЕБУС

Осы ребустағы қанатты сөз білімнің мәңгі құдіреттілігін баюндайды. Ол қандай сөз? Шешіп көріңіздер.



4. РЕБУС




Халқымыздың неше алуан мақал-мәтелдерінің ішінде ынтымақ-достықты дәріптейтіндері де толып жатыр. Соның бірі осы ребусқа арқау етіп алынды.


Ойланып көрелік, ол қандай нақыл екен?

5. РЕБУС

Тәмендегі ребуста да достық жайында айтылған нақыл сөз жұмбақталған.



6. РЕБУС



Егер мына берілген ребусты дұрыс шешсе, төрт түліктің
бірі жайында айтылған халық нақылын оқуға болады.
Сонымен, бейнелі суреттерді қалай сөйлетер едіңіз?

7. РЕБУС




Мына ребусты дұрыс шешкенде туған жер, туған ел туралы
айтылған қазактың халық мақалы шығады.



8. РЕБУС

Ал оң жактағы ребусты дұрыс шешсе, оқу-білім туралы айтылған
халық нақылын оқи аласыздар.

9. РЕБУС




Тұған елге деген сүйіспеншілік, ыстық махаббат — адам баласының тамаша асыл қасиеті болса керек. Мінеки, мына ребуг осыған арналды.

10. АСТРОНОМИЯЛЫҚ РЕБУС


Бұл астрономиялық ребусқа өзек ретінде алынған қазақтың халық мақалы негізінен аспан денелерінің суреттері бойынша жұмбақталған.

Ол үшін сурет-бейнелерді анық ажыратып, берілген баламаларды дұрыс шешу керек. Ребустағы символдық таңбалар туралы не білесіз?



11. РЕБУС


Ұлы Абай өлеңдерінің мәні де, мазмұны да айрықша зор. Үлкен-кіші әр кез сүйіспеншілікпен оқитыны баршаға мәлім. Оған айғақ-ғұлама ақынның көптеген асыл сөздерінің ел



аузында тамаша нақылға айналып кеткендігі.


Мына ребусқа да сондай өлеңнің екі жолы келтіріліп отыр.
Кәне, шешіп көріңіздер.

12. РЕБУС



Егер мына ребусты берілген баламалары бойынша дұрыс шешсе, көрнекті неміс жазушысы, драматургі, өнертанушы арі қоғам қайраткері Б. Брехттің тамаша сөзі шығады!

13. РЕБУС




Адам өмірінің елеулі белесі — жастық шақ жайында айтылған дана сөздері, інжү-маржанға айналған мақал-мәтедері, әйгілі адамдардың аузынан шыққан лебіздері өте көп.


Сол нақылға бергісіз сөздердің бірімен осы ребусты шешкенде танысасыздар. Бұл сөздердің авторы кім?

14. РЕБУС-АНАГРАММА

Беріліп отырған ребустың суреттері бойынша шыққан сөздерді әрқайсысының тұс-тұстарындағы тор көздерге орналастырып шықса, айрықша көрсетілген сызық бойынан республикамыздағы жасанды теңіз аты шығады. Кәне, ойланып көріңіз. Ол қай теңіз?




15. РЕБУС



Отан хақында айтылған ұлылардың ұлағатты лебіздері де мол. Ғажайып нақыл-сөздердің бірі осы ребуста жүмбақталған.

Егер дұрыс шешсеңіздер атақты орыс совет жазушысы Константин Георгиевич Паустовскийдің Отанның құдіреті жайында айтқан сөзі шығады.

16. РЕБУС



Тәлап туралы, өмірге құштарлық туралы айтыладын халық мақалы осы ребусқа келтіріліп отыр.


Ол қандай мақал?

17. РЕБУС




Адам және оның ісі жайында мына ребус айтады. Кәне шешіп көріңіз.

18. РЕБУС



Назарларыңызға ұсынылған осы ребусты дұрыс шешсеңіздер, қазақтың атақты ағартушы-педагогі ыбырай Алтынсариннің оқу-білім туралы жазған өлеңінен үзінді шығады.

19. РЕВУС




Кезекті ребусты жас жеткіншектер сендерге арнал жасадық. Өйткені, өздерің нің бос уақыттарында көбіне жақсы кітап оқуға арнаисындар.

Қызықты да тартымды кітаптардың оқиғалары жайында, олардың кейіпкерлері туралы өзара пікір алысатындарың да белгілі Сондықтан бұл ребус кітаптар туралы.


Суреттегі қандай кітаптар? Оны сен оқыдың ба? Ребусты шешіп көр.

20. РЕБУС

Осы ребусты дұрыс шешсе, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, Социалистік Еңбек Ері, академик-жазушы Фабит Мұсіреповтің нақыл сезін оқуға болады.



21. РЕБУС



Жоғарыдағы ребусты дұрыс шешсөңіздер, әйгілі совет жазушысы Максим Горькийдің кітап туралы айтқан тамаша сезімен танысадыздар.

РЕБУСТАРДЫҢ ЖАУАПТАРЫ

1. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РЕБУС

Жас достар, табиғатты сүйіндер! Табиғат — Отан байлығы.

2. РЕБУС

Бақыт кілті — еңбекте.

3. РЕБУС

Қаламмен жазғанды, қанжар өшіре алмайды.

4. РЕБУС

Бірлік болмай, тірлік болмас.

5. РЕБУС

Досы жоқ адам саясыз ағашпен тең.

6. РЕБУС

**Мал өсірсең — қой өсір.
Табысы оның көл-көсір.**

7. РЕБУС

Тұған жер — алтын бесік.

8. РЕБУС

Оқу инемен құдық қазғандай.

9. АСТРОНОМИЯЛЫҚ РЕБУС

**Сүмбіле туса — су сұыр,
Таразы туса — таң сұыр.**

Бұл ребуста Сүмбіле жұлдызының орналасуы бейнеленген, сосын Таразы зодиакты шоқжұлдызының символикалық таңбасы көрсетілген

10. РЕБУС

Елін сүйген ер болар.

11. РЕБУС

**«Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез».**

Абай

12. РЕБУС

«Ең бастысы — адамдарды ои сараптауға үирету»

Б. Брехт

13. РЕБУС

«Жастық — адам өмірінің биік шыңы»

Гете

14. РЕБУС-АНАГРАММА

Арқар. Аракс. Шопан. Лашын. Театр. Сағат. Прага. Майор

Қапшағай

15. РЕБУС

«Адам жүрексіз өмір сүре алмайтыны сияқты, Отансыз да өмір сүре алмайды».

К. Г. Паустовский

16. РЕБУС

Талапты ерге нұр жауар.

17. РЕБУС

Ағашты жемісінен, адамды қынен таниды.

18. РЕБУС

Кел, балалар, оқылыш,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылыш.

Ы. Алтынсарин

19. РЕБУС

М. Әуезов «Көксерек», Ш. Айтматов «Ақ кеме», F Мұсірепов «Қазақ солдаты», Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер», Қ. Мырзалиев «Күміс қоңырау», М. Етекбаев «Болатбек»

20. РЕБУС

«Аңыз анасы — шындық».

F Мұсірепов


21. РЕБУС

«Білім бұлағы — кітапты сүйіндер»

М. Горький

ОН ЕКІНШІ БӨЛІМ

ОЙ-ЖҰМБАҚТАР



Ойшылдардың ойы тез сапырыгысып жатқан кезде ойланбайтын көптің басы айналады.

В. О. Ключевский

* * *

Ақылға тыныштық емес, жаттығулар күш береді.

А. Пол

* * *

Ешкім бәрін білуші де, бәрі қолынан келуші де бола алмайды.

Вергилий

* * *

Адам неғұрлым білімді болса, соғұрлым ол өзінің Отанына көбірек пайда келтіреді.

А. Грибоедов

* * *

Үйреніңіздер, оқыңыздар, ақылға салыңыздар, оның ішінен ең қажеттісін таңдал алыңыздар.

Н. И. Пирогов

* * *

Нағыз құштарлық пен сүйіспеншіліксіз қайіс болса да ілгері баспайды.

И. П. Павлов

* * *

Дүниедегі ең барып тұрған арман, барып тұрған қайғы творчестводан өте алмас.

Б. Бұлқышев

Ойы алғыр, қиялы ұшқыр қадірлі оқырман, бұған дейін танымдық сөзжұмбақтардың неше түрімен таныстыңыз. Өзінің жасалу жолы, құрастырылу әдіс-тәсілдеріне орай ерекшеленетін олардың қай-қайсысы да ешкімді бейжай қалдырmasы анық. Білмекке құштар үлкен-кішіні қызықтырып, ынтықтырары сөзсіз. Өйткені, танымдық ойындардың үйретері де, берер пайдасы да мол.

Кітаптың бұл бөліміне бір-біріне ұқсамайтын сандырлі ой-жұмбақтарды жүйелеп топтастырғанды жөн көрдік. Осынау қылыш-қылыш жұмбақтардың ойшыл да ізденгіш жастарды елең еткізіп, тіпті ересектердің де назарын аударары аян. Танымдық туындылардың кез келген мамандық иелерінің бос уақыттарын тиімді де мазмұнды өткізулеріне септігін тигізері белгілі. Өйткені, ұлы Пушкин: «Ең арғы жағы геометрияға да шабыт керек», — десе, әйгілі математик С. Ковалевская: «Ақын жанды болмасаң, математик те бола алмайсың», — деген ғой.

Иә, бұл бөлімде шытырман жұмбақтар, құпия сөздер, шешуі қыын есептер, астарлы әріптер, психологиялық және логикалық жаттығулар, бәрі-бәрі бар...


Қайсыбір ойындардың жасалуындағы элементтер бұған дейін таныстырған танымдық дүниелерде ұшырасқанымен, бұл топтағы ойындардың өзіндік дара сипаты бар.

Тапқырлыққа, табандылыққа, алғырлыққа үйрететін жұмбақ-ойындар қай-қайсысымызды да ойға шомдырады, ұзақ толғандырады. Сондықтан да оларды — «Ой-жұмбақтар» деп атап отырмыз. Тек сол жұмбақтардың сырлы кілтін ашуды өздеріңізге қалдырдық.


1. ӘРІПТЕРДІ АЛМАСТЫР

Назарларыңызға үсынылған тақтада бірнеше есеп-ойын көрсетілген. Э дегенде әр есептің жауаптары да берілгені байқалады. Шын мәнісінде олай емес. Жалпы, бұл математикалық жұмбақты дұрыс шешу үшін цифрлардың орнына қойылған әріптердің тиісті сандармен алмастыру керек.

Сонымен, әріптердің орнына қандай цифрларды жазуға болады?



II. БӨЛІКТЕРДЕН ФИГУРА ЖАСА




Мына суретке көз жүгірткен әркім-ақ таңбаланған бөліктерді байқайды. Жүйесіз әрі ретсіз осы сегіз бөліктен тұтас бір фигура жасап көріңіз. Сол кезде шашыраңқы әріптер «сей-леп» қоя береді.

Иә, бөліктерді дұрыс орналастыра білсеңіз, қазақтың халық мақалын оқисыздар.

III. ЕҢ ҮЗДІК ШАХМАТШЫЛАР


Егер жіті назар аударсақ, мына шахмат тақтасындағы жыптырлаған әріптерді оқып шығуға болады. Сонда әлемнің ең үздік тоғыз шахматшысының фамилиясымен танысасыздар. Бұл жұмбақтың кілтін — ат жүрісі бойынша шешу керек.

Ол шахматшылар кімдер және қай елдің өкілдері?



IV. ЖҮЙЕСІН ТАП

Шеңбер бойында орналасқан әріптерді жүйесін тауып оқығанда оқу-білім туралы айтылған халық мақалы шығады. Ол қандай мақал?




V. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУ

Келесі ұсынылған бұл психологиялық жаттығуды ә дегенде орындаپ шығу мүмкін емес. Негізгі мақсат — көрсетілген әр фигураны қарындашпен бір жүрген жерінді еш қайталастан дұрыс сыйып шығу керек.


Егер жаттығудың кілтін дәл таба алсаңыз, қарындашты көтермesten бір бағытта жылжытқан күйде фигуralардың әрқайсысын жеке-жеке тегіс қайта көшіріп сыйзуға болады.

Әрине, ол үшін төзімділік қажет. Ерінбей ойланып көріңіз. Берілген жаттығудың құпиясын қалай табар екенсіз?




VI. СӨРЕДЕГІ КІТАПТАР

Кітап сөресінде шығармалар жинағының он томдығы ретсіз жиналышты. Ал осыларды екі-екі кітаптан алғып, үш рет орын ауыстырса болғаны, олар рет-ретімен тұрады. Сонда кітаптарды қалай ауыстырар едіңіз?



VII. 16 ЖӘНЕ 32 СӨЗ, СОСЫН...

Назарларыңызға ұсынылған бұл жұмбақ бұрын жарияланып жүрген еш ойынға үқсамайды. Шеңбер бойына жағалай орналастырылған атау сөздердің жалпы саны 32 болғанымен, олар 16 көлбеу тор көздерге белінгені белгілі. Ал егер берілген баламалардың жауптарын дұрыс тауып орналастырса, ай-



рықша көрсетілген, тор көздерден ынтымақ туралы айтылған халық мақалы шығады.

1—2. Тыныс белгісі. Иіссу. 3—4. Белгілі қазақ бишісі. Бояу түсі. 5—6. Спорт түрі. Жасанды қатты отын. 7—8. Тұлік. Өрмекші тектес жәндік. 9—10. Ағаш, Белоруссиядағы қала. 11—12. Шымкент облысындағы өзен. Ұлт. 13—14. Қымыз ашытуға арналған ыдыс. Шығыс халқының ұлттық ыдысы. 15—16. Жеміс. Кісі есімі. 17—18. СССР-дегі теңіз. Қазақстандағы облыс. 19—20. Бие байлайтын жер. Қазақтың үй шаруасына пайдаланған ежелгі құралы. 21—22. Ірі қара. Қос ен. 23—24. Ақша-есеп айырысу орталығы. Әскери техника. 25—26. Л. Хамидидің әні. Түйе атауы.


27—28. «Қала» атауының синонимі. Тарыдан жасалған тағам.
29—30. Азиядағы мемлекет. Мерекелік жарнама. 31—32. Грузин халқының даңқты ақыны. Төл.

VIII. ҚАЛАЙ ҚҰРАСТЫРУҒА БОЛАДЫ!

Тәмәндегі суретте көрсетілген фигура ә дегенде көз алдыңа кесенің бейнәсін елестетеді. Асықпай, ретін тауып осы кесені үш бөлікке бөлу керек. Сонын сол бөліктерден тұтас тік төртбұрышты, яғни жаңа бір геометриялық фигураны құрастырыңыз.

Әрине, бұл тапсырманы орындау оңай емес. Сондықтан бірігіп ойланып көріңіздер. Бөліктерді қайтадан жасап, құрастыру үшін қайшы мен қарындашты, сызығышты пайдаланған дұрыс.


Иә, кесені квадратқа қалай айналдыруға болады?



IX. ЕКІГЕ... СОСЫН ҮШКЕ БӨЛ

Мына беріліп отырған сағаттың суреті арқылы екі жұмбақ есепті шешу керек. Ең алдымен циферблаттағы сандарды тең екі бөлікке бөліңіз, сонда әр бөліктегі цифrlардың қосындылары да бірдей болмақ. Содан кейін ціферблатты қайтадан үш бөлікке бөліп көріңіз. Мұнда да әр бөліктегі сандардың қосындысы бірдей болатынын ұмытпаған жөн.

Сонымен, ойланып көрелік. Қалай дұрыс бөлүге болады?



X. ЖҮРГЕН ІЗІНДІ ҚАЙТАЛАМАЙ

Дойбы тақтасын жайып, жалғыз тасты оң жағындағы ең шеткі ақ шаршыға қойыңыз. Ендігі тапсырма мынадай — ол жалғыз тасты тек ақ шаршы-жолдар бойынша жылжытып тақтаның жоғарғы жағындағы ең шеткі ақ шаршыға апарып қою керек.

Әрине, бір жүрген жолынды екінші мәрте қайталауға болмайды. Тасты жылжытқан кезде жүрген ізің бірін-бірі қылп ете береді.

Жүрген ізінді қайтalamай қалай жүрер едіңіз? Ойланып көріңіз.


XI. АҒАШТАҒЫ ЖАЗУ

Алдыңызда шашылып жатқан тақтайшаларды дұрыстап қайтадан жинау керек. Ол үшін әр тақтайшадағы кетіктер бір-бірімен қиюласып, дәл келуі тиіс...

Егер тақтайшалар дұрыс орналасса, тұтастай үлкен тақта


пайда болады. Сол кезде ағаштағы жазуларды да мүдірмей оқи аласыз.

Сонда ағашта қандай сөздер жазылған? Ол туралы не білесіз?



XII. ЛОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Мына тақтада геометриялық фигуралардың түр-түрі бейнеленген. Соған қарап өзіңіздің есте сақтау қабілетіңізді байқап көріңіз. Логикалық тәжірибені бақылау үшін тақтадағы сан алуан фигураларға бес-алты секунд қана көз жүгіртіп, іле-шала ақ қағазға олардың орындарын аудыстырмай қа-




рындашпен салу керек. Бірден қаз қалпында көшіре алмауыңыз да мүмкін. Шыдамдылық пен тәзімділікті талап ететін бұл жаттығуды әлденеше рет қайталап үйренген жөн.

XIII. ҚАЛАЙ АТАЛАДЫ?

Әр заттың, кез келген нәрсенің өз атауы болады. Күнбекүн қолымыздан түспейтін кітаптың да әр бөлшегінің өз аты бар. Бір мезет мына суретте бейнеленген кітапқа үніліп көріңізші. Цифрлармен көрсетілген кітаптың мұқабасынан басқа бөлшектерінің қалай аталатынын толық білмей қиналатынымыз анық.

Дегенмен де шетінен есіңізге түсіріп көріңіз. Кітап детальдары орысша, қазақша қалай аталады?



XIV. ЖҰЛДЫЗДАР МЕН БӨЛІКТЕР

Төмендегі тор көздерге жұлдыздар шашырап орналастырылған. Олардың жалпы саны — он алты.

Осы жұлдыздарды орындарынан қозғамай төрт-төрттен толтап, төрт бөлікке бөліңіз. Ескерер жай — төрт бөлік те бір-бірінен айнымайтын болуы керек.

Иә, жұлдыздар мен бөліктерді қалай жүйелеуге болады?

| | | | |
|---|---|---|-----|
| ★ | | | ★ |
| | ★ | ★ | ★ |
| ★ | ★ | | ★ |
| | ★ | ★ | ★ |
| ★ | | | ★ ★ |

?

XV. 12 ӘРІП ЖӘНЕ 21 СӨЗ

Өздеріңіз көріп отырған жоғарыдағы 12 әріптен 21 сөз шығару керек. Ол үшін сағат тілі бойынша, белгілі бір жүйемен ешқандай әріпті аттамастан рет-ретімен оқыған жөн.

Сонымен, ойланып көрініздер, қанша сөз табады екенсіздер.



XVI. АТ ЖҮРІСІ БОЙЫНША

Шахмат тақтасындағы жыптырлаған әріптерді ат жүрісі бойынша тізіп шығыңыз.



Егер шытырман жолда қате жібермесеңіз, дүние жүзіндегі ең таңдаулы шахматшылардың фамилияларын оқисыздар. Олар кімдер?

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Б | М | Л | Н | Х | И | Б |
| Я | Д | Ю | Л | Е | А | Р |
| Э | Н | Ч | А | О | С | П |
| Е | В | Б | Н | И | А | Й |
| Е | Н | Р | Е | В | Л | Е |
| С | Р | А | Ю | И | В | Е |
| Т | Р | С | И | Л | О | Н |
| С | К | А | Н | О | Й | Г |



XVII. КІЛТІН ТАП

Назарларыңызға ұсынылып отырған төмендегі ой-жұмбағы әдеттегі танымдық дүниелерден өзгешелеу. Алғырлар үшін оның кілтін табу қын емес. Ол үшін ең алдымен, бе-



рілген төрт сөздің баламасын тауып, ондағы әріптерді суреттегі цифrlармен алмастыру керек.

Шәмші Қалдаяқовтың әні — 1.2.13.14.15.2.1.16.3.6.

Екі мәрте Совет Одағының Батыры, атақты ұшқыш — 10,12.5.1.

Тай — 1.4.8.1.7.

Сүрлеу-соқпақ — 11.9.

Енді сол жоғарыдағы таңба-әріптерді дұрыс қиюластырып, екінші суреттегі жұмбақ жазуды оқып көріңіз. Ол қандай сөз екен?

XVIII. ЦИФРЛАР, ЦИФРЛАР...

Бес рет жазылған бірлік сандардан қандай амал арқылы 100 санын шығаруға болады?

* * *

XII рим цифрынан жеті санын қалай жасар едіңіз?

* * *

Бес рет жазылған 5 санынан қандай амалдардың көмегімен 100 санын шығаруға болады?

* * *

15 шардан үшбұрыш жасауға болады, бірақ төрт бұрыш жасай алмайсыз. Бір шар жетпей қалады. Ал үшбұрыш секілді төртбұрыш құрастыру үшін қанша шар керек? Шардың жалпы саны 50-ден аспауы тиіс.

* * *

18 санын екіге белгенде, 20 шығады. Қалай белер едіңіз?

* * *

Жиырмадан 88-ді алғанда 22-і қалады. Мұны қалай шығарасыз?


* * *

188-ді екіге беліп жүзді қалай шығаруға болады?

XIX. «...А...а...»

Кезекті ой-жұмбағындағы өңкей «А» дыбыстары суретте ашық көрсетілген. Олардың дәл келуі үшін берілген сауалдардың жауаптарын дұрыс тауып, тиісті тор көздерді толтыру қажет.

1. Праволық документ.
2. Ауыз әдебиеті жанры.
3. Қазақстандағы қала.
4. Ақтөбе облысындағы аудан.
5. Халық композиторы.
6. СССР халық артисі, совет театр шебері.
7. Айналадағы қоршаған орта.
8. «Еңлік — Кебек» трагедиясынан кейіпкер.
9. Атақты неміс композиторы.
10. Карл Маркстың ұлы еңбегі.
11. Тәтті тағам.
12. Қазақстандағы облыс.
13. Республикадағы баспа.
14. Тұн құсы.
15. «Орал өнірі» облыстық газетінің ең алғашқы аты.
16. Тәулік мезгілі.




XX. КІТАП БЕТІНДЕГІ СЫЗЫҚТАР

Білімнің қайнар бұлағы саналған кітап хақында айтылған асыл сөздер өте көп. Соның бірі тәмендегі ой-жұмбаққа арқау болып отыр.

Кітап бетіндегі айқышұйқыш сыйықтарды дұрыс сөйлету керек. Ал құпия сыйықтардың кілті жоғарыдағы парақта көрсетілген.

Сонымен, кітап мұқабасында не жазылған? Ол сөзді кім айтқан, білесіз бе?



XXI. БҰЛ ҚАНДАЙ ТАҢБАЛАР?

- | | | | |
|-----------------------|------------------------|------------------------|------------------------|
| 1. α | 7. η | 13. γ | 19. τ |
| 2. β | 8. υ | 14. ξ | 20. ο |
| 3. γ | 9. λ | 15. ο | 21. φ |
| 4. δ | 10. χ | 16. π | 22. χ |
| 5. ε | 11. λ | 17. ρ | 23. ψ |
| 6. ξ | 12. μ | 18. σ | 24. ω |

Мына суреттегі пиктограммалық таңбалар түралы не білесіз? Олар қалай аталады? Барлығын рет-ретімен тізіп шығыңыз.

ХХII. БЕЛГІЛІ БІР ЖҮЙЕМЕН

Бұл суреттегі ортада ерекше көрсетілген «і» дыбысы барлық сөздерге ортақ. Төменде балама-жауаптар шашыратып беріліп отыр. Ал оларды тор көздерге дұрыс тауып, белгілі бір жүйемен орналастырып шығуды өздеріңізге қалдырдық.

Париж сахнасында ән шырқаған әйгілі қазақ әншісі.

Қазақстандағы көне қалалардың бірі.

Алып жануар.

Белгілі драматург-жазушы, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.


Абай жолы эпопеясынан кейіпкер.

Бас мүшесі.

Шіл тұқымдасына жататын құс

«Жезкийік» әнінің авторы, әуесқой композитор.

Қазақ батырлар жырынан кейіпкер.




ХХIII. КЕПТЕР ҚАНША, БҰТАҚ ҚАНША!

Аулада үшып-қонып жүрген бір топ кептерді кішкентай бұлдіршіндер қуалап үркітіп жіберіп еді, олар сонадайдағы жалғыз түп ағашқа барып қонды. Бірақ, таласып әр кептер өр бұтаққа қонақтаған кезде бір кептерге жеке бұтақ жетпей қалды.

Ал керісінше кептерлер өр бұтаққа екі-екіден қонақтағанда бір тал бұтақ артық болып шықты.

Сонда бір түpte неше бұтақ болғаны? Кептерлердің жалпы саны қанша?

ХХIV. БҰЛ ҚАНДАЙ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАП!



Мына сандар мен таңбадан музыкалық аспапты қалай құрастыруға болады? Ойланып көрейік.

ХХV. ШЫРПЫ, ШЫРПЫ ЖӘНЕ ШЫРПЫ


Иә, шырпы арқылы да танымдық жұмбақтардың көптеген түрлерін жасауға болады. Жалпы сіріңке ойыны ертеден белгілі, өзіндік тарихы бар. Онымен атақты адамдар да айналысқан. Мәсөлән, пролетариаттың ұлы жазушысы М. Горькийдің жеке кітапханасындағы қыруар кітаптардың арасында 1907 жылы жарық көрген ерекше кітап сақталыпты. Ол —«Игра со спичками» деп аталады.

Осы кітаптың алғашқы бетіне атақты қalamгер өз қолымен былай деп жазыпты: «Ұлым! Кешкі бос уақытыңда айналысуға таптырмайтын тамаша кітап. Егер осындағы түрлі есеп-


жаттығуларды жауабына қарамай шешетін болсан, «жарайсың» дер едім...»

Бұл жалғыз ғана дерек. Шырпы ойыны да алғырлыққа, тапқырлыққа үйретеді. Адамдар бойындағы қабілетті шыңдаумен бірге, психотерапевтердің айтудынша, жүйке жүйелерінің жұмысына да аса пайдалы.

Шырпы бойынша әр қылыш есептер шығарып, түрлі фигурандар жасауға болады. Олардың қай-қайсысы да таным шенберін көңейтуге көмектессе керек. Сондықтан да шырпы арқылы құрастырылатын бірнеше жұмбақты назарларыныңға ұсынғанды жөн көрдік:



а) Мына суреттегі 12 тал шырпидан түрған жалғыз квадраттан (төртбұрыш) 5 квадратты қалай жасауға болады?



ә). Осы 10 тал шырпидан жасалған фигураның қалпын еш бұзбастан, тағы 5 тал шырпидан көмегімен тұра осындағы үш фигураны қалай құрастыруға болады?

б). Алты тал шырпидан төрт үшбұрышты қалай жасауға болады.

XXVI. КВАДРАТТАР ҚАЛАЙ ЖАСАЛАДЫ!

Шырпы арқылы жасалатын танымдық есеп-ойындардың және бір тобын бөлек ұсынғанды жөн көрдік.

- 1). Он тоғыз тал шырпыдан 7 квадратты қалай құрастыруға болады?
- 2). Жиырма тал шырпыдан 9 квадратты қалай жасап алар едіңіз?
- 3). Қырық үш тал шырпыдан 16 квадратты қалай құрастырап едіңіз?


Бұл жерде мынадай шарттарды ескертеміз. Сіріңке шиінен квадраттар жасаған кезде құрастырылатын тік тор көздердің сыртқы пішініне айрықша назар аудару керек. Квадраттарды жалпы санын шығарамыз деп жөн-жосықсыз тіркеуге болмайды. Ретсіз қаланған квадраттар саналмайды. Сондықтан да жоғарыда берілген әр тапсырмадан жеке-жеке фигура жасаңыз.

Иә, ендігі кезек өзіңізде, ойланып көріңіз.

XXVII. АЙЫРМАСЫН АЖЫРАТ

Суретшінің мына бір өзіл суреті лабиринт тәсілімен салынған. Шаштараздың, кішкентай балдыրғанның шашын алып тұрған сәтін екі қырынан бейнелепті. Бірақ, қылқалам шеберінің асығыста салған суретінде біраз кемшіліктер байқалады. Жіті жанар жүгірткен әркім-ақ шырғалаң қос суреттен бірін-бірі толықтырап айырмашылықтарды ажырата алады.

Сонымен, екінші суреттегі жетіспейтін бөлшектерді тізіп шығыңыз. Олардың жалпы саны қанша?



ОЙ-ЖҰМБАҚТАРДЫҢ ЖАУАПТАРЫ

I. ӘРІПТЕРДІ АЛМАСТЫР

$$38 \times 25 = 950$$

$$134 \times 516 = 69144$$

* * *

$$434 : 14 = 31$$

$$891 : 27 = 33$$

II. БӨЛІКТЕРДЕН ФИГУРА ЖАСА

Бөліктерді рет-ретімен қиюластырғанда жаңадан жасалған фигурадан қазақтың мынадай мақалы шығады:

Ағаш — бұтағымен көрікті,

Адам — үрпағымен көрікті.


III. ЕҢ ҮЗДІК ШАХМАТШЫЛАР

1. Каспаров. 2. Чибурданидзе. 3. Карпов (үшінші де СССР). 4. Тимман (Голландия). 5. Портиш (Венгрия). 6. Хъяртарсон (Исландия). 7. Николич (Югославия). 8. Шорт (Англия). 9. Нанн (Англия).

IV. ЖҮЙЕСІН ТАП

«Кітап — білім бұлағы».

V. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУ



VI. СӨРЕДЕГІ КІТАПТАР

Ең алдымен қатар тұрған 4 пән 7-інші томды алып, 3 пән 8-дің арасына апарып қоямыз. Соңан соң 6 мен 10-ды кітаптардың ең соңына апарып, 5 пән 6-ны 4-інші мен 7-інші томның арасына орналастырса болғаны кітаптардың реті шығады.


VII. 16 ЖӘНЕ 32 СӨЗ, СОСЫН...

1—2. Үтір. Әтір. 3—4. Шара. Қара. 5—6. Бокс. Кокс.
7—8. Түйе. Бүйе. 9—10. Арша. Орша. 11—12. Арыс. Орыс.
13—14. Саба. Таба. 15—16. Өрік. Ерік. 17—18. Арал. Орал.


19—20. Желі. Келі. 21—22. Өгіз. Егіз. 23—24. Банк. Танк.
25—26. «Отан». Атан. 27—28. Кент. Жент. 29—30. Иран. Ұран.
31—32. Шота. Бота.

«Күш — бірлікті».


VIII. ҚАЛАЙ ҚУРАСТЫРУҒА БОЛАДЫ!



IX. ЕКІГЕ... СОСЫН УШКЕ БӨЛ



X. ЖҮРГЕН ІЗІНДІ ҚАЙТАЛАМАЙ



XI. АҒАШТАҒЫ ЖАЗУ

Ағаш-тақтайшаларды дұрыс қиюластырғанда грузин халқының тәмендегідей екі мақалын оқуға болады:

«Шіріген тақтайды шеге де ұстамайды».

«Ағаштың да ағайыны бар».

XII. ЛОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ


Тақтадағы геометриялық фигуралардың жалпы түрін, олардың орналасу ретін көз алдыңызға елестете білу керек.

XIII. ҚАЛАЙ АТАЛАДЫ?

1. Мұқаба тысы (суперобложка).
2. Мұқаба (переплет).
3. Мұқабаның ішкі қосар беті (форзац).
4. Кітап түбі (корешок).
5. Кітап түбінің тысы (каптал).
6. Кітаптың әр бөлім, тарауларының алдына берілетін арнайы бет (шмуц).
7. Әр бөлім мен тараудың басталар тұсындағы сзықша (линейка-спусковая).
8. Әр тараудың алдындағы ашық жер (спуск, отступ).

9. Кітаптың орама қағазы (бандероль). 10. Кітаптың алғаш-
ғы бос беті (авантитул). 11. Кітаптың, автордың аты-жөні жазыл-
ған ішкі парақ (титульный лист). 12. Кітаптың бетін белгілеуге
арналған бау (ляссе, закладка). 13. Текст. 14. Кітап бетінің
реттік саны (колонцифр). 15. Кітаптың жиегі, шеті (обрез книж-
ного блока).

XIV. ЖҰЛДЫЗДАР МЕН БӨЛІКТЕР



XV. 12 ӘРІП ЖӘНЕ 21 СӨЗ

1. Ат. 2. Ата. 3. Атау. 4. Тау. 5. Ау. 6. Ая. 7. Уа. 8. Уат.
9. Ат. 10. Атом. 11. Том. 12. Томар. 13. Ом. 14. Омар. 15.
Марал. 16. Ар. 17. Ара. 18. Арап. 19. Ал. 20. Ала. 21. Алатау.

XVI. АТ ЖҮРІСІ БОЙЫНША

1. Андерсон (Швеция). 2. Спилмэн (Англия). 3. Таль (СССР).
4. Сакс (Венгрия). 5. Хюбнер (ФРГ). 6. Ногейрас (Куба). 7.
Белявский (СССР). 8. Сейраван (АҚШ). 9. Любоеевич (Югос-
лавия).

XVII. КІЛТІН ТАП

«Аксұңқарым», Беда. Алтай. Із.

«Ақылды әдам, айтқызыбай біледі,
Аксұңқар қаққызыбай іледі».

XVIII. ЦИФРЛАР, ЦИФРЛАР...

$$III - II = 100$$

* * *

XII рим цифрын тура ортасынан екіге бөлсө болғаны

* * *

$$(5 + 5 + 5 + 5) \times 5 = 100$$

* * *

36 шардан үшбұрыш та, төртбұрыш та жасауға болады.

* * *

18 цифрын ортасынан сзып бөлсө, екі ондық, яғни 20 шығады.

* * *

$$XX - 88 = 22$$

* * *

188 цифрын ортасынан бөлсө жүз шығады.

XIX. «...А...ә...»

1. Заң.
2. Мақал.
3. Жаңатас.
4. Қарабұтақ.
5. Балуан Шолақ.
6. Раневская.
7. Табиғат.
8. Жапал.
9. Бах.
10. Татар.
11. «Капитал».
12. Балмұздак.
13. Талдықорған.
14. «Қазақстан».
15. Жапалақ.
16. «Хабар».
17. Таң.

XX. КІТАП БЕТІНДЕГІ СЫЗЫҚТАР

«Кітап маған тақтан да қымбат».

У. Шекспир

XXI. БҰЛ ҚАНДАЙ ТАҢБАЛАР?

Бұл грек алфавитіндегі әріптер. Олар рет-ретімен былай аталады:

1. Альфа.
2. Бета.
3. Гамма.
4. Дельта.
5. Эpsilon.
6. Дзета.
7. Эта.
8. Тэта.
9. Иота.
10. Каппа.
11. Лимбда.
12. Ми.
13. Ни.

14. Кси. 15. Омикрон. 16. Пи. 17. Ро. 18. Сигма. 19. Тау. 20. Иpsilonон. 21. Фи. 22. Хи. 23. Пси. 24. Омега.


ХХII. БЕЛГІЛІ БІР ЖҮЙЕМЕН

Тіл. Эміре. Кекілік. Сейілов. Түркістан. Жұнісов. Кәкіттай. Едігे. Піл.



ХХIII. КЕПТЕР ҚАНША, БҰТАҚ ҚАНША!

Барлығы 4 келтер, 3 бұтақ.

ХХIV. БҰЛ ҚАНДАЙ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАП!




ХХV. ШЫРПЫ, ШЫРПЫ ЖӘНЕ ШЫРПЫ



б). Төртбұрыштың ортасына айқастырып екі тал шырпымы қою керек.

XXVI. КВАДРАТТАР ҚАЛАЙ ЖАСАЛАДЫ?




XXVII. АЙЫРМАСЫН АЖЫРАТ

Асықпай бірінші суреттегі кейбір бөлшектердің екінші суретте көрсетілмегенін ажырату қын емес.

ОН ҮШІНШІ БӨЛІМ

ВИКТОРИНАЛАР



Уақыт оны пайдалана білетіндерге, еңбек
ете білетіндерге, ой толғай білетіндерге, өмір-
дің өрісін кеңейте білетіндерге жетіп-ақ жа-
тыр.

Вольтер

* * *

Білімсіз ақыл — мешеу.

Н. М. Карамзин

* * *

Жақсы ойларды қайталаудың артықтығы
жоқ.

М. И. Калинин

* * *

Адамдардың ақыл-ойы дүниені таныған
сайын өрлең өседі.

Эмпедокл

* * *

Уақыт, адам ойланып-толғанғанда ғана не-
месе жұмыс істегендеге ғана алға жылжиды.

Инфельд

* * *

Бәрін де қызыға тындырындар, бұл өмірдің
сәнін келтіреді.

Л. Д. Ландау

* * *

Талантты әрі еңбек сүйгіш жанға тосқауыл
жоқ.

Л. Бетховен

* * *

Оқу — ми үшін қуаныш, біздің миымыз жұ-
мыс істегенді жақсы көреді.

Н. Бехтерева

Танымдық сөзжұмбақтардың ең көп тараған түрі — викторина. Оны сұрақ-жауап ойыны десе де болады. Бұгінде мектептегі сан алуан үйірмелер мен тақырыптық кештер, тіпті әр түрлі басқосулар мен өнер сайыстарының өзі викторинасыз өтпейді.

Викторина адамдардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шындаиды. Сонымен қатар шартараптан хабардар болуға баулиды, алғырлыққа үйретеді. Сұрақ-жауап ойындары, әсіресе, мектеп оқушылары үшін аса пайдалы. Балалардың мүмкіндігі мен қабілетін ұдайы арттырып, ауызша сауалға нақты, жүйелі жауап беруге үйретуде викторинаның ықпалы зор. Осы орайда викторинаның кез келген жастағы, кез келген мамандық иелеріне де тигізер көмегінің ерекше екенін айтқан жөн.

Оқулықтар көлемінде алған білім аясын мейлінше ұлғайтуға, күнделікті баспасөз бен кітаптардан оқығанды түйіндең тұжырымдауға көмектеседі. Даңқты даталар мен деректерді, шоқтықты оқиғалар мен аяулы есімдерді, жер-су аттары мен түрлі терміндерді, сондай-ақ қызықты да елең еткізер жайларды білуғе ынтықтыратын да осы викторина.

Викторинаны құрастырудың әр қылышы жолы бар. Сұрақ-сауалдарды аралас (бірнеше саланы қамтитын), я болмаса жеке-жеке тақырыптар бойынша іріктелініп жасалынады. Сонымен бірге сол іріктелген, алдын ала

әзірленген сауалдардың өзін құбылтып, қызықты етіп ұсынуға болады.

Кейбір кештердің тек бір ғана тақырып төнірегінде өтетіні белгілі. Мәселен, химия, физика, өнер, спорт, т. б. секілді кештердің программасына енетін ойын-сауық түрлері, сұрақ-жауаптар міндетті түрде сол тақырыптарды қамтиды.

Викторина негізінен колективтік жұмбақ-ойын. Сондықтан да оны жастар тобы болып, класс-класқа бөлініп немесе жеке командалар бойынша өткізсе, өте қызықты әрі әсерлі болары сөзсіз.

Таным көкжиегін кеңейтер төмендегі викториналар сан алуан тақырыптарға арналды. Эр түрлі сауалдардың басын біріктірген аралас викториналардың сұрақтары да ешкімді бейжай қалдырумасы анық. Ендігі на зарды осы сауалдарға аударалық.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

1. Қазақ жеріндегі мұнай өнеркәсібінің алғашқы қарлығашы. Онда қай жылы, қай күні тұңғыш рет мұнай фонтаны атқылады?
2. Социалистік Еңбек Ері атағы қай жылы белгіленді?
3. Қазақстан журналистерінің I съезі қашан ашылды?
4. Шахматтан әлем чемпионы атағы ресми түрде қай жылы белгіленді? Шахмат тәжін тұңғыш киген спортшыны білесіз бе?
5. Дүние жүзінде миллионнан астам халық тұратын қанша қала бар? Ал Совет Одағындағы «миллионер» қалалардың саны қанша? Олар қай қалалар?
6. Астрономиялық күз маусымының тура қай кезде, қай уақытта басталатынан хабарыңыз бар ма?
7. Қазақстанда тұңғыш рет «СССР халық мұғалімі» атағына кім ие болды?
8. Тұрлі түсті көлдердің қай жерде екенін білесіз бе?
9. Павлодар трактор заводынан бірінші нөмірлі «Қазақстан» тракторы қай жылы, қай күні шығарылды?
10. «Азияның кіндігі» деп қай қаланы атайды?
11. Планетадағы адамдар қанша тілде сөйлейді? Ең ұлы қанша тіл бар?
12. Чили патриоттарының гимні — «Венсеремостың» авторы кім?
13. Бір мемлекеттің территориясы ішіндегі екінші мемлекетті білесіз бе? Ол қай құрлықта?
14. 1935 жылы социалистік жарыстың — стахановшылар қоз-

ғалысы өріс алды. Қазақстанда А. Стахановтың бастамасын тұңғыш қолдаған кім?

15. Дүние жүзінде бірінші рет трамвай қай жерде, қай жылы жүре бастады?
16. Бұрынғы Екатеринбург қаласы қазір қалай аталады?
17. «Саусақ әліппесі» (ымдап сөйлесу) ғылыми түрде қалай аталды?
18. Өшіргішті ойлап тапқан қай елдің ғалымы?
19. Қазақтың тұңғыш романы қай жерде, қай жылы алғаш рет басылып шықты?
20. Республикамызда тұңғыш рет ең жоғары награда — Ленин орденіне қай облыс ие болды?
21. Ең көне музей қайда, білесіз бе?
22. Риддер руднігі қай жылы ашылды?
23. Қазақстанның Совет Одағының Батыры атағына екі мәрте кімдер ие болған?
24. Лениногор мырыш заводы тұңғыш катод мырышын қай жылы өндірді?
25. Балықтар үйірлерінің шамасы мен жүзу тереңдігін анықтайтын прибор қалай аталады?
26. Тұңғыш рёт артиллериядан салют қай жерде, қай жылы, не үшін берілген еді?
27. Компосты тұңғыш рет кімдер қолданған, не үшін?
28. 1962 жылы қандай космос корабльдері ұшырылды?
29. «Леон» деп аталатын қала үш елде бар, қай елдерде екенін білесіз бе?
30. Даңқты крейсер «Аврора» қай жылы жасалған? Инженері кім?
31. 1937—1941 жылдары шыққан «Октябрь балалары» деген газет қазір қалай аталады?
32. Сатурн планетасының сақинасын ең алғаш байқаған кім еді?
33. СССР-дегі тиражы өте көп қандай газеттер мен журналдар бар.
34. «Женіс» орденімен тұңғыш рет кім наградталды?
35. Қазақстанда 82 қала бар болатын. Кейіннен оның қа-

тарына 83-ші қала қосылды. Ол қай қала, білесіз бе?

36. СССР Мемлекеттік Гимнінің авторлары кім?

37. Қазақ ССР Мемлекеттік Гимнінің сөзі мен музыкасын кімдер жазды?

38. Халықаралық пролетариаттың Гимні «Интернационалдың» авторлары кім?

39. Дүниежүзілік демократиялық жастар Гимнін кімдер жазғанын білесіз бе?

40. «Гиннесстің рекордтар кітабы» туралы не білесіз? Ол алғаш рет қашан жарық көрді?

ӘНЕР ТУРАЛЫ ВИКТОРИНА

1. СССР Мемлекеттік сыйлығына бес мәрте ие болған СССР халық артисін білесіз бе? Эйгілі актрисаның «Қазақ ССР-інің еңбек сінірген артисі» деген құрметті атағы және бар.

2. Музыкалық дыбыстарға — до, ре, ми, фа, соль, ля, си деп тұңғыш рет айдар таққан кім?

3. «Қазақ ССР-інің халық артисі» деген атақ тұңғыш рет кімге берілді?

4. «СССР халық артисі» құрметті атағына Қазақстаннан кімдер ие болды?

5. «Шілтерлі терезе», «Қайран, Нарын» — кімнің күйлері?

6. «Қырық өтірік» фильміндегі иллюстрациялардың авторы кім?

7. Біздің республикада В.И. Лениннің бейнесін сахнада ең алғаш рет кім сомдаған, білесіз бе?

8. Бірінші совет көркем фильмі қалай аталады? Оның авторлары кім? Фильм экранға қашан шыққан еді?

9. Тұңғыш Халықаралық кинофестиваль қай жылы өтті? Алғашқы жүлдегер фильмдер қалай аталады?

10. Балет бишілерінің асқан шеберлікпен аяқтың (бақайдың) ұшымен шыр көбелек айналуы әнер тілінде қалай аталады?

11. Қолшілікке белгісіз «Илья батыр» операсының либреттосын жазған әйгілі орыс ақыны туралы не білесіз?

12. «Силуэт» деген өнер термині неден шыққан?
13. Қазақтың опера және балет театры қай жылдың үйымдастырылды? Сахна шымылдығы қай түннімен ашылған еді?
14. «Орыс романсының атасы» атанған композитор кім? Оның қандай шығармалары бар?
15. «Фархад»— махаббат аңызының кейіпкері. Ал оған орнатылған ескерткіш қай жерде екенін білесіз бе? Авторлары кім?
16. Баршаға мәлім «Алтылық» деп аталатын 6 музыканттың коллективтік портреті бейнеленген достық әзілдің авторы кім? Ол туралы не білесіз?
17. «Өнер» баспасы қай жылды құрылды?
18. Социалистік Еңбек Ері атағына ие болған қазақстандық өнер жүлдемдері кімдер?
19. Көзі тірісінде замандастарының сынына қатты ұшыраған, бірақ қайтыс болғаннан кейін өз творчествосымен әлемді таңдандырған француз живописьшісі кім еді? Оның бір туындысы «Пьеро мен Арлекин» деп аталады.

ОПЕРА АВТОРЛАРЫ КІМДЕР!

Назарларыңызға бірнеше опералық шығармалардың аттары ұсынылып отыр. Бұл операларды қай елдің композиторлары жазған?

1. «Отелло».
2. «Аида».
3. «Кармен».
4. «Інжу іздеушілер».
5. «Қарғаның мәткесі».
6. «Мазепа».
7. «Евгений Онегин».
8. «Севиль шаштаразы»
9. «Вильгельм Телль».
10. «Дубровский».
11. «Борис Годунов».
12. «Саламбо».
13. «Абай».
14. «Жалбыр».
15. «Сараң сері».
16. «Франческа да Римини».
17. «Иван Сусанин».
18. «Руслан мен Людмила».
19. «Садко».
20. «Патша қалыңдығы».
21. «Қамар сұлу».
22. «Алпамыс».
23. «Дон-Жуан».
24. «Фигароның үйлену тойы».
25. «Еңлік — Кебек».
26. «Даиси».
27. «Князь Игорь».
28. «Демон».
29. «Біржан — Сара».
30. «Назугум».
31. «Айсұлу».
32. «Ярослав Мудрый».
33. «Мұрын».
34. «Дауылда».
35. «Кола Брюньон».
- 36.

«Кек алу оттары». 37. «Маддалена». 38. «Манон Леско». 39. «Русалка». 40. «Ләйлі мен Мәжнүн».

ҰЛЫ АДАМДАРДЫҢ ҰЛАҒАТТЫ СӨЗДЕРІ

Төмендегі мына сөздерді кімдер айтқан?

1. Адал мақсатқа арамзалағыпен жете алмайсың.
2. Еңбек етпесең, не қорлықта қаласың, не ұрлыққа барасың.
3. Биік мансап — биік жартас: ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады.
4. Фылымдарды игеріп, пайдаға асырмаған адам жерін жыртып, тұқым сеппеген диқанмен бірдей.
5. Ана тіліне неміұрайды қарау — өз халқыңың өткеніне, бүгініне, болашағына неміұрайды қарау деген сөз.
6. Ақын жанды болмасаң, математик те бола алмайсың.
7. Тілді білмей жатып ақын болам деген адам да — бір, малту білмей жатып асау өзенге қарғыған есуас та — бір.
8. Дұрыс жүре, тұра, әдепті бола білу — ұсақ-түйек емес.
9. Кітап оқудан тыйылған адам, ой ойлаудан да тыйылады.
10. Қияға шықса, құмырсқаға да қанат бітеді.
11. Өмірдің екі түрі бар. Бірі — бықсұ, бірі — жану. Жүрексіздер мен сараңдар мұның біріншісін, ал жүректілер мен жомарттар екіншісін таңдап алады.
12. Парасаттылық өлімді ойлауда емес, өмірді ойлауда.
13. Талантты әрі еңбек сүйгіш жанға тосқауыл жоқ.
14. Өз сенімің мен нанымыңды бұкпесіз айта аларлықтай батылдығың болсын.
15. Көп сөз — қола, аз сөз — алтын.
16. Майлап өткіземін дегенмен, әркімнің де аузының дәмін алатын тілі бар ғой.
17. Еңбек дегеніміз — күрес, күрес дегеніміз — рақат.
18. Эн — халық үні, оның шындығы, оның ойы мен сезімі.
19. Ерлік деген кең ұғым... бірақ қандай жағдайда болмасын адамның ең асыл қасиеттері — қажырлылығы, батылдығы, өжеттігі, өлімнен қорықпауы, жеңіс үшін жан қиярлығынан көрінеді.

20. Кітабы жоқ, уй жансыз денеге үксас.
21. Ұлы адамдар өз ескерткішінің тұғырын өзі орнатады, ал мүсінін болашақ соғады.
22. Құсқа екі қанат қандай қажет болса, осы күнгі қазақ жастарына екі тілді — қазақ пен орыс тілін білу сондай қажет.
23. Тіл сұлулығы оның айқындығы мен бейнелілігінен тұрады.
24. Музыканы сүю үшін ең алдымен оны тыңдай білу керек.
25. Тәртіптің ең тамаша мектебі — семья.
26. Арпалысып жүріп алғанabyрой — өмірдің ең шырын рақаты.
27. Шындық — ауа, онсыз дем алуға болмайды.
28. Қызара білу, үяла білу — адам бойындағы ең тамаша адамгершілік қасиет.
29. Мақтан қума, бірақ бар күшіңмен мақтауға лайық әрекет жасауға тырыс.
30. Алдыңа келсе, әділдігінді аяма — аймағың кетпес алдыңнан.

БҰЛ НЕ?

Төменде берілген сөздерді нақты ажырату керек. Ол үшін көп нүктелердің орнына қажетті дыбыстарды дұрыс тауып орналастырыңыз. Сонымен, бұл не өзі? Құс па, аң ба? Өсімдік пе әлде өзен бе? Жоқ, әлде... Иә, ойланып көріңіз, мұнда бәрі-бәрі бар.

- | | |
|------------------|-----------------|
| 1. шымылдық | 7. ауыл |
| 2. тіс | 8. қазан |
| 3. баян | 9. лон |
| 4. қорған | 10. төксан |
| 5. желкен | 11. тұз |
| 6. фун | 12. тон |

ЕҢ...ЕҢ...

1. Дүние жүзіндегі ең қысқа жазылған хатты білесіз бе?
2. Әлемдегі ең ұзын фамилияның 15-есімнен тұратынын естіп пе едіңіз. Ойыңызға түсіріп көріңіз.

3. Планетамыздағы баласы ең көп ана қай елде тұрады?
Оның неше баласы бар?
4. Елу үш әріптен тұратын қала қайда орналасқан?
5. Дүние жүзіндегі ең ұзақ хаттың авторы кім?
6. Әлемдегі ең биік ғимарат қайда?
7. Қазақстандағы ең жылы және ең ұзақ жаз қай жерлерде болады?
8. Қазақстанның қай жерінде жауын-шашын ең көп және ең аз жауады?
9. Дүние жүзіндегі ең кішкентай өрмекші қай жерден табылған еді?
10. Әлемдегі ең кішкентай құс қалай аталады?
11. Ең алғаш газет бетінде жарық көрген көркем шығарма.
12. Суыққа ең төзімді қандай құстар?
13. Щөлдегі ең ұзақ ұйықтайдын жәндік.
14. Әлемде ең көп найзағай жарқылдайтын жер.
15. Ең ұшқыр құстың білесіз бе?
16. Ең жарық жұлдызы қалай аталады?
17. Дүние жүзіндегі ең үлкен арал.
18. Ең кішкене мемлекеттердің білесіз бе?
19. Дүниедегі ұшатын құстар мен жәндіктердің ішіндегі қанатын жиі қағатыны қайсысы?
20. Ең бірінші совет ордені, ол қай жылы белгіленген еді?
21. Әлемдегі ең үлкен гүл.
22. Ең көп жұмыртқа салатын құстың білесіз бе?
23. Әлемдегі ең көп жер сілкінетін ел.
24. Планетамыздағы ең ҳалқы көп материк қайсысы?
25. Ең үлкен термометр қай елде?
26. Дүние жүзіндегі ең терең көл.
27. Әлемдегі ең ірі сарқырама.
28. Ең үлкен ақша қай елде шығарылған?
29. Дүние жүзіндегі ең үлкен қорық қай жерде?
30. Ең биік фонтан қай елде?
31. Ең жінішке, ең мықты «жіпті» естігенің бар ма?

32. Жыртқыш атаулының ішіндегі жүргөрі ең кішкентайын білесіз бе?
33. Дүние жүзіндегі ең биік телевизиялық мұнараны білесіз бе?
34. Мұрты ең ұзын адам қай елде тұрады?
35. Дүние жүзінде ағаштың ең көп түрі өсетін жер қай аймақ?
36. Әлемдегі салмағы ең ауыр адамдарды білесіз бе?
37. Қазақстанда ең көп жел соғатын жер қай облыста?
38. Ең ұзақ сейлем қай жазушының шығармасынан кездескен еді?
39. Әлемдегі ең кішкентай «шаңсорғыш» қай елде жасалған? Ол не үшін қолданылады?
40. Дүние жүзіндегі ең үлкен алаң қай елде, ол қалай аталады?
41. Ең ұзақ Гимн қай мемлекеттікі? Ол қанша минут ойналады?
42. «Молодая гвардия» баспасынан шығатын «Тамаша адамдар өмірі» сериясының ең алғашқы кітабы қалай аталады?
43. Шахматтан әлем тәжі үшін ең ұзақ матч кімдердің арасында өтті? Ол кездесу қай жерде, қай жылды, қанша күнге созылған еді?
44. Дүние жүзіндегі ең үлкен торт қай елде жасалған?
45. Дүние жүзіндегі ең алып самолет туралы не білесіз?
46. Ең ұзақ космос сапарын орындағандар кімдер?
47. Жер бетіндегі жануарлар мен өсімдіктер әлеміне ең алғаш рет ғылыми ат қойып, айдар таққан кім?
48. Дүние жүзіндегі ең таулы елді, сондай-ақ жерінің 95 процентінде тіршілік (су) жоқ мемлекетті білесіз бе?
49. Ең көне музыкалық аспап қалай аталады?
50. Тынық мұхиттың ең терен жері қалай аталады және қанша метрге жетеді?

ЭПИГРАФ, ЭПИГРАФ, ТАҒЫ ДА ЭПИГРАФ

Назарларыңызға ұсынылған кезекті викторинаның ерекшелігін өркім-ақ бірден аңғарады. Бұл жолы сұрақтар тізбек-

тәлмей, қазақ жазушыларының өз кітаптарына келтірген эпиграфтары алынып отыр. Есіңізге түсіріп көріңіз, бұл эпиграфтарды қай жазушының қай шығармасынан кездестірген едіңіз?

1.

Сүйер ұлың болса, сен сүй,
Сүйінерге жарап ол.

Абай

2.

Адам өмірінің биік шыңы — жастық.

Гете

3.

Әйел тұрмай, еркек оянбайды.

(Қазақ мәтелі)

4.

Әккәй-ай, гәмай-ай,
Кәгда солдат дамой-ай.

(Кенжекүл кемпірдің өлеңінен)

5.

Жазып қойып, өзіме өзім сенбей,
Оқып-оқып, басыма жастанамын.

Автор

6.

Әркім жәрменкені өзінің тапқан затына қарап
бағалайды.

(Испан мақалы)

7.

Дүниеде өлмейтін:
жақсының — аты,
ақынның — хаты.

(Қазақ мәтелі)

8.

Есті адам ешкімнен: «Анаңды неге жақсы көрсің?» — деп сұрамайды, өйткені оның себебін өз басынан біледі. Туған жер туралы да солай.

9.

Махаббат — бақыт емес қонатұғын,
Тұлкі емес ойдан-қырдан шалатұғын.
Махаббат — кездеспейтін керемет бір,
Өмірде бір-ақ рет болатұғын.

Мұқағали Мақатаев

10.

«...Жануарлардан адам баласының айырмашылығы ар-ожданы мен ұятында жатыр» деген пікірді толығынан қостаймын. Ол қысқа, соған қоса мейлінше қуатты әрі ғажайып бейнелі «тиісті» деген сөзben анықталады.

Чарльз Дарвин

11.

Отан деген — өмір.
Екі Отан жок,
Жалғыз Отан — мекенің.

Л. Леонов

М. Мақатаев

ТҮҢҚЫШ РЕТ

1. Ақтөбе ферросплав заводының қазақстандық түңқыш ферросплав бере бастаған жылы.
2. Қазақстанда түңқыш рет академик атағына кім ие болды?
3. Владимир Ильич Лениннің киноэкрандағы бейнесін түңқыш рет кім жасады, білесіз бе?
4. Совет Одағында Қызыл Ту орденін түңқыш рет кімдер иеленді?
5. Қазақстаннан түңқыш рет «СССР халық артисі» құрметті атағы қімге берілді?
6. Космос кеңістігін игеру тарихында Жерге қайтып орал-

ған автоматты станцияның көмегімен Ай топырағы тұнғыш рет Жерге жеткізілді. Бұл қай жылы, қай күні еді?

7. «Ардақты ана» орденінің тұнғыш иесі кім?
8. СССР-де бүгінге дейін қанша әскери парад өтті?
9. Қазақстанда тұнғыш рет Даңқ орденінің толық кавалері атағына кім ие болды?
10. Электр доғасын тұнғыш рет ашқан кім?
11. Қазақ әйелдері арасынан геология-минералогия ғылымының тұнғыш докторы кім?
12. Қазақстан қалаларынан тұнғыш рет алтын медальға ие болған қаланды білесіз бе?
13. Алматы метросының тұнғыш қазығы қағылышп, алғашқы топырағы алынған күн есінізде ме?
14. Латыштың тұнғыш ұлттық эпосы қалай аталады?
15. Социалистік Еңбек Ері атағына қазақтардың арасынан тұнғыш рет кім ие болды?
16. Алматы апортының тұнғыш кешетін өсірген кім?
17. Совет Одағының ең басты телевизиялық информациалық программасы — «Уақыт» өз хабарын тұнғыш рет қай жылы көрсетті?
18. Тұнғыш советтік дыбыстық көркем фильмі қалай аталады? Оның режиссері кім?
19. Әйелдер арасынан дүние жүзінде тұнғыш рет профессор атағына кім ие болды?
20. Дүние жүзінде тұнғыш атом электростанциясы (АЭС) СССР-де салынған. Ал оның қай жылы, қай жерде пайдалануға берілгенін білесіз бе?

СПОРТ ТУРАЛЫ ВИКТОРИНА

1. «*Citius, altius, fortius*» бұл сөздердің мағынасы нені білдіреді? Естігеніңіз бар ма?
2. Бірінші Олимпиада ойындары қай жылы болды?
3. Олимпиадалық орденнің алтын белгісімен тұнғыш кім наградталды?

4. Қысқы Олимпиадада 6 алтын медальды жеңіп алған совет спортшысын білесіз бе?
5. «Футбол королі» романының авторы кім?
6. Спорттық гимнастикадан ерлер арасында 1987 жылғы Европаның абсолютті чемпионы атағын кім жеңіп алды?
7. Эйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтің футбол ойнағанын білесіз бе? Ол қай командада өнер көрсетіп еді?
8. Отанымыздың ең жоғары наградасы — Ленин орденімен тұңғыш рет қай спортшылар наградталды?
9. Қазақ спортшылары арасынан тұңғыш рет Олимпиада чемпионы атанған кім?
10. Олимпиадалық ойындарға совет спортшылары қай жылдан бастап қатысып келеді? СССР командасынаң Олимпиаданың ең бірінші алтын медалін кім жеңіп алды?
11. Футболдан өткен әлем чемпионаты тарихында ең көп доп соққан футболшы кім еді?
12. Дүние жүзіндегі ең биік 14 шыңды (8 мың метрден астам) бағындырыған альпинисті білесіз бе? Ол қай елдің мұзбалағы?
13. Атақты Медеу мұз айдыны қай жылы пайдалануға берілді?
14. СССР біріншілігінде футболдан 1987 жылғы маусымның қорытындысы бойынша «ең мерген футболшы» атағына кім ие болды? Ол қанша доп соқты?
15. ФИФА-ның күміс ордені 1987 жылы тұңғыш рет футбол төрешісіне берілді. Осынау жоғары құрметке ие болған төреші туралы не білесіз? Ол қай елдің спорт маманы?
16. Дойбыдан төрт мәрте әлем чемпионы атағын жеңіп алған спортшының аты-жөнін білесіз бе?
17. Ең көп доп соққан футболшыға берілетін «Труд» газетінің дәстүрлі жүлдесінің тұңғыш иегері кім?
18. Футбол «королі» атанған Пеленің толық аты-жөні қалай аталады?
19. Олимпиада жарыстарында бірінші, екінші орындарда СССР мен АҚШ спортшылары келеді. 1988 жылы Сеулде өткен соңғы жазғы XXIV Олимпиадада жеңіп алған медаль-

дарды қосқанда 1'екі елдің спортшылары иеленген барлық медальдардың (алтын, күміс, қола) саны қаншадан екенін білесіз бе?

20. Дұние жүзіндегі ең биік шың — Джомолунгманы (Эверест) бағындырған (8848 м.) қазақ альпинисі кім?

21. Россияда бірінші рет шахмат чемпионаты қай жылы басталды?

22. Бір футбол ойынында қарсыластар қақпасына 16 доп соққан футболшыны білесіз бе?

БІРІНШІ БОЛЫП ЖАҢАЛЫҚ АШҚАНДАР

* * *

Магнитофон кассеталарын ойлап тапқан кім? Магнит лентасы ең алғаш қайда қолданылған?

* * *

Халықаралық жасанды тіл — эсперантоны бірінші болып ойлап тапқан ғалымды білесіз бе?

* * *

Дыбыс жазғыш бірінші аппаратты ойлап тапқан қай елдің ғалымы? Ол өзінің жаңалығын қашан тапқан еді?

* * *

Россияда шынжыр табанды тракторды ең алғаш ойлап тапқан кім? Ол өзінің жаңалығын қай жылы ашқан еді?

* * *

Морзе аппаратын ең алғаш ойлап тапқан кім?

* * *

Гидросамолетті бірінші болып жасаған ғалымды білесіз бе?

* * *

Сұңгуір қайықты ең алғаш ойлап шығарған ғалым.

* * *
Жұлдыздар каталогын бірінші болып жасаған кім еді?

* * *

Химия саласында бірінші болып Нобель сыйлығына ие болған голланд химигінің аты-жөні кім?

* * *

Тоқазытқышты ойлап тапқан совет ғалымдарын білесіз бе?

* * *

Электронды телевизияның негізін қалаған кім? Ең алғаш рет телехабар қай елде, қай жылдары берілді?

* * *

Электро-магниттік телеграф аппаратын жасаған кім еді? Ал телефон аппараты мен микрофонды ойлап тапқан кім?

* * *

Ең алғашқы кеменің авторы кім? Ол қай жылы жасалды? Тұңғыш теңіз пароходын білесіз бе?

* * *

Жер шарын тұңғыш рет айналып шыққан кім?

* * *

Электронды ашқан кім?

* * *

Бірінші поезды ойлап тапқан кім?

* * *

Сатурн планетасын алғаш рет байқаған астрономдар кімдер еді?

* * *

Тұңғыш мультфильм қашан жасалды, авторы кім?

* * *

Кітап басып шығаруды ең алғаш кімдер ойлап тапты?

* * *

Россияда ең алғашқы екі доңғалақты велосипедті кім жасады?

ӘЗІЛ СҰРАҚТАР

1. «Папа» деген қаланың атын естігеніңіз бар ма? Бұл қала қай елде?
2. Қараңғы бөлмеде керосин шамы мен шырағдан қатар тұрса, бірінші қайсысын тұтатар едіңіз? Ойланып көріңіз.
3. Өзендердің дені негізінен көлдер мен теңіздерге құятыны белгілі. Ал керісінше көлдерден бастау алатын мінезі бөлекше өзендер де бар. Оларды сіз білесіз бе?
4. Жыл он екі айдың ішінде 30 және 31 сандары аудысып отырады. Ал 28 саны қай айда кездеседі?
5. Өзін-өзі «кішкентаймын» дейтін жер аттарын естіп пе едіңіз?
6. Қай қолдың тырнағы тез өседі? Оның себебі неде?
7. Оңынан да, солынан да жазған кезде еш өзгермейтін цифrlар бар. Кәне, ойланып көріңіз, ол қандай цифrlар?
8. Салмақсыздық жағдайында уақытты қандай сағатпен өлшеуге болады. Құм сағатымен бе? Пружиналық, жоқ, әлде маятникті сағатпен бе?
9. Аты да, мінезі де бұзық өзен қайда?
10. Еркектері юбка киіп жүретін елді естідіңіз бе?
11. Орбитаны айналып ұшып жүрген спутнике темір гайка суға бата ма?
12. Мама, Вальс, Волос, Конъяк, Чарлston — бұл атаулар нені білдіреді?
13. Бір килограмм тас ауыр ма әлде 1 килограмм макта ауыр ма?
14. Айнаға әйелдер көп қарай ма, жоқ әлде еркектер ме?
15. Есімінің өзі екі командадан тұратын адам қайда тұрады?
16. Самолет сүреген адамды білесіз бе?
17. Зззззззз — тоғыз «з» әрпінен тұратын бұл атау жөнінде естіп пе едіңіз? Есіңізге түсіріп көріңіз.

ВИКТОРИНАЛАРДЫҢ ЖАУАПТАРЫ

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ!

1. Доссор, 1911 жылдың 23 апрайлі. 2. 1938 жылы.
3. 1937 жылы. 4. 1886 жылы. Тұнғыш чемпион В. Стейниц бұл атақты 1894 жылға дейін ұстап тұрды. 5. Әлемде миллионнан астам халық тұратын 220 қала бар. Ал СССР-дегі «миллионер» қаланың саны — 24. Олар — Москва (1989 жылғы санақ бойынша 8967 мың адам), Ленинград (5020), Киев (2587), Ташкент (2073), Баку (1757), Харьков (1611), Минск (1589), Горький (1438), Новосибирск (1436), Свердловск (1367), Тбилиси (1260), Куйбышев (1257), Ереван (1199), Днепропетровск (1179), Омбы (1148), Челябі (1143), Алматы (1128), Одесса (1115), Донецк (1110), Қазан (1094), Пермь (1091), Уфа (1083), Дондағы Ростов (1020), Волгоград (999). 6. Астрономиялық күз маусымы 23 сентябрьде Москва үақыты бойынша 11-ден 59 минут кеткенде басталады. 7. Гурьевтік мұғалім Қ. Айтқалиев.
8. Жапонияның Кюсю аралында жартысы сары, жартысы қызығылт түсті көл бар. Көлдің мұндай түрлі түске бөленуі көл түбінің бір жартысында күкірт, екіншісінде темір тоғызының тұнып жатуынан екен. Ал Алжирде сия түсті көл бар. Бұл осы өзенге құятын өзеннің бірінен темір тұзының, екіншісінен торфтың ілесіп келуінен көрінеді. 9. 1968 жылы 12 августа. 10. Тува АССР-інің астанасы — Қызыл қаласы. 11. Планетадағы адамдар 2976 тілде сөйлейді. Он үш «ұлы» тіл бар деп есептелінеді. Олар: қытай, ағылшын, үнді, орыс, испан, неміс, жапон, француз,ベンгал, малайя, португал, итальян, араб. 12. Серхио Орtega. 13. Оңтүстік Африка Республикасының ішінде — Лесото, ал Италияның ішінде — Сан-Марино.

14. Теміржолшы Темірбек Сәтбаев. **15** Петербургте 1880 жылы дүние жүзінде бірінші рет темір жолмен моторлы трамвай жүре бастады. **16.** Свердловск. **17** Дактилология. **18.** Ағылшын химигі Джозеф Пристли. **19.** Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы 1913 жылы Орынбор қаласында «Хизмәт» атты баспаханада басылды. **20.** Орал. **21.** Оксфордта. **22.** 1786 жылы. **23.** Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский. **24.** 1966 жылы. **25.** Эхолот. **26.** Орел, Белгород қалалары 1944 жылы 5 августа фашист басқыншыларынан азат етілді. Бұл күні Москвада тұңғыш рет артиллериядан салют берілді. **27.** Компасты тұңғыш рет қытайлықтар монғолдарға қарсы ұрыста қолданыпты. Ал бұл ұрыс бұдан бес мың жылдай бұрын болған екен. **28.** «Восток-3», «Восток-4». **29.** Мексикада, Никарагуада, Францияда. **30.** 1903 жылы пайдалануға берілді. **31.** «Ұлан». **32.** Г. Галилей. **33.** Соңғы 1989 жылғы деректер бойынша мына газет-журналдардың тиражы төмендегідей: «Аргументы и факты» (21748413 дана), «Труд» (19 млн. 960 мың), «Комсомольская правда» (18 млн), «Известия» (10 млн), «Литературная газета» (9 млн), «Крестьянка» (20738000 дана), «Работница» (20600000), «Здоровье» (15700000), «Огонек» (2 млн. 825), «Новый мир» (1,5 млн). **34.** Г. К. Жуков. **35.** Алакөл. **36.** Сөзін жазғандар С. Михалков пен Эль-Регистан, музыкасын жазған А. Александров. **37.** Сөзін жазғандар Ф. Мұсірепов, Қ. Мұхамедханов, Ә. Тәжібаев, музыкасын жазғандар Е. Брусиловский, М. Төлебаев, Л. Хамиди. **38.** Сөзін Э. Потье, музыкасын П. Дегейтер жазған. **39.** Сөзін Л. Ошанин, музыкасын А. Новиков жазған. **40.** «Гиннесстің рекордтар кітабының» тұңғыш данасы 1955 жылы 27 августа жарық көрді. Бүгінге дейін бұл ерекше кітап 35 тілде 262 рет шығып отыр. Оның жалпы тиражы — 57 миллион (1987 ж.) Рекордтар кітабы 1989 жылы Москвандың «Советская Россия» баспасынан тұңғыш рет орыс тілінде шықты.

ӨНЕР ТУРАЛЫ ВИКТОРИНА

1. Вера Петровна Марецкая. 2. Итальяндық музыка теоретигі Гвидо д Арецо (Аретинский), 1020-шы жылды. 3. А. В. Затаевич. 4. Құләш Байсейітова. 5. Махамбет Өтемісов. 6. Сахи Романов. 7. С. П. Ассуиров. 8. «Уплотнение», режиссері А. Пантелеев. Сценарийін жазған А. В. Луначарский. Фильм экранға 1918 жылдың 7 науябрінде шықты. 9. Москвада 1935 жылды 21 февраль — 1 март аралығында «Чапаев», «Юность Максима», «Крестьяне». 10. Фуэте. 11. Ұлы орыс мысалшысы Иван Андреевич Крылов скрипкада өте шебер ойнаған, сондай-ақ төрт операның либреттосын жазған. 12. Француз чиновнигі Этьен Силуэттің фамилиясымен аталған. 13. 1933 жылды ұйымдастырылды. Театр шымылдығы «Айман — Шолпан» музыкалық драмасымен ашылды. 14. Николай Алексеевич Титов, оның 12 вальстен тұратын фортепианолық циклі «Роман в вальсах» деп аталады. 15. БАМ бойындағы Улькан станциясының төмір жол вокзалы алаңында азербайжан құрылышшыларының сыйы. Мүсіншісі Д. Ибрагимов, архитекторы М. Усейнов. 16. Француз өнерінің аса көрнекті қайраткері Жан Кокто. Оның творчестволық мамандығы сан қырлы: акын, драматург, киносценарист, либреттист, режиссер, мүсінші, суретші... 17. 1980 жылды. 18. Сахна шебері Серәлі Қожамқұлов пен әйгілі опера өншісі Ермек Серкебаев. 19. Поль Сезанн.

ОПЕРА АВТОРЛАРЫ КІМДЕР?

1—2. Итальян композиторы Д. Верди. 3—4. Француз композиторы Жорж Бизе. 5—6—7. Орыс композиторы П. И. Чайковский. 8—9. Итальян композиторы Дж. Россини. 10. Белгілі дирижер-композитор Э. Ф. Направник. 11—12. Орыс композиторы М. П. Мусоргский. 13. Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди. 14. Е. Г. Брусиловский. 15—16. С. В. Рахманинов. 17—18. М. И. Глинка. 19—20. Н. А. Римский-Корсаков. 21—22. Еркеғали Рахмадиев. 23—24. Австрия композиторы В. А. Мо-

царт. 25. Фазиза Жұбанова. 26. Грузин композиторы З. И. Палиашвили. 27. А. П. Бородин. 28. А. Г. Рубинштейн. 29. Мұқан Төлебаев. 30. Құддыс Қожамияров. 31. Сыдық Мұхамеджанов. 32. Украин композиторы Г. И. Майборода. 33. Д. Д. Шостакович. 34. Т. Н. Хренников. 35. Д. Б. Кабалевский. 36. Э. А. Капп. 37. С. С. Прокофьев. 38. Итальян композиторы Дж. Пуччини. 39. А. С. Даргомыжский. 40. Азербайжан композиторы У. Гаджибеков.

ҰЛЫ АДАМДАРДЫҢ ҰЛАҒАТТЫ СӨЗДЕРІ

1. К. Маркс. 2. Л. Н. Толстой. 3. Абай. 4. Сағди. 5. К. Пастовский. 6. С. Ковалевская. 7. Р. Фамзатов. 8. С. Макаренко. 9. Д. Дидро. 10. М. Сервантес. 11. М. Горький. 12. Б. Спиноза. 13. Л. Бетховен. 14. И. М. Сеченов. 15. М. Эуезов. 16. С. Мұқанов. 17. Р. Роллан. 18. Ж. Жабаев. 19. А. П. Маресьев. 20. М. Цицерон. 21. В. Гюго. 22. Ф. Мұсірепов. 23. Д. И. Писарев. 24. Д. Шостакович. 25. С. Смайлс. 26. Б. Момышұлы. 27. И. С. Тургенев. 28. Ч. Дарвин. 29. Я. Коменский. 30. Ү. Алтынсарин.

БҰЛ НЕ?

1. Таушымылдық — дәрілік өсімдік.
2. Ертіс — Қазақстандағы өзен.
3. «Ақбаян» — Бексұлтан Байкенжеевтің әні.
4. Талдықорған — Қазақстандағы облыс.
5. Жолжелкен — дәрілік өсімдік.
6. Тайфун — күшті теңіз желі.
7. Баянауыл — Павлодар облысындағы аудан.
8. Бірқазан — алып құстардың бірі.
9. Муфлон — жабайы қой.
10. Желтоқсан — қазақша ай аты.
11. Екібастұз — Қазақстандағы қала.
12. Плутон — планета.

ЕҢ... ЕҢ...

1. 1862 жылы Виктор Гюго «Херст и Блаккет» баспасына бір хат жолдаған. Онда бар болғаны бір жазу — «?» сұрақ белгісі ғана бар еді. Бірақ бұл баспагерлерді онша таңғалдыра қойған жоқ. Сондықтан да олар хаттың жауабын кешіктірмей берді. Жауап хатта да не бары бір жазу — «!» — леп белгісі болды.

Бұл демалыста жүрген атақты жазушының көңілін қатты көтеріп тастайды. Өйткені, әңгіме оның «Аласталғандар» кітабының таралуы жайында болатын.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымы жанында тіркелген дипломаттардың тізімінде Бруней мемлекеті өкілінің аты-жөні әлденеше қатарды алып тұрады екен. Оны Ауан Ахмад ибн-Пеин Оран Кайя Дигадон Сери Диräя Дато Лайла Утама Ауан Хайн Нохд Жүсіп деп атайды.

3. Сантьяго қаласында тұратын чилилік Леонтина Эспиноса 56 баланың анасы. Ол тұрмысқа он үш жасында шыққан.

4. Жаңа Зеландияның бір қаласы сол елдің тұрғындары маори тілінде «Тауматафакатангихангакоаутаматеапоканфен-уакитанатаху» деп аталады. Ал оны өздері кідірмей оп-оңай-ақ айтып шығады.

5. Үндістанның Тамилнад штатының 27 жасар тұрғыны Р. Джонс ең ұзақ хат жазумен көптен бері әуестенеді. Мәселен, оның үндінің белгілі актері М. Рамачандрнға жолдаған құттықтауы 50 метрге созылған. Ал елдің атақты саяси қайраткеріне арнал жазған хаты 250 мың сөзден тұрады. Соңғы жылдары ол жаңа хат жазу үстінде. Хат иесінің айтуынша, бұл «сәлемдеменің» салмағы 50 килограмм тартып, ондағы сәйлемдердің жалпы ұзындығы екі жарым километрден аспақ.

6. Тају мезгілде Нью-Йоркте көк тірейтін «Трамп тауэр» аталатын жаңа үйдің биіктігі 800 м болмақшы. Белгілі американ архитекторы Дональд Трамптың жетекшілігімен бой көтеретін бұл ғимарат бұған дейін ең биік саналатын Чикагодағы «Сиэр тауэр» небоскребінен асып кетеді.

7. Қазақстандағы ең жылы жаз — Шымкент облысындағы

Орынбасар станциясында, ал ең ұзақ жаз — екі жүз жиырма күн — Гурьев облысындағы Қособада болады екен.

8. Шығыс Қазақстан облысындағы Большие Пороги метеорология станциясында — ең көп, ал Қызылорда облысындағы Шірік Рабат станциясында ең аз жауын-шашын болады.

9. Ең кішкентай өрмекші 1984 жылы Панама орманынан табылды. Оның ұзындығы — 0,8 миллиметр.

10. Дүниедегі ең кішкентай құс колибри деп аталады. Оның салмағы — екі грамм, тұмсығынан құйрығының ұшына дейінгі ұзындығы — 5 сантиметр.

11. «Робинзон Крузо»

12. Қаз бен үйрек. Олар 110 градусқа дейін шыдайды.

13. Тасбақа. Ол жылдың тоғыз айын үйқымен өткізеді.

14. Ява аралының Богор деген жері. Бір жылда мұнда 322 күн наизағай жарқылдалап тұрады екен.

15. Шымшық. Жайшылықта сағатына 70—80 километр ұшқынмен самғап кетсе, 320 километрге дейін жылдамдық ала алады.

16. Сириус.

17. Гренландия.

18. Монако мемлекеті. Ол Италия мен Францияның ара-лығында, Жерорта теңізінің жағасында. Жерінің көлемі 1,5 шаршы километр, халқының саны 22 мыңдай ғана адам. Монако, Монте-Карло, Кандамин деген жапсарлас салынған үш қаласы бар.

Лихтенштейн мемлекеті ауыл шаруашылығымен шұғылданады. Жерінің көлемі 158 шаршы километр де, халқының саны 14 мың.

Андорра мемлекеті Пиреней тауының шығыс жағында. Жер көлемі 453 шаршы километр, халқының саны 6 мыңдай. Астанасы — Андорра. Халқы қой өсіреді. Арпа, қара бидай, картоп, темекі, жүзім егеді.

19. Шыбын. Ол қанатын минутына 57 мың рет қағады екен.

20. Қызыл Ту ордені, 1918 жыл.

21. Арнольда. Суматра аралында өсетін бұл гүл ешбір сабаксыз жер бетіне тарала өседі. Оның көлденеңі 1 метрге,

салмағы 10 килограмға дейін жетеді.

22. Сары шымшық жиырма екіге дейін жұмыртқа салатын көрінеді.

23. Эфиопия.

24. Азия. Мұндағы халық саны жер шарындағы барлық халықтың жартысынан көп.

25. Ең үлкен термометр біздің елімізде Еревандағы Эчмиадзин тас жолы бойындағы автобус аялдамасына жақын жерде тұр. Ол темір-бетоннан жасалған 10 метрлік үш қырлы бағана. Термометр сынаппен де емес, спиртпен де емес, электр энергиясымен өте дәл жұмыс істейді. Бөлік белгілерінің үлкендігі сондай, ол алыстан көрінеді.

26. Ең терең (1620), сұры ең көп (23 мың текше километр) және ең мөлдір сулы көл — Байкал көлі. 40 метр тереңдікте диаметрі 30 сантиметр ақ диск (бұл мөлдірлік өлшемінің эталоны) көзге көрініп жатады. Байкалда тіршілік ететін екі мыңға жуық жәндіктер мен өсімдіктер жер жүзінің басқа ешбір белгінде ұшыраспайды.

27. Виктория. Африканың Замбези өзеніндегі бұл сарқырама 120 метр биіктікten құлап ағады.

28. 1644 жылы Швецияда шығарылған. Мыстың жасалған тынынның салмағы 19,71 килограмм тартқан.

29. Танзанияда. Серенгети деп аталатын осы қорықта, ғалымдардың есебі бойынша, 400 мыңдан астам зебр бар.

30. АҚШ-тың Аризон штатында. Фонтаның сұры 170 метр биіктікке атқылайды.

31. Өрмекшінің өрмегі — жіп атаулының ең жіңішкесі және ең мықтысы. Егер осы өрмекпен экватор бойымен Жер шарын түгел орап шықса, оған кеткен бар жіптің салмағы не бары 340 грамм болар еді. Соған қарамастан ол өзімен жуандыры бірдей шойын мен болат сымнан мықтырақ.

32. Арыстан.

33. Москвадағы Останкино мұнарасы. Оның биіктігі — 540 метр. Ал біздің республикамыздың астанасы Алматы қаласында теңіз деңгейінен 1080 метр жоғары орналасқан. Қоқтөбе жотасында биіктігі 360 метрлік телемұнара салынды.

34. Түрік жігіті Хасан Ергеннің мұртының ұзындығы — 1 метр 87 сантиметр екен.

35. Амазонканың жоғарғы ағысының төңірегіндегі сыңсыған ағаш түрлері сан алуан. Сондықтан да ботаник ғалымдар ұлы өзеннің Перуден басталатын жыныс тоғай алабын дүние жүзіндегі ең бай жасыл аймақ деп есептейді. Американдық ботаник Элвин Джентри бұл тұстың әр гектарынан 300 ағаш түрінің кездесетіндегі анықтап санап шыққан.

36. Ең ауыр адамдар американцы егіздер Билли (337 килограмм) мен Бенни (328 кг.) Мак-Крэйлер. АҚШ-тың Уэсли-Хилз қаласының тұрғыны 24 жасар Майкл Эдельманнның салмағы — 363 килограмм тартады.

37. Ақтөбе облысының Мұғаджар маңында жылына екі айдан астам уақыт жел соғып тұрады.

38. Француз жазушысы А. Пруст романында 814 сөзден тұратын сөйлем бар екен.

39. Францияда жасалған. Фотообъективтерді, ювелирлік бұйымдарды тазартуға қолданылады.

40. Пекиндегі Тяньаньмэнь алаңы.

41. Сальвадор мемлекетінікі, 4 минут 28 секунд ойналады.

42. «Суворов».

43. Багиода 1978 жылы, 93 күнге созылған әлем чемпионатында Анатолий Карпов В. Корчнойды 6:5 есебімен ұтты.

44. Турин қаласының кондитерлері ерекше торт жасаған. «Мегаторт» деп атаған ғажайып тортқа бір жарым тонна қант, тоғыз мың жұмыртқа, бірнеше бөшке май пайдаланыпты. Ұзындығы 360 метр болатын алып тортты белгіленген жерге жеткізу үшін көше қозғалысын тоқтатуға тұра келген.

45. Дүние жүзіндегі ең алып самолет — «Мрия» (Арман) АН-225. Алты двигателі бар, тұңғыш рет 21 декабрьде (1988) аспанға көтерілді. 250 тонна жүк көтере алады.

46. Совет космонавтары Владимир Титов пен Мұса Манаров ғарышқа 1987 жылдың 21 декабрінде ұшып, 366 күннен кейін 1988 жылдың 21 декабрінде Москва уақыты бойынша 12 сағат 57 минутта жерге қонды.

47. Швецияның әйгілі ғалымы Карл Линней.

48. Тәжікстан таулы өкірдегі (96 процент) республика, ал Египет шөлдегі мемлекет саналады.

49. Үсқырық.

50. Мариана, тереңдігі — 11022 метр.

ЭПИГРАФ, ЭПИГРАФ, ТАҒЫ ДА ЭПИГРАФ

1. Ә. Нұршайықов, «Ақиқат пен аңыз». 2. Б. Бұлқышев, «Алматы — қалам менің». 3. F. Мұсірепов, «Ұлпан». 4. Ш. Мұртазаев, «Мылтықсыз майдан». 5. Б. Соқпақбаев, «Менің атым Қожа». 6. Т. Әбдіков, «Ақиқат». 7. З. Шашкин, «Тоқаш Бокин», 8—9. Б. Нұржекеев, «Жайлалаудағы жиырма күн», «Бір ғана маҳаббат». 10. М. Қабанбаев, «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана». 11. Б. Мұқаев, «Аққу сазы».

ТҮҢГЫШ РЕТ

1. 1943 жылы. 2. Қаныш Сәтбаев. 3. Ярославльдік Василий Николаевич Никандров «Октябрь» фильмінде. 4. Азамат соғысының батыры, атақты қолбасшы Блюхер мен көрнекті революционер Землячка. 5. Құләш Байсейітова. 6. 1970 жылы 24 сентябрь, «Луна-16». 7. Анна Савельевна Алексахиной (Москва облысы). 8. 1989 жылы 7 ноябрьде 118-ші әскери парад болды. 9. Т. Исабаев. 10. Орыс ғалымы Петров. 11. Патшайым Тәжібаева. 12. Шевченко қаласы, Патрик Амберкромби атындағы алтын медаль. Архитекторлардың Халықаралық ассоциациясының ең жоғары наградасы. 13. 7 сентябрь 1988 жылы. 14. «Лачплесис». 15. Ақмоланың теміржолшы-жұмысшысы Жапархан Асайынов. 16. Егор Васильевич Редъко. 17. 1. Январь 1968 жылы. 18. «Өмірге жолдама», режиссері Н. Экка. 19. Орыстың атақты математигі — С. В. Ковалевская. 20. 1954 жылы Обнинск қаласында.

СПОРТ ТУРАЛЫ ВИКТОРИНА

1. Олимпиадалық ойындардың девизі. 2. 1896 жылы 6—15 апельде Афиньда. 3. МОК президенті болған Э. Брэндедж (АҚШ). 4. Совет спортшысы Л. П. Скобликова. 5. Әзиз Несин. 6. Алматылық Валерий Люкин. 7. 1914 жылы Семейде ұйымдастырылған «Жарыс» командасы. 8. Футболшылар Л. Яшин, И. Нетто, шахматшы А. Карпов, мәнерлеп сырғанаушы И. Роднина, хоккейші В. Третьяк, тағы басқалары. 9. Балуан Жақсылық Үшкемпіров. 10. 1952 жылы, диск лақтыруышы Нина Пономарева (Ромашкова). 11. Француз шабуылшысы Жюст Фонтэн. 1958 жылғы чемпионатта 13 доп соқты. 12. Итальяндық Рейнхольд Месснер. 13. 1951 жылы. 14. О. Протасов 18 доп соқты. 15. Москвалық техника ғылыминың кандидаты Н. Г. Латышев. Ол отыздан астам әлемдік Олимпиада ойындарына қазылдық еткен. 16. СССР-дің еңбек сіңірген спорт шебері, халықаралық гроссмейстер Анатолий Гантварг. 17. А. Ильин. «Спартак» (Москва) 1958 жылы 19 доп соғып «Трудтың» тұңғыш жүлдегері атанды. 18. Пеленің толық аты — Эдсон Арантес дүй Насименто. 19. СССР (340 алтын, 288 күміс, 250 қола), АҚШ (337, 246 және 197). 20. Қазбек Уалиев. 21. 1899 жылы. 22. Стефан Станис (Польша) 1942 жылы 13 желтоқсанда Франция кубогы үшін жарыста «Обри-Астюре» командасының қақпасына 16 доп соқты.

БІРІНШІ БОЛЫП ЖАҢАЛЫҚ АШҚАНДАР

Қазіргі кассетаның алғашқы түрін 1898 жылы В. Поульсен жасаған.

Варшавалық окулист Людвиг Заменгоф.

Американ ғалымы Т. А. Эдисон, 1877 жылы.

Россияда 1879 жылы орыс шаруасы Феодор Блинов ең алғаш шыңжыр табанды тракторды ойлап тапты.

Американ өнертапқышы Сэмюэл Морзе 1838 жылы жасады.

Қалтқылы тұңғыш гидросамолетті 1911 жылы Я. М. Гаккель жасаған.

Орыс ғалымы Никонов.

Ежелгі гректің аса дарынды астрономы Гиппарх.

Вант-Гофф.

Фалымдар А. Меркулов пен Б. Белостоцко.

Электрондық телевизияның негізін қалаған совет ғалымы Б. Л. Розинг. Ол өзі жасаған телевизиялық қабылдағыш — электронды-сәулелік түтік арқылы 1911 жылы 9 майда шығарып көпшілікке көрсетті. Ең алғашқы телехабар 1925 жылы Англия мен АҚШ-та, ал 1931 жылы 29 апельде біздің елімізде берілді.

Жер шарын теңіз жолымен тұңғыш рет айналып шыққан португалдық әйгілі саяхатшы — Ф. Магеллан. 1519—22 жылдары бес кемеден құралған оның экспедициясы Жердің шар тәрізді екенін бірінші болып дәлелдеді.

Белгілі орыс ғалымы П. Л. Шиллинг 1832 жылы электромагниттік телеграф аппаратын жасады. Ал 1876 жылы американ ғалымдары А. Г. Белл қазіргі телефонды, Д. Юз микрофонды (1878 ж.) ойладап тапты.

Ең алғашқы кемені орыс өнертапқышы И. П. Кулибин 1782 жылы жасады. Дүние жүзіндегі тұңғыш теңіз пароходы «Елизавета» 1815 жылы Петербург пен Кронштадт аралығына қатынай бастады.

Электронды 1897 жылы Дж. Томсон бірінші болып ашты. Ал оның зарядын американ ғалымы Р. Милликен 1911 жылы тікелей дәл өлшеген.

1786 жылы ирландиялық Р. Л. Эджуорт вагон-арбалардан поезд құрастыруды ұсынды.

Сатурнның сақинасын ең алғаш рет 1610 жылы Г. Галилей байқаған, сондай-ақ оны сипаттап 1659 жылы ғалым Гюгенс жазған. Француз астрономы Д. Кассини Сатурнның концентрлі екі сақинадан тұратынын дәлелдеген. 1969 жылы планетаға жақын жатқан тағы бір сақинасы табылды. Сатурн сақинасының қалындығы 10 см-ден 10 километрге дейін барады.

Мультфильм (мультипликациялық кино) — өнердің күрделі бір түрі. Мұндай фильмдер негізінен арнайы салынған суреттерді, сондай-ақ қырышқақтарды пайдалану арқылы түсіріледі. Суреттер бойынша мультфильмдер түсірудің ең бірінші

рет француздың суретшісі Э. Коль 1908 жылы жүзеге асырды. Ал Россияда алғашқы қуыршақты фильмді 1911 жылы кино режиссер, оператор-суретші В. А. Старевич түсірді. Мультфильмдегі бейнелерге жән бітіру үшін мындаған сурет жасалу керек. Бұған бір цифрды айтсақ та жеткілікті. Он минуттық фильмге 15000—18000 сурет салынады екен. Қазақ мультипликациялық киносының негізін қалаушы — суретші әрі режиссер Эмен Қайдаров. Ол «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Ақсақ құлан», «Қожанасыр — сәулетші» атты фильмдер жасады. Э. Қайдаров Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Ең алғашқы ағаш баспа қалыбы — ксилография Кореяда дүниеге келді. Ағаш тақталарға кітаптың барлық беттерінің жазулары ойып түсірілген. Осындай тәсілмен 1041—48 жылдары Би Шэн тұнғыш рет кітап басып шығарды. Европада кітап басу ісі XV ғасырдың 40-жылдары неміс өнертапқышы И. Гутенберг баспа станогын жасағаннан кейін барып дамыды. Ал Россияда жарық көрген тұнғыш кітаптың аты «Апостол». Оны Москвада 1564 жылы Иван Федоров пен Петр Мстиславец басып шығарды. Ал қазақ тілінде басылған бірінші кітап 1807 жылы Қазанда шыққан «Сейфілмәлік» қиссасы.

Е. М. Артамонов жасаған алғашқы велосипед 1801 жылы Москвада көпшілікке көрсетілді.

ӘЗІЛ СҰРАҚТАР


1. Венгрияда.
2. Шырпыны бірінші жағамыз.
3. Нева мен Ангара өзендері.
4. 28 саны барлық айда бар.
5. Ямал, Кіші Жер.
6. Жүрек жақтағы сол қолдың.
7. 1961, 1881.
8. Пружиналы.
9. Талдықорған облысында, Тентек өзені.
10. Шотландияда, ал Бирмада лоуинджи юбкасы жігіттердің ең сүйікті үлттық киімі саналады.
11. Жоқ, спутникте салмақсыздық жағдайы.
12. Мама — Солтүстік Байкалдағы өзен. Вальс — Испаниядағы, Волос — Грекиядағы, Коньяк — Франциядағы, Чарлston — АҚШ-тағы қалалар.
13. Екеуде бірдей.
14. Батыс, психологтері тәжірибесіне қарағанда, еркектер айнаға көп қа-

райды екен. 15. Англияның Черитон дейтін кіші-гірім қаласында тұратын Энди Манн өзінің дүниеге келген ұлына 1970 жылғы әлем чемпиондары — Бразилия футболшыларының және бүгінгі «футбол падишасы» Марадонаның аты-жөндерін тұтас қойды. Э. Манн — әуесқой футбол командасының жаттықтырушысы. Сонымен оның ұлының есімін былай деп атایмыз: Эдсон Арантес до Насименто Феликс Минелли Венерадо Эркулес Брито Руас Вильсон да Силва Пиацца Карлос Альберто Торреш Эверальдо Маркиш да Силва Клодоальдо Табареш де Сантина Жаир Вентура Фильо Жерсон де Оливейра Нуњеш Эдуардо Гоносалвеш Андраде Роберто Ривелино Марио Жорже Лобо Загало Артур Антунеш Коимбра Сократес де Соуса Виейра де Оливейра Диего Армандо Марадона.

16. Лондонның «Хитроу» аэропортында бір топ «жанкүйерлер» ерекше оқиғаны тамашалады. Отыз жасар атлет Дэвид Гаудер 100 тонналық «Конкорд» алып лайнерін 14 метрге сүйретіп «Гиннестің рекордтар кітабына» өз есімін жазды. Гаудердің салмағы — 107 килограмм. Ол бұл күнге алты ай бойына дайындалған.

17. Сан-Францисконың бір тұрғынының аты-жөні өте сирек кездесетін фамилия. Оның толық Есімі Захари Зээзззззззра деп аталады екен. Тоғыз «з» дыбысынан тұратын бұл фамилияны ешкімнің де дұрыс атай алмайтыны белгілі.

ОН ТӨРТІНШІ БӨЛІМ
БІЛГЕНГЕ — МАРЖАН



Әркім-ақ білімге мұқтаж, тыныстауға ауа іздеуді ұнатқандай, халық білім іздеуді де ұнатауды.

Л. Н. Толстой

* * *

Ешқашан да бәрін білемін, енді маған бұдан артық үйренетін ештеңе жоқ деп санаушы болма.

Н. Д. Зелинский

* * *

Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық.

Абай

* * *

Білім мен даналық — адам көркі.

Ә. Науай

* * *

Кім көбірек біледі дегенді емес, кім жақсырақ біледі дегенді анықтауға тырысу керек.

М. Монтень

* * *

Сізге басқаларынан гөрі көбірек ойлауға мәжбүр ететін кітаптар бәрінен пайдалы.

Т. Паркер

* * *

Адам оқудан қалғанда, ойлаудан да қалады.

Д. Дидро

«Білгенге — маржан» деп аталатын бұл бөлімдегі мөлтек материалдар негізінен жоғарыдағы жұмбақ-ойындардың қайсысымен болсын өзара сабақтасып жатыр.

Күнбе-күнгі өмірімізде оншалықты көңіл бөліп, зер сала бермейтін, сонымен қатар тіршілікте ұшырасатын қарапайым жайлардың тарихы мен құпия қырларын тереңірек білгенге не жетсін. Сондықтан да қажет деген деректердің кейбірін ғана іріктеп ұсынғанды жөн көрдік.

Бұлардың көбін жеке жұмбақ-ойындар құрастыру кезінде де пайдалануға болады.

ҚАБІЛЕТ ЖАС ТАҢДАМАЙДЫ

Марксизмнің тұқыныш программалық документі — «Коммунистік партияның манифесін» жазып бітірген кезде Карл Маркс 29 жаста, ал Фридрих Энгельс 27 жаста еді.

* * *

В. И. Ленин өзінің «Халық достары» деген не және олар социал-демократтарға қарсы қалай күреседі?» деген әйгілі кітабын 24 жасында жазған.

* * *

Морис Торез 25 жасында Франция Компартиясы Орталық Комитетінің секретары болды.

* * *

Чарльз Диккенс 25 жасында «Пикковик клубының жазбалары» кітабын жазды.

* * *

Өзінің барлық шығармаларын Н. А. Добролюбов 26 жасына дейін, ал Д. И. Писарев 28 жасына дейін жазды.

* * *

Ежелгі грек астрономы Гиппарх (35 жасында қайтыс болған) жылдың ұзақтығын дәл тапқан.

Тамаша орыс ғалымы, академик С. А. Чаплыгин бес жыл бойы сейлескен телефондарының номерін түгел еске сақтаған. Ал Э. Геон деген біреу 2500 кітаптың мазмұнын жатқа білген.

Комсомолка Зоя Космодемьянская өзінің қаһармандық ерлігін 18 жасында жасады.

А. С. Пушкин 20 жасында «Руслан және Людмила» поэмасын жазып бітірді.

Михаил Шолохов 23 жасында атақты «Тынық Дон» романының бірінші кітабын жазды.

Геттинген университеті 24 жастағы София Ковалевскаяға философия докторы атағын берген.

Математик Эйлер, академик А. Иоффе логарифмдер таблицасын жатқа білген.

Юлий Цезарь, Александр Македонский, Бонопарт Наполеон секілді атақты қолбасылар өздерінің қарамағындағы 25—30 мың солдаттың әрқайсысын жеке-жеке танитын өрі аттарын да білетін болған.

• • •
Карл Линней өзінің өсімдіктер классификациясын 24 жасында жасаған, Исаак Ньютон әйгілі өлемнің тартылыс заңын 25 жасында, ал Ирэн және Фредерик Жолио-Кюрилер жанды радиоактивтілік құбылысын 28 жасында ашқан.

* * *

Игорь Курчатов 30 жасында атом ядросының құпиясын ашса, конструктор Яковлев 29 жасында тұңғыш самолетін жасады.

* * *

Сергей Соболев 23 жасында ғылым докторы, 24-інде академияның мүше-корреспонденті, 27 жасында академик болып сайланды. Қазақстандық математик Асқар Жұмәділдаев 32 жасында докторлық диссертация қорғады.

* * *

Ақын-жазушылар Беранже 77-ге, Л. Толстой 82-ге, В. Гюго 83-ке, М. Шагинян 94-ке, физиолог И. Павлов 87-ге, микробиолог Гамалея 90-ға келгенше тынымсыз еңбек еткен.

* * *

И. И. Мечников 19 жасында бірнеше ғылыми еңбектің авторы болды.

* * *

«Еңлік — Кебек» трагедиясы тұңғыш рет қазақ саянасына қойылған кезде Мұхтар Әуезов 20 жаста болатын.

• • •
Күлөш Байсейітоваға 24 жасында «СССР халық артисі» атағы берілді.

• • •
Аркадий Гайдар он жеті жасында полк командирі болды.

• • •
Гете 74 жасында атақты «Мариенбад злегиясын», Д. Верди 73 жасында «Отелло», ал 80 жасында «Фальстаф» операсын жазған.

• • •
Профессор Б. Букреев 96 жасында жоғары геометрия жөнінде оқулық жазған.

• • •
Ұлы композитор В. Моцарт төрт жасынан бастап музикалық аспаптарда ойнай білген, бес жасында музикалық шығармалар жаза бастаған.

• • •
Әйгілі француз композиторы Ж. Бизе 10 жасында Париж консерваториясына қабылданған. 37 жыл өмір сүрген. Ол 20-ға жуық опера жазған.

• • •
Пушкин 8 жасынан, Некрасов тоғыз жасынан олең жазған, Лермонтов он бес жасында «Демонның» алғашы нұсқасын жазып бітірген.

Атақты совет ғалымы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты С. Мергелян жастайынан-ақ математикаға ете қабілетті болған. Ол бір оқу жылышының ішінде 8,9,10 кластардың емтиханын тапсырды. 16 жасында бірден университеттің екінші курсына қабылданды. Студент бола жүріп аспирантураға түс蒂. Бір жарым жыл ішінде кандидаттық минимиум даярлады, 20 жасында ғылым докторы атағын алды.

* * *

Итальяндық атақты математик Б. Паганини екінші «достас» цифrlарды (1184 пен 1210) он алты жасында 1867 жылы ойлап тапқан.

* * *

Академик Л. Ландау он жылдық мектепті 13 жасында үздік бітіріп, 14 жасында университеттің екінші курсына түседі.

* * *

Ясная Поляна тұрғыны, ауыл шаруашылығының маманы, омарташы-рационализатор Иван Васильевич Манохин 92 жасында «Адам және ара» деген кітап жазған.

* * *

1989 жылы Жапонияның қарт тұрғыны Митцу Фудзисава әжей 112 жасында сырттай университеттің медицина факультетіне оқуға түскен.

* * *

Бельгиялық жас жігіт Йохан ван дер Валле 31 тілде сейлей алды.

* * *

Закарпатьенің 80 жасар тұрғыны Андрей Федорович Штадлер 20 шет тілін біледі екен. Эстон тілін қинала үйренген

ол біраз тілді жас кезінде ез бетінше оқып мәңгерген. Қарт полиглот енді ағылшын, еврей (идиш) тілдерін үйренуде.

* * *

64 жасар Иосио Кисима Жапонияның Тиба қаласындағы технология институтын үздік дипломмен бітіріп, аспирантураға түсуге дайындалып жүр.

* * *

АҚШ-тың Калифорния штатында тұратын жас бала самолет руліне 7 жасында отырған. 9 жасында қос моторлы самолетті нағыз шеберлерше мәңгеріп алған.

* * *

11 жасар американдық оқушы К. Маршалл жалғыз моторлы самолетпен Атлант мұхитын кесіп өтіп, Париж аэропортына қонған.

* * *

Швейцариялық 87 жасар альпинист У. Индербинен 1988 жылы 84 жасар турист серігімен бірге «төрт мыңдық» көзекті шыңды бағындырыпты.

* * *

Альпінің төңірегінде тұратын 8—15 жастағы жиырма төрт бала арнаулы өзірліктен өткеннен кейін Монблан шыңын (4807 м) бағындырған.

* * *

Елуден енді ақсан вашингтондық Шакунтал Деви «ОН мыңдық бөлшектерді» еркін шешіп, ойша есептей алды. Ол 13

сандық цифрлардың 28 секундтың ішінде есептеп шығарған. «Тірі компьютерлердің» бірі Хано Эберстрак ондаған саннан тұратын сандарды ойша көбейтіп, қосып, түбірден шығарып қана қоймай, 20 тілде еркін сөйлей алатынын қалың көпшілікке көрсеткен.

* * *

Венгрлік апалы-сіңлілі Жужа (19 жаста), София (14), Юдит (12) Салоникиде өткен Бүкіл дүниежүзілік шахмат Олимпиадасында тұңғыш рет алтын медальды жеңіп алды.

* * *

Шахмат тарихында әлем чемпионының «тәжін» киген 13 шахматшы ең жоғары атақта әр жаста ие болған. В. Стениц — 30 жаста, Х. Капабланка — 32, А. Алехин — 35, М. Эйве — 34, М. Ботвинник — 36, В. Смыслов — 36, Т. Петросян — 33, Б. Спасский — 32, Р. Фишер — 29, Эм. Ласкер — 25, М. Таль — 23, А. Карпов — 23, Г. Каспаров — 22.

* * *

Сырықпен секіруден дүние жүзінің рекордын тоғызы мәрте жаңартқан совет атлеті Сергей Бубка барлық жетістігін 23 жасқа дейін жасап үлгерді. Оның соңғы рекордтық көрсеткіші — 6 метр 10 сантиметр.

* * *

Корей Халық Демократиялық Республикасында бүкіл елдің маңтанышына айналған балғын суретші О Ын Бель есімін білмейтін жан жоқ. Ол 1981 жылы туған. Ерекше қабілетті бүлдіршін 2 жасынан бастап дәстүрлі ұлттық мәнерде сурет салумен шұғылданып келеді. Оның көптеген картиналары мен суреттері 1985 жылы Москвада өткен жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік XII фестивалінде көрсетілді.

РЕСПУБЛИКАМ МЕНИң — ҚАЗАҚСТАН

Қазақстан — бұл Каспий теңізінен Алтай тауларына дейінгі және Сібір даласынан Тянь-Шань тауларына дейінгі аралықты алып жатыр. Оның жер көлемі 2,7 миллион шаршы километр, ал шекарасының жалпы ұзындығы 15 мың километрден асады.

Қазақстан — бұл қазіргі заманғы дамыған экономикасы бар, ірі өнеркәсіпті, көп салалы ауыл шаруашылығы өркендеген республика.

Қазақстан — бұл мәдениеті, ғылымы, өнері мен әдебиеті бүкіл әлемге танылған ел.

Қазақстан — бұл 16 миллион 538 мың халқы (1989 ж.) бар республика.

Қазақстан — бұл түйсін халықтардың үлкен достық семьясы, онда жүзден астам ұлт өкілдері қазақ, орыс, украин, ұйғыр, татар, өзбек, неміс, белорус, корей, тағы басқалар тұрады.

Қазақстан — бұл 19 облыс, 206 аудан, 83 қала, 190 қала-лық типтегі поселкелер және көптеген совхоздар мен колхоздар...

Қазақстан — бұл табиғаты мен климаты өр түрлі ұланғайыр өлке. Бір бөлектерінде қатал қыс көбірек аялдаса, бір бөлегінде көктемгі шуақ ерте күлімдейді. Бұл — теңіздер, көгілдір көлдер мен өзендердің, ормандар мен құмдардың далалар мен таулардың өлкесі.

Қазақстан астанасы Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан жасыл желекті қала — Алматы. Халқының саны миллионнан асады. Совет Одағындағы ең көрікті қалалардың бірі.

Ірі өндіріс және мәдениет пен ғылыми орталық. Өзіндік архитектуралық бүгінгі заманғы көлбеті бар. Алматы — біздің еліміздегі ең жасыл қала болып саналады. Бау мен бақтар, сан түрлі құлпырған гүлзарлар астананы айрықша нүрге белайді. Географиялық сипаттамасы: қала теңіз деңгейінен 700—900 метр биіктікте орналасқан. Қаланың ішімен Ұлкен және Kіші

Алматы өзендері ағады. Ал күнгейде ақ бас шыңдарын күнге сүйдірген Алатау асқақтайды. Сондықтан да ғажайып әсем қала Алматыны «Алатаудың алқасы» деу де өте орынды. Алматы 1929 жылдан Қазақстанның астанасы.

Кең байтақ Қазақстанды бірер деректермен егжей-тегжейлі таныстыру еш мүмкін емес. Осы мақсатпен біз тек күн шұғылалы республикамыздың облыстары мен аудандарын, қалаларын таныстырып отырмыз.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОБЛЫСТАРЫ МЕН АУДАНДАРЫ

1. Ақтөбе облысы. Аудандары: Ақтөбе, Алға, Байғанин, Комсомол, Қарабұтақ, Қобда, Ленин, Мартек, Мұғаджар, Новороссийск, Октябрь, Ойыл, Темір, Үрғыз, Шалқар.

2. Алматы облысы. Аудандары: Балқаш, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Кеген, Күрті, Қаскелен, Нарынқол, Талғар, Ұйғыр, Іле, Шелек.

3. Гурьев облысы. Аудандары: Бейнеу, Ембі, Ералиев, Индер, Қызылқоға, Мақат, Маңқыстау, Махамбет, Төңіз.

4. Жамбыл облысы. Аудандары: Жамбыл, Жуалы, Қордай, Луговой, Мерке, Мойынқұм, Сарысу, Свердлов, Талас, Шу.

5. Жезқазған облысы. Аудандары: Ақадыр, Ақтоғай, Жаңаарқа, Жезді, Приозерный, Ұлытау, Шет.

6. Қарағанды облысы. Аудандары: Егіндібұлақ, Қарқаралы, Мичурин, Молодежный, Нұра, Осокаровка, Тельман, Төңіз, Ульянов.

7. Қызылорда облысы. Аудандары: Арад, Жалағаш, Жаңақорған, Қазалы, Қармақшы, Сырдария, Тереңөзек, Шиелі.

8. Қекшетау облысы. Аудандары: Арықбалық, Володар, Еңбекшілдер, Зеренді, Келлер, Қуйбышев, Қекшетау, Қызылту, Красноармейск, Ленинград, Рузаев, Уәлиханов, Чистополь, Чкалов, Шучье.

9. Қостанай облысы. Аудандары: Амангелді, Арқалық, Боровской, Жангелдин, Жітіқара, Қамышин, Комсомол, Қарасу,

Қостанай, Ленин, Науырзым, Октябрь, Орджоникидзе, Семиозер, Тарап, Урицкий, Федоров.

10. Павлодар облысы. Аудандары: Баянауыл, Екібастұз, Ермак, Ертіс, Железинка, Качир, Краснокут, Лебяжье, Май, Павлодар, Успен, Шарбақты.

11. Семей облысы. Аудандары: Абай, Ақсұат, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жаңасемей, Жарма, Қекпекті, Мақаншы, Новошульба, Таскескен, Үржар, Шар, Шұбартау.

12. Солтүстік Қазақстан облысы. Аудандары: Бескөл, Булаев, Возвышен, Жамбыл, Ленин, Мамлют, Москва, Преснов, Сергеев, Совет, Соколов, Тимирязев.

13. Талдықорған облысы. Аудандары: Ақсу, Алакөл, Андреев, Бөрлітөбе, Гвардия, Киров, Қапал, Қаратал, Панфилов, Сарқант, Талдықорған.

14. Орал облысы. Аудандары: Бөрлі, Жәнібек, Жаңақала, Жымпіты, Зеленов, Камен, Қазталовка, Қаратөбе, Орда, Приурал, Тайпақ, Теректі, Фурманов, Чапаев, Шыңғырлау.

15. Целиноград облысы. Аудандары: Алексеев, Астрахань, Атбасар, Балқашин, Вишнев, Державин, Ерейментау, Есіл, Жаңсы, Жаңадала, Краснознамен, Қима, Қорғалжын, Макин, Сілеті, Целиноград, Шортанды.

16. Шығыс Қазақстан облысы. Аудандары: Большенарым, Глубокое, Зайсан, Зырян, Катонқарағай, Құршім, Марқакөл, Самар, Таврия, Тарбағатай, Ұлан, Шемонайха.

17. Шымкент облысы. Аудандары: Алғабас, Арыс, Жетісай, Киров, Қызылқұм, Ленгір, Ленин, Мақтаарал, Сайрам, Сарыагаш, Созак, Түркістан, Тұлкібас, Шардара.

Кейін жабылып қалған Торғай, Маңқыстау облыстары мен бірнеше аудандардың қайта ашылғанын ескертеміз.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 83 ҚАЛАСЫ

Қазақ Советтік Социалистік Республикасында 83 қала бар. Олардан республикаға бағынатыны 1 қала, облысқа қарайтыны — 48, ауданға қарайтыны — 33 қала.

- 1. Республикалық қала — Алматы, астана.**
- 2. Облысқа бағынатаңыздары:** Абай, Ақтөбе, Арқалық, Арыс, Атбасар, Аягөз, Балқаш, Гурьев, Екібастұз, Ермак, Жамбыл, Жаңатас, Жезқазған, Жітіқара, Зыряновск, Кентау, Қекшетау, Қапшағай, Қарағанды, Қаражал, Қаратаяу, Қызылорда, Қостанай, Ленгір, Лениногор, Лисаковск, Никольск, Жаңаөзен, Павлодар, Петропавл, Рудный, Саран, Семей, Серебрнянск, Талғар, Талдықорған, Текелі, Теміртау, Түркістан, Орал, Өскемен, Форт-Шевченко, Целиноград, Шахтинск, Шевченко, Шымкент, Шу, Шучинск.
- 3. Аудандарға бағынатаңыздары:** Ақсай, Алакөл, Алға, Алексеевка, Арас, Булаево, Державинск, Ембі, Ерейментау, Ертіс, Есіл, Есік, Жетісай, Зайсан, Қазалы, Қарқаралы, Қаскелең, Красноармейск, Макинск, Мамлютка, Октябрьск, Панфилов, Сарқант, Сарығаш, Сергеевка, Степняк, Темір, Үштөбе, Хромтау, Чапаев, Шар, Шардара, Шалқар, Шемонайха.
- 4. Жариялыштық арқасында жоғарыдағы қалалар салындағарышкерлер мекені Ленинск қаласы мен полигон аймағындағы Курчатов қаласы да ашық атала бастады.**

ҚАЗАҚША ЖЫЛ АТТАРЫ

- | | |
|-----------|-----------|
| 1. Тышқан | 7. Жылқы |
| 2. Сиыр | 8. Қой |
| 3. Барыс | 9. Мешін |
| 4. Қоян | 10. Тауық |
| 5. Ұлу | 11. Ит |
| 6. Жылан | 12. Доңыз |

Егер сіз қай жылы туғаныңызды білгініз келсе былай етіңіз. Туған жылға 9-ды қосып, 12-ге белгендегі қалған қалдығы өзіңіздің туған жылыңыз болып шығады. Мысалы, 1917

жылы туған адамның жылы не екәнін білейік. 1917-ге 9-ды қоссақ, 1926 болады, енді осыны 12-ге бөлеміз. Сонда 16-дан келеді де, 6 қалады, ал 6-шы жылан жылы, демек 1917 жыл жылан екен. Немесе 1945 жылғы туған адамның жылын шығаралық. 1945-ке 9-ды қосыңыз, 1954 болады, оны 12-ге бөліңіз, 162-ден келеді де 10 қалдық қалады. 10 — тауық жылы, сонда 1945 жылы туғандардың жылы — тауық.

Міне, туған жылды осылайша есептеп шығарады. Ал егер қалдық қалмай, дәл бөлінсе ол жыл доңыз болады.

АЙ АТТАРЫ

Теменде қазіргі ай аттары беріліп отыр. Олардың тұсына қазақша ай аттарының жалпы атауымен бірге, байырғы қазақ календарындағы зодиак айлары (жұлдыз айлар) көрсетілген. Жыл басы Март — Наурыз — Хамал саналған.

Январь — Қаңтар — Дәлу.

Февраль — Ақпан — Хұт.

Март — Наурыз — Хамал.

Апрель — Көкек — Сәуір.

Май — Мамыр — Зауза.

Июнь — Маусым — Саратан.

Июль — Шілде — Әсет.

Август — Тамыз — Сүмбіле.

Сентябрь — Қыркүйек — Мизан.

Октябрь — Қазан — Ақыrap.

Ноябрь — Қараша — Қауыс.

Декабрь — Желтоқсан — Жәди.

Бұл айларда 30—31 күннен, яғни жай жылда 365, кібіс жылда 366 күн бар. Күн мөн түннің жазғытұрғы тено-луі — наурыздың 22-сі.

ТУҒАН КҮНІҢІЗБЕН!

Жоғарыда туған жылдың күнін анықтау үшін көрсетілді. Енді туған күніңіз бен айның күнін анықтауда табудың жолы көрсетілді. Мұны жұмбақ ойын ретінде ұсынамыз.

Ең бірінші алдыңыздың қағазға қай күні туғаның күнін анықтауда табудың жолы көрсетілді. Енді туған күніңіз бен айның күнін анықтауда табудың жолы көрсетілді. Мұны жұмбақ ойын ретінде ұсынамыз.

Ең бірінші алдыңыздың қағазға қай күні туғаның күнін анықтауда табудың жолы көрсетілді. Енді туған күніңіз бен айның күнін анықтауда табудың жолы көрсетілді. Сонын соған 73-ті қосыңыз. Шыққан қосындыны 5-ке көбейтіңіз. Содан соң соған туған айның күнін анықтауда табудың жолы көрсетілді. Мұны жұмбақ ойын ретінде ұсынамыз.

Мысалы, 10 майда туған адамның туған күні мен айын анықтауда табудың жолы көрсетілді. Оның туған күнін анықтауда табудың жолы көрсетілді.

Мысалы, 10 майда туған адамның туған күні мен айын анықтауда табудың жолы көрсетілді.

10.

$$10 \times 20 = 200$$

$$200 + 73 = 273$$

$$273 \times 5 = 1365$$

$$1365 + (5 + 35) = 1405$$

$$1405 - 400 = 10.05, \text{ яғни } 10 \text{ май.}$$

КҮН ТІРШІЛІК КӨЗІ

Күн — тіршіліктің тірекі. Күн секундына $9,1 \cdot 10^{22}$ килокалория жылу бөледі екен! Тек бір секундта. Сол шексіз көп энергияның не бары 2 миллиардтан бір бөлігі ғана Жерге келеді. Осының өзі барлық тіршілікті ұстап, дамытып тұр. Күннің бір минут ішінде Жерге берген энергиясының өзі бүкіл Жер шарындағы тас көмірді жаққанда алынатын энергияға параллель! Бір жыл ішінде Жер Күннен $58 \cdot 10^{16}$ квт. сағат энергия алады. Яғни әрбір шаршы метр жерге бір квт. сағат энергия келеді.

ЭРМИТАЖДА БОЛДЫҢ БА!

Музейлердің атасы атанған Эрмитажды бүкіл өлем біледі. Революция бесігі Ленинградқа жолы түскен кімде-кім ең алғашқы таныстықты осы Эрмитаж табалдырығынан бастары сезсіз. Сөйтсе-дағы мемлекеттік Эрмитаждың 1889 есігінен кіріп, 353 залын көрген, ішінде 22 километр жол жүріп, көрменің 3 миллионға тарта экспонатын аса көзіл қоя көрдім деген адамның өзі де оны түгел біле бермейді. Музей залдарының көлемі 94.240 шаршы метр. Эрмитаж кітапханасында 600.000 том кітап бар. Эрмитаждың театры да өз алдына жатқан бір ғажап дүние. Эрмитажда жылына екі миллион адам бөледі.

ИЛЬИЧТІ БІРІНШІ СУРЕТКЕ ТҮСІРГЕН

В. И. Ленинді алғаш суретке түсіргендердің бірі — М. С. Наппальбаум. Ол 1884 жылдан жұмыс істей бастаған. 1917 жылы ол фотопортрет жасаудың белгілі шебері болды. Сондықтан оны 1918 жылдың январында В. И. Ленинді суретке түсіруге Смольныйға шақыртты.

Наппальбаум көптеген совет басшыларын, ғалымдарды, өнер қайраткерлерін, еңбек ерлерін және өскери қайраткерлерді суретке түсірді. 1935 жылы творчестволық қызметіне елу жыл толуына байланысты М. С. Наппальбаумға фотосуретшілер арасында бірінші болып РСФСР-дің еңбек сіңірген артисі (ол кезде басқа атақ болмайтын) құрметті атағы берілді.

ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ — КҮРЕС СИМВОЛЫ

Қызыл жалау — күрес белгісі, күресуші пролетариаттың символы. Россияда ол алғаш рет 1876 жылы 6 декабрьде Петербург жұмысшылары мен студенттерінің митингісінде көтерілді. 1905 жылы Иваново-Вознесенск жұмысшылары Қызыл

жалау көтеріп шықты. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Россияның жүздеген қалалары мен селолары Қызыл жалауға «Самодержавие жойылсын!» деген жалынды ұран жазды. Ал, Қызыл жалау КСРО-ның Мемлекеттік туы болып, ресми түрде, 1918 жылы 8 апельде бекітілді.

СОВЕТ ОРДЕНДЕРИ

СССР-дің ең жоғары ордені Владимир Ильич Лениннің есімімен аталған. № 1 Ленин орденімен 1930 жылы «Комсомольская правда» газеті наградталған. Бірінші совет ордені — Қызыл Ту ордені 1918 жылы белгіленді, ол кезде Қызыл Армияның жауынгерлері ақвардияшылар мен шетел интервенттеріне қарсы қарсЫ күресіп, жас Совет әкіметін қорғағаны үшін осы орденмен наградталды. 1930 жылдан бері Қызыл Жұлдыз ордені де осындай ерлік үшін беруге белгіленген-ді.

1920 жылы шығарылған Еңбек Қызыл Ту орденімен совет адамдары қажырлы еңбегі үшін наградталады.

Ұлы Отан соғысы түсында бірнеше орден, медальдар белгіленді, олар: Отан соғысы ордені, Суворов, Ушаков, Кутузов, Нахимов, Богдан Хмельницкий, Александр Невский ордендері және ең жоғары әскери қолбасылық награда — «Жеңіс» ордені, солдаттар мен сержанттар үшін «Даңқ» ордені шықты, «Батырлығы үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін», қалаларды қорғағаны үшін әр түрлі медальдар наградаға берілді.

Соңғы жылдары жаңа ордендер белгіленді. Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығы құрметіне Октябрь Революциясы ордені, СССР-дің құрылғанына 50 жыл толуына арналып Халықтар достығы ордені, кейін Еңбек даңқы ордендері белгіленді. «Құрмет Белгісі» ордені Құрмет ордені болып аталды. «Жеке ерлігі үшін» жаңа ордені белгіленді. Осы орденнің тұңғыш иесі — балалардың өмірін қорғап қалудағы асқан ерлігі үшін орджоникидзелік мұғалім Наталья Владимировна Ефимова (24 март 1989).

Аса құрметті наградалар — «Алтын Жұлдыз», «Орақ пен Балға» белгілері.

Біздің елімізде көп балалы аналар айрықша құрметке ие. Олар «Ардақты ана», «Ана даңқы» ордендерімен, «Ардақты Ана» медалімен наградталады.

ХИМИЯ — ӘМІР

Мектеп қабырғасында жүргендегі химияның небір алуан сырларын оқып-үйреніп, Менделеев таблицасындағы жүзден астам элементтің әрқайсысына тән өзіндік қасиеттерін егжей-тегжейлі білуге құштарланамыза. Өйткені, химиясыз әмір жоқ. Соның айқын айғасын мына жайдан да көруге болады. Күнбекунгі тіршіліктө зер сала бермейтін қарапайым ғана мысал. Мұны кішінің де, үлкеннің де білгені абзал. Мәселен, салмағы 70 килограмм адам денесінде, ғалымдардың айтуынша, шамамен 12,6 кг көміртегі, 45,5 кг оттегі, 7 кг сутегі, 2,1 килограмм азот, 1,4 кг кальций, 150 грамм натрий, 100 грамм калий, 200 грамм магний, 700 грамм фосфор, 157 грамм күкірт, 5 грамм темір, 100 грамм фтор, 0,1 грамм йод, 0,0005 грамм мышьяк болады екен. Адам денесінде дақ күйінде ізі байқалатын микроэлементтер: марганец, бром, мырыш, алюминий, литий, кобальт, мыс, бор, берилий, барий, стронций, рубидий, ванадий, хром, кадмий, молибден, тағы басқалары да кездеседі.

Организм фосфорды ет, жұмыртқа, сүт, астық өнімдерінен алады. Ол есу, даму, сезім жүйесіне, ойлауға, адам қанқасын құруға қатысады. Организмдегі қуат көзі болып есептелетін (аденизотрифосфор қышқылы) АТФ-ны түзеді. Егер күшті магнитпен денедегі темірді тартып алып көрсек, гемоглобинің оттегін сіңіріп, тканьдарға жеткізілуі мүмкін болмас еді. Ал кремний сүйекке беріктік қасиет береді. Адам терісінің жібектей есіліп тұруы, тырнақтың мықтылығы кремний атомына байланысты. Ол етте, өкпеде, шеміршек пен ішекте болады.

108 МИНУТТАН 366 ТӘУЛІККЕ ДЕЙІН

Космос дәуірі, космос ғасыры деген сөздер бүгінгі жасам-паз өміріміздің ғажайып сипаттамасы болып естіледі. Космос десе көңілге туған топырақ төсіндегі Байқоңыр келеді. Байқоңыр космодромынан ғарышқа самғап жатқан советтік батырлар Ұлы Отанымыздың мақтанышы өрі даңқы. Бүкіл әліміз адамзат баласының космосқа тұңғыш жол салуының 30 жылдығын зор салтанатпен мерекеледі. Орайлы тұста өздеріңізді космос тарихының өшпес парағы саналатын кейбір деректермен таныстырылғанды жөн көрдік.

1957 жылғы 4 октябрьде Жердің тұңғыш жасанды спутнигі ұшырылды. Жердің алғашқы жасанды серігінің диаметрі 58 сантиметр ғана шар, салмағы — 83,6 килограмм.

1957 жылғы 3 ноябрьде Жердің екінші жасанды спутнигі ұшырылды. Ол алғашқы спутниктен алты есе ауыр, контейнерлер мен ғылыми аппаратура орналастырылған ракета ұшырғыштың соңғы сатысы еді. Саңылаусыз контейнерлердің бірінде сынау мақсатында Лайка атты ит болды. Ол Жер төңірегіндегі орбитада ұшырылған ең алғашқы тіршілік иесі еді.

1959 жылғы 12 сентябрьде Айға қарай ракета ұшырылды. Спутник 14 сентябрьде Айдың жоғары бетіне барып, оған Совет Одағының Гербі бейнеленген вымпелдер жеткізді.

1960 жылғы 19 августа ұшырылған космос кораблінің бортында Белка және Стрелка деп аталатын иттер бар герметикалық кабина болды. Бір төулік ұшқаннан кейін ол иттер төмен құлдилайтын капсуlamен аман-есен Жерге қонды.

1961 жылғы 12 апрельде Москва уақыты бойынша 12 сағатта Совет Одағының барлық радиостанциялары өз хабарларын тоқтатып, адамның космосқа тұңғыш ұшу сапарының ойдағыдай аяқталғаны туралы хабарлады. № 1 космонавт, совет азаматы Юрий Гагарин Байқоңыр космодромынан 9 сағат 07 минутта ұшты. 108 минут өткеннен кейін «Восток» кораблі Совет Одағының белгіленген ауданына аман-есен қонды. Әлемнің тұңғыш космонавы қонған жерінен былай деп хабарлады: «Партия мен үкіметке Жерге қонудың ойдағыдай өткенін,

өзімді жақсы сезінетінімдің хабарлауды сұраймын...». Осы күні бүкіл дүние жүзінің радиостанциялары Гагарин сапары туралы хабарлай келіп, оны әлемдік цивилизацияның тарихындағы ғаламат ірі оқиға деп атады.

1961 жылы 6 августа Байқоңырдан екінші совет космонавы Герман Титов ұшты. Ол планетаны 17 рет айналып шықты. Екінші космонавт Жерге космостан түсірілген планетамыздың алғашқы суреттерін жеткізді.

1962 жылы 11 және 12 августа космонавтар А. Николаев пен П. Попович басқарған «Восток-3» және «Восток-4» ұшқыш басқаратын корабльдері орбитаға шығарылды. Бұл екі космос кораблін бір мезгілде ұшырудың алғашқы тәжірибесі болатын. Олар 71 сағатқа созылған тұңғыш топтасып ұшуды жүзеге асырды.

1962 жылы 1 ноябрьде Марсқа қарай тұңғыш ракета ұшырылды.

1963 жылы 14 июньде космонавт-ұшқыш В. Быковский басқарған «Восток-5» космос кораблі ұшырылды, ал арада екі күн өткен соң мәлшермен сол орбитаға «Восток-6» кораблімен тұңғыш космонавт әйел Валентина Терешкова самғады. Ол космоста 71 сағат болды.

1964 жылы 12 октябрьде ұшқыш басқаратын космонавтикада маңызды кезең басталды. Орбитаға үш кіслік «Восход» кораблі шығарылды. Бұл ұшу сапарына бір тәулік бойы ұшқан космонавт-ұшқыш В. Комаров, космонавт-ғылыми қызметкер К. Феоктистов және космонавт-дәрігер Б. Егоров қатысты.

1965 жылы 18 марта екінші «Восходтың» бортында П. Беляев пен А. Леонов ұшты. Дәл осы күні Жерді екінші рет айналу кезінде бөлек скафандр киген А. Леонов ашық космосқа шығып, корабльден бес метр қашықтықта бақылау комплексін жүргізді.

1967 жылы 23 апрельде ұшқыш басқаратын жаңа «Союз» космос кораблінің сынау мақсатындағы ұшу сапары басталды. Осы сериядағы алғашқы корабльді Владимир Комаров басқарды.

1967 жылы 30 октябрьде екі космос аппараты дүние жүзінде тұңғыш рет автоматты тұрде тұйісті. Олар «Космос-186» және «Космос-188» спутниктері еді.

1968 жылы 26 октябрьде ұшқыш басқаратын жаңа үлгідегі екінші корабль ұшты. Ол — советтің белгілі сынауыш ұшқышы, Совет Одағының Батыры Г. Береговой басқарған «Союз-3» кораблі еді. «Союз-3» осының алдында ұшырылған «Союз—2» корабліне жақындағы.

1969 жылы 5 және 10 январьда Жерден Шолпан планетасына алғашқы десант аттанды. «Венера-5» және «Венера-6» автомат станциялар Шолпан планетасының тәнірекіне төрт айдан кейін жетті.

1969 жылы 16 январьда ұшқыш басқаратын екі корабль алғаш рет тұйісті. «Союз-4» кораблінде орбитаға В. Шаталов ұшты, ал «Союз-5» кораблінің бортында экипаж — В. Волынов, А. Елисеев және Е. Хрунов болды. Космонавтар жүргізген қолмен тұйістіруден кейін А. Елисеев пен Е. Хрунов скафандрларымен В. Шаталовтың корабліне өтіп, онымен бірге Жерге қонды. Келесі күні космостан В. Волынов қайтып оралды.

1969 жылы 11 октябрьде Г. Шонин мен В. Кубасов ұшқан «Союз-6» кораблінің бортында алғашқы дәнекерлеу жүзеге асырылды. Келесі күні осы орбитаға құрамында үш адамы бар «Союз-7» кораблі ұшып шықты. А. Филипченко, В. Волков және В. Горбатко «Союз-6» кораблімен бірлесіп маневр жасау сеанстарын орындағы. Бір тәуліктен кейін топтаса ұшуға «Союз-8» кораблімен тағы да космос дуэті — В. Шаталов пен А. Елисеев қосылды. Бұл эксперименттер кезінде бортында жеті космонавт бар үш корабль бір апта бойы маневрлер жасады.

1969 жылы 14 октябрьде социалистік елдер ынтымақтастығының «Интеркосмос» программасы жүзеге асырыла бастады.

1973 жылы 16 январьда автоматты «Луна-21» станциясы Ай бетінен өздігінен жүретін аппаратты қондырды. Айда болған бес күн ішінде «Луноход-2» күрделі жағдайда 37 кило-

метр жол жүріп, Жерге Ай бетінің 86 панорамасы мен 80 мыңдан астам телевизиялық суреттерін берді.

1973 жылы 27 сентябрьде В. Лазарев пен О. Макаров басқарған «Союз-12» кораблі ұшырылды, Оның бортында СССР мен ГДР мамандары жасаған көп алымды фотоаппарат тұңғыш рет сыналды.

1973 жылы 18 декабрьде «Союз-13» кораблімен астрофизикалық тұңғыш үлкен құрал — «Орион» телескопы орбитаға шығарылды. Космонавтар П. Климуқ пен В. Лебедев бір апта бойы рентген сәулелерімен жұлдыздарды және Күнді суретке түсіруді жүзеге асырды.

1974 жылы 25 июньде автоматты «Салют-3» ғылыми станциясы орбитаға шығарылып, он күн өткеннен кейін оған «Союз-14» кораблімен құрамында П. Попович пен Ю. Артиухин бар екипаж келді.

1974 жылы 26 августа «Союз-15» кораблімен космонавтар Г. Сарафанов, Л. Демин ұшты.

1975 жылы 11 январьда орбиталық «Салют-4» станциясы ұшырылған соң екі аптадан кейін оған А. Губарев пен Г. Гречкодан құралған экспедиция келді. Бұл ұшу сапарының ұзақтығы бір айға жеткен тұңғыш советтік ұшқыш басқаратын экспедиция болды.

1975 жылы 24 майда «Салют-4» станциясына П. Климуқ пен В. Севостьянов келді. Олар ғарышта 63 күн болып, бірінші экспедиция бастаған зерттеулерді жалғастырды.

1975 жылы 15 июльде «Союз — Аполлон» программы басталды, совет және американ корабльдері түйісті. Космонавтика тарихындағы тұңғыш бірлескен ұшу сапарына екі елдің космонавтары — А. Леонов, В. Кубасов, Т. Страффорд, В. Брандт және Д. Слейтон қатысты.

1976 жылы 22 июньде орбиталық жаңа «Салют-5» станциясының бортында В. Волынов, В. Жолобов зерттеу жұмыстарын жүргізді.

1976 жылы 22 августа тұңғыш рет Ай топырағының ултасі Жерге жеткізілді.

1977 жылы 7 февральда В. Горбатко мен Ю. Глаз-

ков 16 тәуліктік ұшу сапарының барысында геофизикалық, медицина-биологиялық эксперименттерді орындады. Орбиталық станцияда тұңғыш рет космос аппаратындағы ауаны алмастыруға арналған жүйе сыйналды.

1977 жылы 29 сентябрьде жаңа буындағы «Салют-6» орбиталық ғылыми станция дүниеге келді. Ол үш жарым жылдан астам уақыт бойы ұшты. Оның бортында бірнеше халықаралық экспедициялар болды.

1977 жылы 11 декабрьде космонавтар Ю. Романенко мен Г. Гречко орбиталық станциямен түйісу торабын тексерді. Г. Гречко бұл жұмысты жаңа үлгідегі скафандрмен орындалап, 1 сағат 28 минут бойына ашық космоста болды.

1979 жылы 25 февральда «Союз-32» кораблімен «Салют-6» станциясына В. Ляхов пен В. Рюмин аттанды. 10 апрельде оларға қарай халықаралық совет-болгар экипажы ұшып шықты. Олар — СССР космонавт-ұшқышы Н. Рукавишников пен болгар космонавы Г. Иванов.

1980 жылы 9 апрельде Л. Попов пен В. Рюмин құрамындағы төртінші экспедиция «Союз-35» кораблімен орбиталық станцияға аттанды. Фарыштағы жұмыс басталғаннан кейін бір жарым айдан соң оларға В. Кубасов пен П. Фаркаш құрамындағы совет-венгр экспедициясы қосылды. Л. Попов пен В. Рюмин 1980 жылы «Интеркосмос» программының жалауымен ұшқан тағы да екі экипажды қабылдады. Олар — В. Горбатко мен вьетнамдық Фам Тuan және Ю. Романенко мен кубалық А. Тамайо Мендес.

1980 жылы 5 іюньде жаңа «Союз-Т2» транспорт кораблі ұшырылып, келесі күні «Салют-6» станциясымен түйісті. Корабльдің алғашқы сынаушылары Ю. Малышев пен В. Аксенов.

1980 жылы 11 октябрьде Леонид Попов пен Валерий Рюмин космонавтика тарихындағы 185 тәуліктік ең ұзақ ұшу сапарын аяқтап, Жерге аман-есен қайтып оралды.

1980 жылы 28 ноябрьде космосқа Л. Кизим, О. Макаров, Г. Стрекалов ұшты.

1981 жылы 12 март космос дәуірінің жиырмасыншы жылының алғашқы старты болды. В. Коваленок пен В. Савиных

«Союз-Т4» кораблімен «Салют-6» станциясында бесінші негізгі экспедицияны бастады. Виктор Савиных — ғарышқа сапар шеккен № 100 космонавт.

1981 жылы 23 марта станциямен «Союз-39» кораблі түйістірілді. Орбитада В. Жәнібеков пен Ж. Гуррагча құрамындағы совет-монгол экспедициясы келді. В. Коваленок пен В. Савиных космос вахтасын одан әрі атқарып, Жер төңірегіндегі орбитадағы ұшқыш басқаратын космос сапарлары дәуірінің жиырма жылдығын «Салют-6» станциясының бортында қарсы алды.

1982 жылы 5 марта Москва уақыты бойынша 5 сағат 53 минутта планетааралық автоматты «Венера-14» станциясының құлдилау аппараты Шолпан планетасының атмосферасына еніп, арада 63 минут өткен соң Феб облысынан шығысқа қарай координаттары оңтүстік ендіктің 13 градус 15 минуты және бойлықтың 310 градус 9 минуты болатын нүктесінде оның жоғарғы бетіне жайлап қонды. «Венера-13» станциясының құлдилау аппаратынан бір мың километр қашықтықтағы кону ауданында планетаның топырағына тікелей талдау жасалды.

1983 жылы 27 июньде Совет Одағының Батыры, СССР космонавт-ұшқышы, полковник Владимир Афанасьевич Ляхов пен борт-инженер Александр Павлович Александров құрамында экипаж басқаратын «Союз-Т9» космос кораблі ұшырылды. Ұшу сапарының программасында «Союз-Т9» кораблін орбиталық «Салют-7» — «Космос-1443» комплексімен түйістірілді.

1984 жылы 17 июльде кезекті ұшырылған «Союз-Т12» космос кораблінің құрамында СССР-дің космонавт-ұшқышы, екі мэрте Совет Одағының Батыры Светлана Савицкая екінші рет космоста болды. Бірінші рет 1982 жылы ұшты.

1984 жылы 2 октябрьде «Салют-7» — «Союз-Т11» орбиталық комплексі бортында ғылыми-техникалық зерттеулер мен эксперименттерді толық орындаған совет космонавтары Л. Кизим, В. Соловьев және О. Атьков 237 тәуліктен кейін Жерге

аман-есен қонды. Бұл — космос тарихындағы екінші ең ұзақ сапар.

1984 жылы 15 декабрьде және 21 декабрьде Совет Одағында жасалған «Шолпан — Галлей» кометасы космос жобасындағы «Вега-1» және «Вега-2» планетааралық автоматты станциялары ұшырылды.

1985 жылы 6 июньде екі мәрте Совет Одағының Батыры, СССР космонавт-ұшқышы, полковник, корабль командирі В. А. Жәнібеков пен борт-инженер, Совет Одағының Батыры В. П. Савиных басқарған «Союз-Т13» космос кораблі ұшырылды. Олар ұшу сапары кезінде орбиталық «Салют-7» ғылыми станциясымен бірлескен жұмыстар жүргізді.

1986 жылы 9 марта «Вега-4» станциясы «Галлей» кометасының ядросынан 8,2 мың километр жерден ең жақын есепті қашықтықта өтті. Сейтіп, Галлей кометасын зерттеудің көп мақсатты комплексті программасын жүзеге асырды.

1987 жылы 6 февральда «Союз-ТМ-2» космос кораблі ұшырылды, корабльдің командирі екі мәрте Совет Одағының Батыры Ю. В. Романенко мен борт-инженер А. И. Лавейкин.

1987 жылы 22 июльде «Союз-ТМ-3» космос кораблі ұшырылды. Корабльді халықаралық экипаж: корабль командирі А. Викторенко, борт-инженер А. Александров және зерттеуші-космонавт Сирия Араб Республикасының азаматы Мухаммед Фарис басқарды.

1987 жылы 29 декабрьде бортында үш космонавт бар «Союз-ТМ-3» кораблі Жерге қонды. Совет космонавтары Юрий Романенко, Александр Александров, Анатолий Левченко орбиталық «Мир» ғылыми-зерттеу комплексінде ұзақ мерзімді космостық ұшу сапарын ойдағыдай орындады. Ю. Романенко ғарышта 326 тәулік болды.

1988 жылы 26 июльде Совет Одағында «Циклон» ракета ұшырғышымен Жердің метеорологиялық спутнигі — «Метеор-3» ұшырылды.

1988 жылы 28 ноябрьде «Союз-ТМ-7» космос кораблі орбиталық «Мир» комплексімен түйісті. Владимир Титов, Муса

Манаров, Валерий Поляков, Александр Волков, Сергей Крикалев және Жан-Лу Кретьен құрамындағы халықаралық совет-француз экипажы Жер төңірегіндегі орбитада бірлескен зерттеулер жүргізді.

1988 жылы 15 ноябрьде Москва уақыты бойынша сағат 6-да Совет Одағында әмбебап ракеталық-космостық «Энергия» транспорт жүйесі мен көп дүркін пайдаланылатын «Боран» кораблі ұшырылды. 6 сағат 47 минутта орбиталық корабль есептелген орбитаға шықты. Сынау программасында орбиталық корабльдің Жер төңірегін екі рет айналып ұшу сапары және оны Байқоңыр космодромына Москва уақыты бойынша 9 сағат 25 минутта автоматты түрде қондыру көзделген.

1988 жылы 15 ноябрьде Москва уақыты бойынша 9 сағат 25 минутта орбиталық «Боран» кораблі Жер төңірегіндегі орбитамен екі рет айналып өткен ұшу сапарын орындалап Байқоңыр космодромына келіп қонды. Кону дүние жүзінде тұңғыш рет автоматты түрде жүзеге асырылды.

1988 жылы 21 декабрьде «Союз-ТМ-6» транспорт кораблімен Владимир Титов пен Муса Манаров ең ұзақ космос сапарынан оралды. Олар ғарышта 366 күн болды.

Бұгінгі күнге дейін ғарышқа 21 елдің 248 космонавты ұшса, оның 16-сы әйелдер. 72 космонавт біздің еліміздің азаматы, ал американ астронавтарының ұзын саны — 153.

1991 жылдың 2 қазаны күні туған топырақтан ғарышқа тұңғыш қазақ космонавы Кеңес Одағының Батыры Тоқтар Әубекіров самғады.

САНАУДЫҢ ДА СЫРЫ БАР

Қайсыбіріміз сандар сырына, цифrlар құпиясына терең мән бере бермейміз-ау. Миллиардтан кейінгі ірі сандардың қалай аталып, қалай жазылтындарын да толық білмей, еске түсіре алмай қиналатынмыз бар. Осыны ескере отырып, назарларыңызға аса үлкен сандардың қалай аталып, қалай жазылтындығын ұсынып отырмыз. Мәселен, миллиард былайша белгілінеді — 10^9 (онның тоғыз дәрежесі, демек, 1.000.000.000.)

1. Биллион — 10^9
2. Триллион — 10^{12}
3. Квардиллион — 10^{15}
4. Квинтиллион — 10^{18}
5. Секстиллион — 10^{21}
6. Септиллион — 10^{24}
7. Октиллион — 10^{27}
8. Нониллион — 10^{30}
9. Дециллион — 10^{33}
10. Андециллион — 10^{36}
11. Дубдециллион — 10^{39}
12. Тредециллион — 10^{42}
13. Кваттордециллион — 10^{45}
14. Квиндециллион — 10^{48}
15. Сексдециллион — 10^{51}
16. Септендециллион — 10^{54}
17. Октодециллион — 10^{57}
18. Новемдециллион — 10^{60}
19. Вигинтиллион — 10^{63}

КОМСОМОЛ СЪЕЗДЕРИ

1918 жылдың 29 октябрінде жұмысшы және шаруа жастар одағының Бүкілодақтық I съезі Россия Коммунистік Жастар Одағының құрылғанын жариялады.

Қазақстандағы бірінші комсомол ұйымы Орда поселкесінде 1918 жылдың ноябрінде құрылды. Орынборда 1921 жылы 7—13 июль аралығында өткен РКСМ-ның Бірінші Бүкілқазақстандық (Бүкілқазақстандық) съезі республикалық комсомол ұйымының ұйымдастыру шараларын аяқтады.

Теменде біз комсомол съездерінің қай жылдары өткенін ретімен жарияладап отырмыз.

- I съезд — 29 XI—4 XII 1918 ж.
- II съезд — 5—8.X.1919 ж.
- III съезд — 2—10.X 1920 ж.
- IV съезд — 21—28.IX 1921 ж.
- V съезд — 11—19. X 1922 ж.
- VI съезд — 12—18. VII. 1924 ж.
- VII съезд — 11—22. III. 1926 ж.
- VIII съезд — 5—16. V. 1928 ж.
- IX съезд — 16—26. I. 1931 ж.
- X съезд — 11—21. IV. 1936 ж.
- XI съезд — 29. III.—7. IV. 1949 ж.

XII съезд — 19—27. III. 1954 ж.

XIII съезд — 15—18. IV. 1958 ж.

XIV съезд — 16—20. IV. 1962 ж.

XV съезд — 17—21. V. 1966 ж.

XVI съезд — 26—30. V. 1970 ж.

XVII съезд — 23—27. IV. 1974 ж.

XVIII съезд — 25—28. IV. 1978 ж.

XIX съезд — 18—21. V. 1982 ж.

XX съезд — 15—18. IV. 1987 ж.

1991 ж 27—28. IX. болған XXII

съезд комсомолдың өмір сүруін тоқтатты.

НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ!

«Менің соңымда қалған бар байлық былайша бөлінсін: капиталдың бәрі ақшага айналдырылып, қор жасалынын да, оның проценттері жыл сайын адамзатқа елеулі пайда тиғізген жандарға сыйлық түрінде беріліп тұратын болсын. Көрсетілген проценттер бірдей бес бөлікке бөлініп: бірінші белігі — физика саласында ең маңызды жаңалықты ашқандарға, екіншісі — химия саласында ірі зерттеу немесе жетілдіру жасағандарға, үшіншісі — физиология мен медицина саласында зор табыстарға жеткендерге, төртіншісі — адамзат мұраттарын бейнелейтін ең елеулі әдеби шығармалар сомдағандарға, бесіншісі — халықтарды біріктіруге, езушілікті жоюға, армиялар санын қысқарту мен бейбітшілік келісімдерін жасауға үлкен үлес қосқандарға берілетін болсын. Физика мен химия салаларындағы сыйлықтарды Шведтің корольдық ғылым академиясы, физиология мен медицина бойынша — Стокгольмдегі Швед академиясы, бейбітшілік сыйлығын — Норвегия парламенті сайлайтын бес адамнан тұратын комитет беруге тиіс. Менің айрықша тілейтінім, сыйлықтарды беруде кандидаттың үлтты мен нәсіліне назар аударылмай, оны нағыз лайықтылар алса екен...

Альфред Бернхард НОБЕЛЬ.
Париж, 27 ноябрь 1895 жыл».

Бұл өситетті қалдырған белгілі швед ғалымы әрі іірі көсіпкері А. Нобель 1833 жылы Стокгольм қаласында туған. Эр жылдары Россияда, АҚШ-та, Францияда өмір сүріп, 1896 жылы Италияның Сан-Ремо қаласында дүние салды. Өзі ашқан бірқатар ғылыми жаңалықтар (арасында динамитті ойлап табуда бар) оны әлемдегі ең бай адамдардың қатарына шығарды. Қайтыс болардан бір жыл бұрын ол өз капиталын 33 миллион швед кронымен есептелеңін сыйлық қорына айналдыру жөніндегі осы өситетін қалдырды.

1901 жылы Альфред Нобельдің қайтыс болғанына бес жыл толған кезде алғашқы лауреаттардың есімдері аталды. Содан бері әр жыл сайын Нобель қайтыс болған 10 декабрь күні лауреаттарды наградтау салтанаты өтіп, оларға алтын ескерткіш медаль, диплом және ақшалай чек беріліп тұрады. Сыйлық мөлшері өзгермелі, бірақ ол жыл сайын өсіп келеді. Мәселен, 1984 жылы лауреаттардың әрқайсысы, 1,6 миллион швед кронын алса, 1988 жылғы лауреаттар, 2,5 миллион крон сыйлықтан (415 мың АҚШ доллары) алды.

1901 жылдан 1987 жылға дейін сыйлық алғандардың саны әр сала бойынша мынадай: физика — 126, химия — 103, медицина — 138, әдебиет — 84, бейбітшілікті нығайту жолындағы күрес үшін — 89, экономика саласындағы сыйлық (оны швед банкі 1968 жылдан бері береді) — 25. Совет Одағының өкілдері — 16 рет лауреат атанды. Олардың жетеуі — физика, біреуі — химия, екеуі — медицина, үшеуі — әдебиет, үшеуі — экономика саласы бойынша.

А. Нобель қалдырған жоғарыдағы өситетте бүкіл әлем ғалымдарының ұлты мен нәсіліне қарамастан әділетті баға беру жөнінде айтылса да, ол іс жүзінде толық сақталып жүрген жоқ. 90 жылға жуық уақыт бойы сыйлық алғандардың дені АҚШ пән Батыс Европа ғалымдары болып келеді.

Октябрь революциясына дейін бұл сыйлыққа орыстың екі ғалымы И. П. Павлов (1904 ж.) пен И. И. Мечников (1908 ж.) қана ие болды.

Сыйлық 1956 жылға дейін совет ғалымдарына тіпті берілмей де келді. Химиядан Н. Н. Семенов (1956), физикадан

П.-А. Черенков, И. М. Франк пен И. Е. Тамм (1958), Л. Д. Ландau (1962), Н. Г. Басов пен А. М. Прохоров (1964), П. Л. Капица (1978), экономикадан Л. В. Канторович 1975 жылды Нобель сыйлығын алды.

Әдебиет саласында Нобель сыйлығына ие болғандардың қатарында Герман Гессе, Эрнест Хемингуэй, Уильям Фолькнер, Альберт Камю, Джон Стейнбек, Пабло Неруда, Габриэль Гарсиа Маркес сияқты ұлы есімдер бар. Осы жазушылар арасынан Нобель сыйлығын И. Бунин (1933), Б. Пастернак (1958), М. Шолохов (1965) А. Солженицын (1970) және АҚШ-та тұратын орыс ақыны И. Бродский (1987) алды.

Ал 1988 жылды Швед академиясы өйгілі сыйлықты кайрлік бір семьяның 1917 жылдан 1944 жылға дейінгі ғұмыры туралы трилогия жазған египеттік жазушы Наджіб Мафузға берді. Ол Нобель сыйлығының бүкіл тарихындағы әдебиет саласында лауреат атанып отырған тұңғыш араб тілді жазушы.

Өткен 1990 жылды бейбітшілік жолындағы зор еңбегі үшін Нобель сыйлығына ССРО Президенті М. С. Горбачев ие болды.

«ӘЛЕМНІҢ ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ»

Біздің заманымыздан VIII ғасыр бұрын бір көне дүние ғұламасы әрі өнер білгірі әлемнің ең ғажайып кереметтерінің тізімін жасапты.

Бұл ретте, оның пікірі бойынша, кереметтер тек Ұлы Ескендір (Александр) империясының аумағында ғана орналасқанын байқау лазыл. Олардың мөлшері де сол дәуірдің өзінде-ақ қасиетті мәнге ие болған жеті санымен анықталды. Барлық ғажайыптар қолдан жасалған еді. Бесеуі өте-мәте алыс замандарда тұрғызылды, тіпті сол III ғасырдың өзінде олар көне болып есептелді. Сонымен атақты ғұлама өз тізіміне төмендегі ғажайып кереметтерді қосқан:

Мысыр (Египет) пирамидалары, Бабылдагы (Вавилон) аспалы Семирамида бақтарын, атақты Фидий сомдаған Олимпиядагы Зевс мүсіні, Родос аралындағы алып ескерткіш, Александрия

маяғы, Эфестегі Артемида храмы, Галикарнастасы мавзолей.

Сонау эллин дәуірінде және одан соң Рим империясы Жерорта теңізін біріктіріп, оны тарау-тарау жолдармен қосып, су қатынасымен жалғастырғаннан кейін, жеті керемет жиһан кезген жүртты ерекше ынтықтыратын шын мәнісінде ғажайыптарға айналды. Ғажайыптардың барлығы бірдей бүгінгі кезге жетпегені аян. Біздің заманымыздың дейін аман жеткені әлемнің бірінші кереметі — пирамидалар. Құпия пирамидалар Мысыр еліне сонау Геродот заманынан адамдарды үйіре тартты. Александрияға жақындай бере ежелгі жиһанкездер әлемнің екінші кереметін Фарос аралындағы алып мұнара — Александрия маяғын көре алатын еді. Ол маяк түн мезгілінде ерекше көрінетін. Қап-қараңғы биік аспан астында зор от ла-лылдал тұрар еді — ол маяктың үстіндегі алаңында жанып жататын қара майға малынған қара ағаштар алауы болатын.

Ал Вавилония таңғажайыптары — көк тіреген сарайлар, аспалы бақтар, суландыру құрылыштары, мың құбылмалы керамикасы кімді болсын қызықтыратын еді. Бұл шаһар біздің заманымыздан бұрынғы 275 жылы Ұлы Ескендір қолбасшыларының бірі империяның осы бөлігін басқаруға ауысып, астананы басқа жерден тұрғызуға шешім қабылдағаннан кейін Бабыл кереметтерінің маңызы мұлдем құлдырап кеткені аян.

Олимпия және бүкіл Эллададағы ең қастерлі өнер туындысы Зевс мұсіні еді. Биіктігі 13 метрлік мұсінге піл сүйегі сіңіріліп, алтынмен апталған, асыл тастармен әшекейленіп, суреттермен безендіріліп қара ағаштан жасалып, қолдан құйылған тақ үстінде отырған Зевс мұсіні таңдай қақтыраяларлық еді. Ғажайып мұсін үлкен өрт кезінде жанып кетті. Оның бейнесі біздің заманымыздың көне грек теңгелері арқылы ғана жетті.

Кіші Азия жағалауындағы тамаша Артемида храмы да өрт құрбанына айналып кеткендігі белгілі. Храм жүрнақтарын бұл күнде Лондондағы Британ музейінен ғана көруге болады.

Сол музейде Галикарнас мавзолейінің жұқана ғана қалдықтары — амазонкалықтармен шайқасты бейнелейтін үй жиегіне салынатын нақыш бедерлер де тұр.

Мавзолей немесе Мавсол патшаның қабірін, оның жесірі Артемизия тұрғызған еді. Сансыз колонналармен, тамаша мұсіндермен бөзендірілген мәрмәр мавзолей Элладада өлемдегі ең сәулетті қабір ретіндегі атақта иеленіп, оның атауы дүниенің көптеген елдерінің тіліне енді.

Арада екі ғасырдай уақыт өтті. Кезінде көп қорлық көрген родостықтар да қуаттанған еді. Енді олар да өздерін өлемге өйгілейтін ғажайып өнер туындысын сомдауды мақсат етіп, алып ескерткіш жасайды. Әлемнің және бір кереметі саналған осы Родос аралындағы зәулім мұсін мәңгі тұрмай, қирап қалады.

...Әйгілі тізім жасалғалы бері талай ғасыр өтті. Қоңғырау жасаған «Әлемнің жеті кереметі» туралы ешкім дау айтқан жоқ. Ал қазіргі дау — оқта-текте тек «әлемнің сегізінші кереметі» төңірегіндегі әр қылыш әңгіме...

* * *

ЕСКЕРТУ:

Осы кітап теріліп жатқанда республикамызда, елімізде, тіпті, бүкіл дүние жүзінде ерекше өзгерістер (мемлекет, облыс, аудан, қалалардың жаңа атаулары, т. б) болды.

Бұгінгі таңда, сондай-ақ, тілімізге де ерекше мән берілуде. Бегде тілдерден, өсіресе орыс тілінен енген сөздердің ана тіліндегі аудармасы беріліп, ай аттары, терминдер мен т. б. байырғы қазақша атаулары қалпына келтірілуде. Бірақ біз бұл өзгерістердің кітап мазмұнына айтарлықтай нұқсан келтірмейтіндігін ескере отырып, көп түзету енгізбедік.

МАЗМҰНЫ

| | |
|-------------------------|------------|
| СӨЗЖҰМБАҚ СЫРЫ | 3 |
| Бірінші бөлім | |
| КРОССВОРДТАР | 15 |
| Екінші бөлім | |
| ЧАЙНВОРДТАР | 111 |
| Үшінші бөлім | |
| КРИПТОГРАММАЛАР | 181 |
| Төртінші бөлім | |
| АНАГРАММАЛАР | 227 |
| Бесінші бөлім | |
| ПИКТОГРАММАЛАР | 281 |
| Алтыншы бөлім | |
| ЦИФРОГРАММАЛАР | 301 |
| Жетінші бөлім | |
| ШРИФТОГРАММАЛАР | 325 |
| Сегізінші бөлім | |
| СТРЕЛКОГРАММАЛАР | 345 |

| | |
|--|------------|
| Тоғызыншы бөлім | |
| ЛАБИРИНТТЕР | 363 |
| Оныншы бөлім | |
| ШАРАДАЛАР МЕН МЕТАГРАММАЛАР . . . | 381 |
| Он бірінші бөлім | |
| РЕБУСТАР | 395 |
| Он екінші бөлім | |
| ОЙ-ЖҰМБАҚТАР | 415 |
| Он үшінші бөлім | |
| ВИКТОРИНАЛАР | 445 |
| Он төртінші бөлім | |
| БІЛГЕНГЕ — МАРЖАН | 477 |

Жанат Елшибеков

МИР ДЛЯ ЛЮБОЗНАТЕЛЬНЫХ
(на казахском языке)

ИБ № 700

Редактор А. Турлубаева
Художник Р. Камышев
Худ. редактор Ж. Болатаев
Техн. редактор Г. Сабитова
Корректор К. Аймакина

Теруге 4.10.90 жіберілді. 24.09.91 басуға қол қойылды.
Форматы 70×108^{1/32}. Қаріп түрі «Журналдық тік
қиыңтық». Қағазы типографиялық. Шартты 22,4 баспа
жабақ. Есепті 17,64 баспа табақ. Тиражы 25 000 дана.
Заказ № 14 Багасы 6 сом.

Қазақ ССР Баспасөз жөне бұқаралық ақпарат ми-
нистрлігінің «Өнер» баспасы, 480124, Алматы қа-
ласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспасөз жөне бұқаралық ақпарат ми-
нистрлігінің Полиграфия комбинаты, 480002, Ал-
маты қаласы, Мұқабали Мақатаев көшесі, 41-үй.

6 с.

